



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ



«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН»
ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ

ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

Түркістан – 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ**

**МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ**

Түркістан 2025

ӘОЖ 069 (574)
КБЖ 79.1 (5 Каз)
М 90

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған
(Хаттама №7 21 қараша, 2025 жыл)

Жауапты редакторлар:

Н. Дуқенбаев – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының м.а., тарих магистрі

М. Тастанбеков – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Рецензенттер:

Т. Картаева – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Г. Файзулина – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, музейтанушы

Автор-құрастырушы: Байболов Б., Арынова Д., Шаметов С., Үркінбаева А., Орынбекова Ә., Атабаева Г., Тұрсынов А., Қонысбеков С., Салибекова А., Құрманбай Д.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ: оқу-әдістемелік құралы. – Түркістан, «Нұрлы Әлем», 2025. – 128 б.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал музей педагогикасының мазмұны, оның ерекшеліктері, музейде білім алушылармен жүргізілетін жұмыстарын таныстырып, мектеп және музейдің өзара әрекеттесуін арттыру мақсатында әзірленді.

Басылымда музей педагогикасы әдістерінің анықтамасы, халықаралық тәжірибені саралау, музейлік-педагогикалық тәжірибе негізінде жүзеге асырылған «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының жобалары туралы материалдар ұсынылған.

Оқу-әдістемелік құрал музей саласы мамандарына, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге, мұғалімдерге және жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 069 (574)
КБЖ 79.1 (5 Каз)

@ Байболов Б., Арынова Д., Шаметов С., Үркінбаева А.,
Орынбекова Ә., Атабаева Г., Тұрсынов А.,
Қонысбеков С., Салибекова А., Құрманбай Д.
@ «Нұрлы Әлем» ЖШС, 2025

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	
Музей педагогикасы: құрылымдық бөлімнен ғылыми пәнге дейін.....	
Музей педагогикасының анықтамалары, бағыттары, әдістері және іс-әрекет формалары.....	
Музей коммуникациясы: теориялық және практикалық аспектілері.....	
Шетел музей педагогикасы: АҚШ және Германия.....	
Музейдегі үйірме мен жазғы лагерь жұмыстары.....	
Музейдегі тарих сабағы («Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының ұсынымдары).....	
Қосымша.....	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру жүйесінде музейдің әлеуеті зор. Осы тұрғыда музейлер мен мектептер арасында өзара тиімді ынтымақтастық қалыптасқан. Музейлер балаларға қызықты әрі танымдық сабақтар ұсынып, шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған үйірмелер мен клубтар ұйымдастырады.

Қазіргі кезеңде музей педагогикасы музейдің қор сақтау бөлімі, экспозиция бөлімі сынды музейдің өзіндік құрылымдық бөлшегі болып табылады. Себебі сол арқылы музейдің мәдени-ағартушылық қызметі жүзеге асырылады.

Музей педагогикасы – музейтану, педагогика және психология тоғысында қалыптасқан, музейді білім беру кеңістігі ретінде зерттейтін ғылыми пән. Ол сонымен бірге музейде педагогикалық үдеріс арқылы мәдени білімді жеткізуге бағдарланған ғылыми-тәжірибелік қызметтің бір түрі болып табылады.

Музей педагогикасы музей тарихын, мәдени және білім беру қызметінің ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік топтармен жұмыс жүргізу әдістемесін, сондай-ақ музейлердің білім беру ұйымдарымен өзара байланысын зерттеу нысанына алады.

Музей тарихи-мәдени мұраны сақтаумен қатар, қоғамның, соның ішінде өскелең ұрпақтың рухани дамуында маңызды рөл атқарады. Елдің өркендеуі, қауіпсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы ең алдымен білім саласына тәуелді. Осыған орай, музей мамандары педагогикалық әдіс-тәсілдерді музей жәдігерлерімен ұштастыра отырып, әртүрлі аудиторияға арналған тақырыптық дәрістер, сабақтар, семинарлар, кездесулер, тренингтер және өзге де шараларды ұйымдастырады. Мұндай қызмет музейдің білім беру бағытын айқындайды.

Музейдің білім беру қызметі отандық музей саласына «музей педагогикасы» ұғымын енгізді. Бүгінгі таңда музей педагогикасы республикамыздағы көптеген музейлердің негізгі қызмет бағыттарының біріне айналды.

Музейдің құрылымдық бағыты ретінде қалыптасқан музей педагогикасы музейтанушылардың ғылыми негіздемелері мен зерттеулері және халықаралық тәжірибелердің ықпалымен дербес ғылыми пән дәрежесіне көтерілді.

Көпжылдық тарихы бар «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында мәдени-ағартушылық бағыттағы жұмыстардың өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Олар дәрістер, сабақтар, үйірмелер, клубтар, кездесулер, байқаулар және өзге де іс-шаралар түрінде жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттың өзектілігіне байланысты 2025 жылы музей-қорықта «Музей педагогикасы» бөлімі құрылды.

Жоғарыда көрсетілген тәжірибе мен ғылыми ізденістер негізінде осы әдістемелік құрал әзірленді. Мұндағы ұсынылған авторлардың материалдары

музейлік мерзімді ғылыми басылымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми журналдар мен конференцияларда жарияланып, ғылыми ортада апробациядан өткен.

Әдістемелік құралдың бірінші бөлімінде музей педагогикасының қалыптасу үдерісі қарастырылып, зерттеушілердің «музей педагогикасы» ұғымына берген анықтамалары, оның ғылым ретінде орнығуы, музейлік педагогикалық бағ

дарламалар мен сабақтардың үлгілері, балалармен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістері талданады.

Екінші бөлімде музей педагогикасының бағыттары мен әдістері түсіндіріліп, олардың шығу тарихы мен маңызы нақты мысалдар негізінде зерделенеді.

Үшінші бөлімде музей коммуникациясының теориялық және практикалық қырлары қамтылған. Мұнда әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген музейшілік қарым-қатынас технологиялары талданып, музей педагогикасы, музей психологиясы, музей социологиясы сынды ұғымдармен байланысты бұрынғы теориялық және практикалық тұжырымдар сараланады.

Төртінші бөлімде халықаралық музей педагогикасының дамуына ықпал еткен АҚШ пен Германия музейлерінің тәжірибесі ұсынылады. Бұл бөлім М. Юхневичтің жетекшілігімен әзірленген «Музейная педагогика за рубежом. Работа музеев с детской аудиторией» атты жинақ негізінде дайындалған.

Бесінші және алтыншы бөлімдерде «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы базасында жүзеге асырылған «Жас экскурсовод», «Жас археолог», «Жас реставратор» үйірмелері, «Мұрагер» жазғы музей лагері мен «Музейдегі тарих сабағы» жобасының мақсаты, міндеттері, мазмұны және тәжірибесі баяндалады.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМНЕН ҒЫЛЫМИ ПӘНГЕ ДЕЙІН

Музей – түрлі тарихи кезеңдердің тоғысқан кеңістігі, ол тарихи-мәдени құндылықтарды жинақтаушы әрі сақтаушы ғана емес, сондай-ақ уақыт пен ұрпақтар арасындағы рухани дәнекер болып табылады. Ұлттық мұра мен дәстүрді ұлықтау негізінде гуманистік құндылықтарды қалыптастыру және қоғамның рухани дүниетанымын нығайту үдерісінде музейдің қызметі айрықша мәнге ие.

Қазіргі заманғы музейтану ғылымында музей ерекше білім беру ортасы ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, музейдің мәдени-ағартушылық қызметі экскурсия мен академиялық дәрістер аясымен шектелмейді. XX ғасырдың басынан бастап шетел музейлерінде балаларды музей кеңістігіне бейімдеу ісі жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Мұндай тәжірибе музейді оқушылардың қоршаған орта жөніндегі түсініктерін кеңейту, қажет ақпаратты іздеп табу, талдау және практикалық қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде танытады. Бұл мақсатқа жетуде педагогика, психология және музейтану ғылымдарының теориялық қағидаттары мен әдістемелік тәсілдері кешенді түрде пайдаланылады. Осы негізде музей педагогикасы дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасты.

Бүгінде музей педагогикасы музейдің құрылымдық жүйесіндегі дербес салалардың біріне айналып отыр. Ол қор сақтау және экспозиция секілді дәстүрлі бөлімдермен қатар, музейдің мәдени-ағартушылық қызметін жүзеге асыратын негізгі құрылымдық бөлшек ретінде қызмет етеді. Музей педагогикасының ғылыми пән ретінде орнығуы музейтанушылардың теориялық тұжырымдары мен зерттеулеріне, сондай-ақ халықаралық тәжірибенің қорытындыларына негізделеді.

Ғылыми әдебиетте музей педагогикасына әртүрлі анықтамалар берілген. Жалпы тұрғыда, музей педагогикасы – музейтану, педагогика және психология аясында музейді білім беру кеңістігі ретінде қарастыратын ғылыми пән. Сонымен қатар ол музейлік ортада жүзеге асатын педагогикалық үдеріс арқылы мәдени (көркемдік) білімді жеткізуді көздейтін ғылыми-практикалық қызмет саласы болып табылады. Музей педагогикасының зерттеу нысанына музей тарихы, оның мәдени-ағартушылық және білім беру қызметінің ерекшеліктері, әртүрлі әлеуметтік топтарға жататын келушілермен жұмыс жүргізудің әдістері, сондай-ақ музей мен білім беру мекемелерінің өзара байланысы жатады [Шулепова, 2005: 352–354].

Ресейлік зерттеушілер А.Н. Морозова мен О.В. Мельникова музей педагогикасын музейтану, өнертану, тарих және өлкетану ғылымдарымен байланыстыра отырып қарастырады [Морозова, 2006: 5]. Ал музей педагогы Б.А. Столяров мынадай анықтама береді: «Музей педагогикасы – музейлік ортадағы педагогикалық үдеріс арқылы пәнаралық көзқарастың мәдени

тәжірибесін жеткізетін заманауи музейдің ғылыми-практикалық қызмет саласы» [Столяров, 2004: 46].

Атақты музей педагогы М.Ю. Юхневич музей педагогикасын «музейді білім беру жүйесі ретінде қарастыратын, музейтану, педагогика және психологияның түйісу аймағындағы ғылыми пән» деп анықтайды [Юхневич, 2001: 8].

Зерттеушілер «музей педагогикасы» мен «музейдің мәдени-ағартушылық қызметі» ұғымдарын ажыратады. Біріншісі – ғылыми пәнді, екіншісі – музей тәжірибесінің дәстүрлі бағытын білдіреді [Шулєпова, 2005: 305]. Бұл екі қыры – теория мен практика – тарихи білім берудің эволюциясына ықпал етіп, гуманитарлық ғылымдар, педагогика және музей ісіндегі өзгерістерді бейнелейді. Өмір бойы білім алу идеясы, жеке әлеуметтену, музейлік коммуникация және келушілермен диалог орнату музей кеңістігін «бөтен» емес, «өзінікі» ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда келуші сұрақтар қойып, пікір білдіріп, талқылауға қатысады. Демек, музей педагогикасы музейдің мәдени-ағартушылық кеңістігінде мектеп оқушыларының іс-әрекетінің заманауи педагогикалық формаларын дамытуға бағдарланған.

О.Е. Шейниннің пікірінше, «музей педагогикасы тәжірибені қорытып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа әдістер мен музейлік педагогикалық бағдарламаларды жасайды» [Шейнина, 2009: 182].

Ғалымдардың пайымдауынша, XVIII–XIX ғасырларда музей ғылым мен мәдениетті насихаттаушы орталық ретінде қалыптасты. Өйткені музей қорларын зерттеу жекелеген ғылым салаларының дамуына серпін берді. Осы кезеңде музейдің бүгінгі күні де өзекті құрылымдық бағыты – әлеуметтік және ағартушылық қызметі айқындалды. Сондықтан музейдің бұл қызметін білім беру мен зерттеушілік қызметтің тоғысқан нысаны ретінде қарастыруға негіз бар.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап музей қызметінің мазмұнына қатысты көзқарастар өзгере бастады. Егер бұрын музейдің міндеті тарихи және көркемдік құндылығы бар заттарды жинақтау мен сақтау болып келсе, енді оған жаңа әлеуметтік-мағрифаттық функциялар жүктелді. Бұл үрдіс 1852 жылы Лондонда құрылған қазіргі Виктория мен Альберт музейінің қызметінде көрініс тапты. Аталған музейдің басты міндеттері мыналар деп белгіленді:

- көркем өнерді қоғамның барлық әлеуметтік топтары арасында кеңінен насихаттау;
- халықтың көркем өнерге қатысты білім деңгейін арттыру;
- индустриалдық өнеркәсіп өнімдерінің сапасын жетілдіру [Столяров, 2004: 18–21].

Болашақ Виктория мен Альберт музейінің негізгі мақсаты – қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар арқылы қоғамның тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал ету болды. Осыған байланысты өнеркәсіптік және сәндік-қолданбалы өнер үлгілерінен құралған экспонаттар жинағы халықтың кәсіби білімін

жетілдіруге қызмет етті. 1880-жылдары музейде білім алушыларға ғылыми-техникалық және шығармашылық тәрбие беру мақсатында мектеп мұғалімдерімен жұмыс істейтін арнайы бөлім құрылды. Нәтижесінде музей алғашқылардың бірі болып қоғамның кең тобына ықпал етуді көздеп, музей мен мектеп қызметін ұштастырды [Столяров, 2004: 18–21].

Аталған қызмет білім алушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етті. Бұл өз кезегінде музейдің жүйелі білім беру қызметінің негізін қалыптастырып, музей саясатына ұзақ мерзімді әсер етті. Осылайша Виктория мен Альберт музейінің бағыты музей педагогикасының құрылымдық сала ретінде орнығуына алғышарт жасады. Осыған орай ғалым Б. Столяров Ұлыбританияны музейдің білім беру қызметін қалыптастырған алғашқы мемлекет ретінде сипаттап, Виктория мен Альберт музейін музей мен білім беру мекемелері арасындағы байланысты орнатқан тұңғыш бастамашы деп бағалайды. Аталған музейде халықаралық тәжірибеде алғаш рет орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс жүргізу арқылы музейдің білім беру және тәрбие үдерісіндегі ықпалы кеңейтілді [Столяров, 2004: 22].

Виктория мен Альберт музейінің тәжірибесі АҚШ-тың бірқатар музейлері үшін үлгі болды. Бостон өнер музейінде «музей педагогы» лауазымы енгізіліп [Муналбаева, 2012: 78], Детройт өнер музейінде бейнелеу өнері, археология, әдебиет және басқа да ғылым салалары бойынша ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, мұнда түрлі салалық қауымдастықтар мен үйірмелер ұйымдастырылып, музей ісінің білім беру бағытының дамуына жағдай жасалды [Муналбаева, 2012: 78].

Музейтанушы ғалымдар қоғамның білімін жетілдіріп, оны тұрмыста қолдануды мақсат тұтқан Метрополитен музейінің тәжірибесін де айрықша атап өтеді. Музейдің білім беру қызметінің қалыптасу кезеңінде бұл мекеме алғашқылардың бірі болып келушілермен әртүрлі форматтағы жұмыстар жүргізді. Мәселен, халық арасында музейге бару мәдениетін қалыптастыру мақсатында дәрістер мен концерттер ұйымдастырды, экспозиция залдарын тегін тамашалауға мүмкіндік берді, сондай-ақ музей бағыты бойынша қоғамдық көлікте тегін жүру тәжірибесін енгізді [Муналбаева, 2012: 80].

Сонымен қатар музей ісінің теорияшысы Д. Гудд Метрополитен музейінде жәдігерлерді білім беру процесіне пайдаланудың жаңа идеясын жүзеге асырды. Оның тұжырымдамасына сәйкес, экспонаттар мен коллекциялар музейдің ағартушылық қызметінің өзегін құрайды. Осыған байланысты ол келушілерге дәрістер ұйымдастыруды және ақпараттық материалдармен, атап айтқанда жолкөрсеткіштермен қамтамасыз етуді ұсынды. Бұл ұсыныс алғаш рет 1906 жылы Метрополитен музейінің жолкөрсеткіш басып шығаруынан көрініс тапты. Сонымен қатар демалыс күндері тұрақты түрде дәрістер өткізілді. Білім беру мәселелеріне арналған арнайы «Метрополитен бюллетені» жарық көріп, онда оқу бағдарламаларын әзірлеу мәселелері талқыланды. Музейдің ағартушылық қызметінің негізгі аудиториясы білім алушылар болды [Егізбаева, Жұматаев, 2012: 45].

АҚШ музейлері келушілермен жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған қызмет көрсету бағдарламаларын әзірледі. Бұл бағдарламалар келесі бағыттарды қамтыды:

- көпшілікті мәдени-танымдық іс-шаралар арқылы сергіту;
- келушілердің білімін толықтыру;
- ізденушілерге ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету;
- балаларды музей ісіне тарту.

Музейлер заманауи инфрақұрылыммен жабдықталып, келушілердің экспозициялармен еркін танысуына мүмкіндік жасалды. Американдық музейтанушы А. Паркердің пайымдауынша, әлеуметтік институт ретіндегі музей демалыс орны ретінде де қабылдануы тиіс [Столяров, 2004: 38–40].

АҚШ-тың музей педагогикасында музейлік сабақ пен мектептегі оқытудың айырмашылықтары айқындалды. Бұл орайда оқушы музейлік сабақ тақырыбын алдын ала мектепте өтуі қажет деп есептелді. Музей мамандары мектеп әдістемесін музей жағдайында қолданудан бас тартуды ұсынды. Себебі музей қызметкерінің рөлі мұғалімнің қызметінен өзгеше: ол тек білім алушыны экспонатпен немесе экспозициямен байланыстырушы тұлға болып табылады. Баланың ой қорытуы мен тұжырым жасауы еркін түрде жүзеге асуы қажет [Егізбаева, Жұматаев, 2012: 50-58].

Музей педагогикасының дамуына елеулі үлес қосқан мемлекеттердің бірі – Германия. Бұл бағытта Гамбург кунстхаллесінің директоры А. Лихтварктың еңбегі ерекше. Ол қолөнерші педагог әрі сан қырлы тұлға ретінде музей қызметін түрлендіруге назар аударды. Оның бастамасымен кәсіби шеберлердің жетекшілігімен үйірмелер мен қауымдастықтар құрылып, балалар шығармашылығына арналған көрмелер ұйымдастырылды, жас суретшілерге қолдау көрсетілді. А. Лихтварк балалармен жұмысқа айрықша мән берді. Оның пікірінше, бала экспозицияны қабылдау барысында өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенуі тиіс. Бұл жағдайда баланың танымы тек кәсіби сарапшылар ұсынған ақпаратпен шектелмей, оның жеке түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі [Столяров, 2004: 45–48].

А. Лихтварк экскурсияны «диалог» түрінде жүргізуді ұсынды. Мұндай тәсіл қатысушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді қатысушыға айналдырады. «Музейлік диалогтар» ұғымын енгізу арқылы ол музей педагогикасының жаңа әдісін қалыптастырды. Бұл әдістің мақсаты – белгілі бір суретшінің шығармашылық ойларын түсіну арқылы өнер туындыларын қабылдау қабілетін дамыту [Юхневич, 1997: 45-48].

XX ғасырдың басында Германия музейлерінің білім беру саласындағы тәжірибесі негізінде Г. Кершенштайнердің *«Білім берудің теориясы»* атты еңбегі жарық көрді. Автор мұнда музей экспозициясын педагогикалық қағидаларға сәйкес құру қажеттігін негіздеп, оны жүзеге асырудың жолдарын ұсынды.

Г. Кершенштайнердің пікірінше, музейдің педагогикалық қағидалары төмендегідей болуы тиіс:

1. Музей педагогикасының әдістері білім беру талаптарына және білім алушының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес айқындалуы қажет;
2. Музейдегі педагогикалық үдеріс мектептің оқу бағдарламасына сәйкес құрылып, экспозиция немесе экспонатты қолдану арқылы ерекшеленуі тиіс. Бұл қатысушыға технологиялық жетістіктерді немесе көркем туындыларды тікелей көруге мүмкіндік береді.

1920–1930 жылдары музей мен мектептің өзара байланысы Германияның әлеуметтік-мәдени саясатының өзекті мәселесіне айналды. Бұл мәселені шешу тәжірибелі педагогтер Л. Паллат, Д. Рихтер және Г. Фройденталь қатысқан Берлиндегі Білім беру және тәрбие ісі жөніндегі орталық институтқа жүктелді. Олардың бастамасымен музейлерде педагогикалық бөлімдер құрылып, «музей-педагог» лауазымы енгізілді. Осы кезеңде Г. Кленкенің «Музей және мектеп» атты әдістемелік құралы жарық көрді. Онда Берлин музейлерінің сипаттамасы беріліп, олардың коллекцияларын тарих пәнін оқытуда қолданудың әдістемесі ұсынылды.

Музей педагогикасындағы маңызды мәселелердің бірі Г. Фройдентальдің «Музей – Білім беру – Мектеп» еңбегінде қарастырылды. Автордың пайымдауынша, бірлескен жұмысты жоспарламас бұрын музей мен мектептің ерекшеліктерін ажыратып, олардың мүмкіндіктерінің шекарасын нақты белгілеу қажет.

Г. Фройденталь музей сабақтарының тиімді өтуін мынадай талаптармен байланыстырды:

- музейлік сабақтың немесе оқушылардың музейге баруының нақты мақсаты болуы тиіс;
- мұғалім мен оқушы музейге келуді көңіл көтеру емес, жауапты жұмыс ретінде қабылдап, алдын ала дайындалуы қажет;
- оқушылар экспозициялық материалды қабылдауға дайын болуы шарт;
- мектеп оқушыларына шолу экскурсияларын өткізуге болмайды;
- экспозиция баланың жас ерекшелігіне сәйкес дайындалуы тиіс;
- музейді тамашалау оқушының жеке шығармашылығымен (сурет, өлең, мүсін және т.б.) қорытындылануы қажет [Юхневич, 1997: 51-55].

А. Лихтварктың тәжірибесін дамыта отырып, Г. Фройденталь музей сабақтарының үш кезеңнен тұратын педагогикалық әдістемесін қалыптастырды: дайындық, сабақ барысы және қайталау. Оның пікірінше, музей-педагог оқушыларға арнайы сабақ беретін маман ретінде айқындалуы тиіс. 1931 жылы Г. Фройденталь алғаш рет «музей педагогикасы» ұғымын музей қызметінің дербес бағыты ретінде қолданды.

Жалпы, музей педагогикасының қалыптасу кезеңінде оның негізгі мазмұндық ұстанымы келушілердің музей кеңістігімен еркін танысып, оны жеке тәжірибесіне сүйене отырып қабылдауымен сипатталды. Зерттеушілер музей педагогикасының даму үлгісін екі бағытта қарастырады: еуропалық және американдық. Германия тәжірибесіне негізделген еуропалық үлгі дәстүрлі музейлік әдістер арқылы тарихи-мәдени құндылықтарды танытуды көздесе, АҚШ-та қалыптасқан американдық үлгі еркіндік пен

шығармашылыққа бағдарланды. Соның ішінде музей заттарын қолмен ұстап көру немесе белгілі бір іс-әрекеттерге тікелей қатысу арқылы қоршаған ортаны тану – американдық музей педагогикасының айрықша белгісі болып табылады.

Қазақстан музейлерінің басты мақсаты оқу-ағарту міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды. Бұл тұрғыда жылжымалы көрмелер, экскурсиялар мен дәрістер ұйымдастырылды. Әр музейде коллекциялар мен ағымдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға сәйкес дәрістер әзірленіп, көпшілікке музей қызметкерлері тарапынан ұсынылды.

Кеңестік кезеңнің 1960-жылдарынан бастап қоғамдағы музейдің рөлінің артуына байланысты музей педагогикасы ғылыми пән ретінде қалыптаса бастады. Осы кезеңнен бастап ол музейтану, педагогика және психологияны тоғыстыра отырып, музейді мәдени-ағартушылық жүйе ретінде қарастыратын дербес пән ретінде айқындалды [Шулепова, 2005: 354]. Музей педагогикасы танымдық, тәрбиелік, шығармашылық және әлеуметтік қызметтерді іске асыруға бағытталды [Морозова, 2006: 8–9].

1980–1990 жылдары музей педагогикасының тарихында жаңа кезең басталды. Зерттеушілердің пайымдауынша, оған бірнеше фактор ықпал етті. Біріншіден, музейде ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру тұжырымдамасы қалыптасты, бұл келушілердің тарихи-мәдени мұраға деген құрметін арттырды. Екіншіден, музей аудиториясына деген көзқарас өзгеріп, келуші нысан ретінде емес, үдеріске тең дәрежеде қатысушы ретінде қарастырыла бастады. Үшіншіден, музей жұмысының тиімділігін, келушілердің әртүрлі әлеуметтік топтарына әсерін, жәдігерлердің қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілді. Төртіншіден, музейдің білім беру қызметін жүзеге асыратын арнайы маманға деген сұраныс артты. Бесіншіден, музейтануды педагогика және психологиямен байланыстырудың өзектілігі күшейді.

Аталған факторларды ескере отырып, ресейлік зерттеушілер Батыс музейлерінің білім беру тәжірибесін жан-жақты зерделеп, осы бағытта ғылыми еңбектерді жариялады. Солардың ішінде Ресей музей педагогикасының классикалық еңбектеріне айналған Б. Столяровтың *«Музейная педагогика. История, теория, практика»* атты оқу құралы, М. Юхневичтің *«Я поведу тебя в музей»* еңбегі, А. Морозова мен О. Мельникованың *«Музейная педагогика: Из опыта методической работы»* атты еңбегі, сондай-ақ М. Юхневичтің редакциясымен жарық көрген *«Музейная педагогика за рубежом. Работа музеев с детской аудиторией»* жинағы ерекше атап өтіледі.

Осы бағыттағы ғылыми ізденістер нәтижесінде Ресей музей педагогикасында екі жетекші мектеп қалыптасты. Санкт-Петербург мектебі музей педагогикасын ғылыми пән ретінде айқындап, ақпаратты педагогикалық тұрғыдан ұсыну және оны қабылдау үдерісінде музей жәдігерлерін пайдалануды, сондай-ақ музейлік коммуникация формаларын зерттеуді басты міндет етіп қойды. Оның көрнекті өкілі – Б. Столяров.

Мәскеу мектебі музей педагогикасын музейтану, педагогика және психология тоғысында музейді білім беру орны ретінде қарастыратын ғылыми пән деп анықтады. Бұл бағыттың өкілдері қатарында М. Юхневич пен М. Короткова бар.

XX ғасырдың 90-жылдарында Қазақстан музей саласының болмысы, құрылымдық бағыттары және саяси-идеологиялық бейнесі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Отандық музейлердің алдына жаңа мақсаттар қойылып, негізгі өзгерістер олардың жалпы құрылымын және тақырыптық-экспозициялық мазмұнын қайта құру жұмыстарын қамтыды. Тәуелсіздік жылдарында көрнекілігі мен мазмұндық бағыты жағынан ерекшеленетін жаңа музейлер ашылды [Мұстапаева, 2011: 7]. Жаңа мәдениет ошақтары көшпелі өркениеттің қайталанбас мұрасын қастерлеу, ұлы тұлғалардың еңбегі мен ерлігін насихаттау арқылы өскелең ұрпақты ерлік пен елдік рухқа тәрбиелеуді мақсат етті. Бұл музейлер жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін оятуға ықпал етті.

Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру мақсатында сан ғасырлық тарихымызды айқындайтын құнды рухани-мәдени мұраларды жинақтау, зерттеу және насихаттау бағытындағы ғылыми-іздістіру жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде музейлерде «Тәуелсіз Қазақстан» атты жаңа тақырыптық-экспозициялық кешендер құрылды [Ибраева, 2010: 16]. Онда бостандық жолындағы күрестің нәтижесінде қол жеткізілген тәуелсіздікті айғақтайтын жәдігерлер жинақталып, көпшілікке ұсынылды. Бұл кешендер жас ұрпақты ел тарихының қайнарынан нәр алуға мүмкіндік берді. Құрылымдық қызметі қайта қаралған аймақтық тарихи-өлкетану музейлері жинақталған тәжірибе негізінде осы бағыттағы жұмыстарын жалғастырып келеді.

1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында Қазақстанда түрлі деңгейдегі халықаралық қорлар мен компаниялар жұмыс істеді. Олардың қайырымдылық қолдауымен балалар аудиториясына бағытталған мәдени-білім беру жобалары жүзеге асырылды. Мәселен, «Ғасырлар бесігі» шағын мүсіндер (қуыршақ) тарихи-этнографиялық музейі, «Шаңырақ» балалар музейі және «Көк-Айшік» бейнелеу өнері студиясы ашылды. Сондай-ақ, Қазақстанның басқа да музейлері (Батыс, Шығыс, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейлері, Лисаковск тарихи-мәдени музейі) музей педагогикасының негізгі қағидаттарының бірі – интерактивтілікті басшылыққа алып, танымдық процесс барысында адамның эмоционалдық қабылдауына ықпал етуге ұмтылды. Бұл ретте дәстүрлі емес әдістер – театрландырылған көріністер, музейлік сабақтар, кездесулер мен мерекелер, арнайы тақырыптық көрмелер кеңінен қолданылды. Музейлердің жүйелі білім беру бағдарламалары балабақша тәрбиеленушілерінен бастап жоғары сынып оқушыларына дейінгі кең ауқымды қамтыды [Файзуллина, 2022: 153-161].

Отандық музей жобалары этнографиялық және мәдениеттанулық бағыттағы мазмұнымен ерекшеленді. Олардың негізгі мақсаты – өскелең

ұрпақты мәдениетаралық және этносаралық сыйластық пен түсіністік рухында тәрбиелеу болды. Зерттеушілер қазақстандық музейлердің мәдени-ағартушылық қызметін талдай отырып, музей жұмысының бағыты экспонаттан гөрі келушілерге көбірек бағдарланғанын атап көрсетеді.

Батыс елдерінде музей педагогикасының кең тараған үлгісі – балалар музейі. Осы тұрғыдан «Шаңырақ» балалар музейі қазақстандық музей тәжірибесіндегі сәтті жобалардың бірі ретінде айрықша аталады. Сонымен қатар, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі мен «Тенгри-Ұмай» галереясы да балаларға арналған арнайы жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырды.

Жалпы музей педагогикасы алғаш рет Батыста көркем өнер музейлерінде қалыптасты. Осы үрдіске сәйкес Қазақстандағы алғашқы «музей педагогикасы» бөлімі Өскемен қаласындағы Өнер музейінде 1998 жылы ашылды [Файзуллина, 2022: 206]. Дегенмен, арнайы бөлім құрылмаған өзге музейлер де мәдени-ағартушылық бағытта тұрақты әрі жүйелі жұмыстар атқарды. Себебі кез келген музейдің сақтаушылық, зерттеушілік және насихаттау қызметтері бар. Соның ішінде насихаттау бағыты мәдени-ағартушылық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда «музей педагогикасын» дербес құрылымдық бөлім ретінде енгізген мекемелердің қатарында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейін атауға болады.

Музей педагогикасының білім беру бағытын сипаттайтын ұғымдар мен анықтамалар жүйесі қалыптасты. Олардың қатарында: музей педагогы, музей әдіскері, музей аудиториясы, музейдің білім беру бағдарламасы, музейлік сабақ, музей коммуникациясы бар [Шляхтина, 2021: 9–13]. Аталған ұғымдардың мазмұнына осы әдістемелік құралдың «Музей педагогикасының анықтамалары, бағыттары, әдістері» бөлімінде жеке сипаттама берілген.

Музей мен білім беру салаларының өзара ықпалдастығы кәсіби кадр даярлау ісіне жол ашты. Бұл үрдіс 2004 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының ашылуымен басталды. Бағдарлама аясында «Музей педагогикасы» пәні оқытылады [Сойкина, 2019].

Айта кетерлігі, отандық музей педагогикасына арналған зерттеулер әлі де аз. Дегенмен, бұл ғылыми пән Қазақстанда енді ғана қарқын ала бастағанын ескерсек, болашақта ғылыми жарияланымдардың арта түсетіні күмәнсіз.

Музей педагогикасы келесі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді:

- ~ адамдардың дүниетанымын қалыптастырудағы музейдің ықпал ету мүмкіндіктерін зерттеу;
- ~ білім беру үдерісінің деңгейі мен сапасына музейдің әсер ету аспектілерін саралау;
- ~ музей коммуникациясының тиімді үлгілерін зерттеу, талдау, жүйелеу және тарату;

- білім беру және тәрбиелеу бағытында музейлер мен білім беру ұйымдарының өзара ынтымақтастығының әдіс-тәсілдерін айқындау;
- музейдің білім беру қызметінің тарихы мен жетістіктерін зерделеу.

Зерттеушілердің пікірінше, музей педагогикасы білім алушының тұлғалық дамуына және шығармашылық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Ғылыми пән ретінде музей педагогикасының өзіндік зерттеу бағыттары қалыптасқан. Олар, негізінен, музей аудиториясы мен музейдің кешенді қызметіне байланысты.

Қазақстандағы музей педагогикасы келушілердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осы негізде музейлердің мәдени-білім беру, яғни мәдени-ағартушылық қызметі жүзеге асырылады.

Отандық музей педагогикасының негізгі қатысушылары – бұлдіршіндер мен жасөспірімдер. Қазіргі музей тәжірибесі бір реттік іс-шаралармен шектелмей, кешенді әрі жүйелі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге ден қойып келеді. Білім беру бағдарламаларының практикалық тұрғыда іске асуын сипаттайтын анықтамалар мен ұғымдар «Музей педагогикасының анықтамалары, бағыттары, әдістері және іс-әрекет формалары» атты бөлімде қарастырылады.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. Музей педагогикасы ұғымына анықтама беріңіз.
2. Ғалымдардың музей педагогикасы туралы көзқарастары бойынша қалай тұжырымдалды?
3. Музейдің білім беру бағытын қалыптастырған музейлерді атап өтіңіз.
4. Музей педагогикасының қалыптасуындағы неміс мамандарының рөлін көрсетіңіз.
5. Музей педагогикасы қандай әлеуметтік маңызы бар мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді.
6. Қазақстанда музей педагогикасы бағытында жүзеге асырылған шараларды атаңыз.

ӘДЕБИЕТ:

1. Основы музееведения: Учебное пособие / Отв. ред. Э. Шулепова. – М., 2005. – 504 с.
2. Музейная педагогика: Из опыта методической работы / Под ред. А. Морозовой, О. Мельниковой. – М.: 2006. – 416 с.
3. Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2004 – 216 с.
4. Шейнина О.Э. Музейная педагогика - средство расширения возможностей учителя в учебно-воспитательной деятельности в профильной

школе // О преподавании истории. Методическое пособие. Под ред. С.И.Козленко. М., МИИО. 2009. С. 182.

5. Юхневич М.Ю. Я поведу тебя в музей: Учеб. пособие по музейной педагогике. – М., 2001. – 224 с.

6. Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. История, теория, практика: учебное пособие. – Астана: 2012. – 514 с.

7. Мұстапаева Д.Ө. Қазақстандағы музей ісінің тарихы. Оқу құралы. – Түркістан, 2011. – 200 б.

8. Ибраева А.Ғ. Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831-2006 жж.): тарих ғылымд. д-ры.дис. автореф.: – Астана, 2010.– 43 б.

9. Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики / Г.Ш. Файзуллина, С.А. Асанова – Алматы: «Университет «Туран», 2022. – 344 с.

10. Шляхтина Л.М. Музейная педагогика : учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург: СПбГИК, 2021. – 60 с.

11. Сойкина Н.Ю. Подготовка музейных специалистов на базе Казахского Национального университета им. аль-Фараби / [Электронды ресурс] / URL: <https://kazmuseum.kz/galym-pikiri/item/1831-podgotovka-muzejnykh-spetsialistov-na-baze-kazakhskogo-nu-im-al-farabi>.

12. Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С. Музей педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 122 бет.

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ, БАҒЫТТАРЫ, ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ ФОРМАЛАРЫ

Музей педагогикасы бүгінгі таңда музейдің әлеуметтік миссиясын айқындайтын, оның коммуникациялық қызметінің маңызды құрамдас бөлігі әрі мәдени-білім беру әлеуетін жүзеге асырудың негізгі құралы болып табылады. Жаңадан қалыптасқан ғылыми-практикалық қызмет саласы ретінде музей педагогикасы музейдің институционалдық жетілуін ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік өзгерістерге бейімділігін де көрсетеді.

Музей педагогикасы уақыттың әлеуметтік сын-қатерлеріне сезімтал құбылыс болып табылады. Оның даму қарқыны мен бағыттары бірқатар әлеуметтік-мәдени факторларға тәуелді. Солардың ішінде негізгі фактор – қоғам мен мәдениеттің жалпы жай-күйі. Бұл жағдай музей аудиториясының құрылымына, соның нәтижесінде коммуникация тәжірибесінің дамуына және келушілермен өзара әрекеттесу үшін жаңа технологиялардың пайда болуына ықпал етеді.

Қазіргі музей ісінің теориясы, әдістемесі мен практикасына тән елеулі өзгерістер терминологиялық аппаратты нақтылауды, кей жағдайда қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты «музей педагогикасында» қолданылатын негізгі ұғымдарға қысқаша анықтамалар беру қажеттігі туындайды.

Музей педагогикасы: Музей педагогикасы – музейдің мәдени-ағартушылық әлеуетін жүзеге асырудың негізі болып табылатын, музейтану, педагогика, психология, әлеуметтану және мәдениеттану салаларымен тоғысатын интегративті ғылыми-практикалық қызмет саласы. Ол өзін-өзі дамыту үрдісіне ие және келушілермен жұмысты ерекше бағыт ретінде қарастырумен қатар, оның теориялық ұстанымдарымен сабақтасып қалыптасты.

Музей педагогикасы XIX–XX ғасырлар тоғысында дами бастады, ал ғылыми айналымға «музей педагогикасы» терминін 1934 жылы Дж. К. Фризен енгізді.

Музей педагогикасының **объектісі** – музейге келуші, ал **пәні** – музей мен келушінің өзара әрекетін педагогикалық тұрғыда ұйымдастыру және басқару болып табылады.

Музей педагогикасы ғылыми-педагогикалық пән ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасты. Бұл бағыттың отаны Германия болып саналады. Оның пайда болу және дамуы Мюнхен университетінің профессоры К. Фоль мен Гамбург көркемөнер галереясының (Кунстхалле) директоры А. Лихтварктің есімдерімен тікелей байланысты.

К. Фоль өзінің «Картинаны салыстырмалы зерттеу тәжірибесі» атты еңбегінде өнерді зерттеу процесін дәстүрлі танымдық тұрғыда қарастырғанымен, көркемдік туындыларды шығармашылық тұрғыда талдау мүмкіндіктеріне басымдық берді. Ғалымның пайымдауынша, оқыту тек деректерді, стильдік бағыттарды немесе авторлардың есімдерін жаттап

алумен шектелмеуі тиіс. Керісінше, «есте сақтауды жаттығулармен ұштастырып, әртүрлі стильдер мен шеберлердің өзіндік ерекшеліктерін өздігінен айқындауды үйрену қажет».

Ал А. Лихтварк эстетикалық тәрбие мәселелерін басты назарға алып, музейдің ағартушылық әлеуетіне ерекше мән берді. Оның музейдің білім берудегі маңызы туралы идеялары Ресейде кең талқылау тудырды. Лихтварк алғашқылардың бірі болып музейді диалогтық кеңістік ретінде қарастырып, келушілермен жаңа үлгідегі қарым-қатынасты ұсынды. Ол тек келушілермен жұмыстың жаңа әдістемесін жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар музей затының мәнін түсінуді, аудиторияның ерекшеліктерін ескеруді және осы арқылы келуші мен музей арасындағы байланысты нығайтуды қамтамасыз ететін жүйе қалыптастырды. Осындай қызметті жүзеге асыратын маман «музей педагогы» деген кәсіби атауға ие болды.

Жалпы музей педагогикасының қалыптасуы педагогикалық ғылымның құрылымдық бөлігі және пәнаралық білім саласы ретіндегі маңызына тікелей байланысты болды. Музейдің ағартушылық қызметін талдау музейлік білім беру тәжірибелерін концептуалды деңгейде меңгеруге жол ашты. Музейлік-педагогикалық үдеріс жинақтау, сақтау, қайта қалпына келтіру, реставрациялау, көрмелеу және музей қызметінің дәстүрлі формаларына негізделген тәжірибелік-теориялық әдістерді қамтиды. Бұл өз кезегінде музейтану мен өнертанудың педагогикалық әлеуетін айқындап, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мен көркемдік танымын қалыптастыру бағытындағы ғылыми зерттеулердің ерекшелігін айқындай түсті.

Оңтүстік Кенсингтон музейі өз қызметінің басты мақсаты ретінде қолөнершілер жасаған күнделікті тұрмыстық бұйымдар арқылы адам өмірін жақсартуға ықпал етуді белгіледі. Осыған сәйкес музей жинағындағы бұйымдарды үлгі ретінде пайдаланып, оларды қайта өндіруді үйрету ісін қолға алды. 1880-жылдары музейде мектеп мұғалімдері арасында өзара ықпал ету жүйесі ұйымдастырылды. Оның мақсаты – ғылыми-техникалық және көркемдік білім беру салаларында мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету арқылы оқушыларды оқытудың сапасын арттыру болды.

Музейдің білім беру мәнін алғашқылардың бірі болып оның алғашқы директоры Г. Коль айқындады. Оның «музейлер мен галереялар білім беру мақсатын көздемеген жағдайда, олар іш пыстырар әрі пайдасыз мекемелер болып қала береді» деген пікірі музейдің ағартушылық миссиясын ғылыми тұрғыда негіздеуге үлгі болды. Бұл ұстаным мектеп оқушылары мен студенттерге зор әсерін тигізіп, музейдегі білім берудің жаңа моделін қалыптастырды.

Қорытындылай келе, Англияда музейдің білім беру функциясы алғаш рет идеологиялық мақсаттармен және қолөнершілерді кәсіби оқыту аясында жүзеге асырылды. Әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет музей мен мектептің өзара ықпалдастығын дамыту үшін орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс жүргізетін арнайы орталықтар ашылды.

Музей педагогы – музей кеңістігінде оқу-тәрбие қызметін кәсіби деңгейде жүзеге асыратын маман.

Музей коммуникациясы – келушілердің музейлік ақпаратты қабылдауына бағытталған, мәдени мағыналар мен эмоциялық тәжірибелерді жеткізуді қамтамасыз ететін үдеріс. Бұл үдерісте музей заттарының ақпараттық әлеуеті ашылып, музейдің тәрбиелік және ағартушылық қызметтері іске асады. Музей коммуникациясының негізгі формасы – экспозиция. «Музей коммуникациясы» ұғымын ғылыми айналымға 1968 жылы Д. Ф. Кэмерон енгізіп, музейді қоғаммен тұрақты диалогта әрекет ететін әлеуметтік жады институты ретінде қарастыру қажеттілігін негіздеді. Осы контексте музей педагогикасы мен музей психологиясы айрықша рөлге ие.

Музей аудиториясы – музейге келушілердің жиынтығы, яғни коммуникациялық үдерістің негізгі қатысушылары. Олардың типологиясы әлеуметтік-демографиялық (жасы, жынысы, білімі, кәсібі, әлеуметтік мәртебесі), әлеуметтік-психологиялық (көзқарастар, құндылықтар, нормалар, үміттер), сондай-ақ психологиялық сипаттамаларымен (зейін, есте сақтау, ойлау, эмоциялық-мотивациялық ерекшеліктер) айқындалады. Аудиторияның ерекше санатына физикалық немесе психикалық шектеулері бар адамдар жатады.

Музей ақпараты – музей кеңістігінде ұсынылатын, жәдігерлер арқылы құжатталған табиғат, қоғам және мәдениет дамуы туралы мәліметтердің жиынтығы. Арнайы ұйымдастырылған музей ортасы – музей ақпаратының ажырамас бөлігі.

Музей-педагогикалық бағдарлама – белгілі бір тақырып төңірегінде біріктірілген, музей аудиториясымен жұмыс жүргізудің формалары мен әдістерін қамтитын педагогикалық мазмұнды жүйе.

Музей психологиясы – музей аудиториясының қабылдау ерекшеліктерін зерттейтін пәнаралық білім саласы. Ол психологиялық және социологиялық әдістерді қолдана отырып, әлеуметтік жадыны бейнелеу механизмдерін, экспозицияны қабылдау ерекшеліктерін, музей тілін түсіну тәсілдерін және жаңа коммуникативтік әдістерді қарастырады.

Музей әлеуметтануы – музейді әлеуметтік институт ретінде зерттейтін және оның қоғаммен байланысын талдайтын білім саласы. Ол XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қоғамдық музейлердің таралуына байланысты қалыптасты. Негізгі зерттеу әдістері: пилоттық зерттеу, мониторинг, бақылау, сауалнама, сұхбат.

Медиация – музей контексінде «түсіндіру» ұғымына сәйкес келеді. Ол келушілер мен музей экспонаттары арасындағы делдалдық әрекет ретінде жүзеге асады, мұнда медиатор – негізгі аралық буын.

Мәдени-ағарту қызметі – музейдің басты қызмет бағыттарының бірі. Оның негізінде келушілерге білім беру және тәрбиелік ықпал ету міндеттері жүзеге асады. Әдіснамалық тұрғыдан музей коммуникациясы теориясы мен музей педагогикасына сүйенеді.

Музейдің білім беру қызметі – мәдени құндылықтарды түсіндіру және меңгеру арқылы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдеріс. Ол тарихи-мәдени мұраны таныстыруды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибені, мәдени нормалар мен құндылықтарды игеруді көздейді.

Рекреация – адамның қалыпты өмір сүруінің маңызды шарты, ол күйзелісті жеңілдетіп, еңбек қабілетін қалпына келтіруге бағытталған қызмет түрі. Негізгі міндеті – қоғам мүшелерінің дене және психикалық күшін сақтау мен дамыту, сондай-ақ рухани әлемін жан-жақты жетілдіру. Рекреацияның басты мақсаты – адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал ету.

Edutainment (эдыутейнмент) – 1980 жылдары қалыптасқан, «education» (білім) және «entertainment» (ойын-сауық) сөздерінің бірігуінен пайда болған, білім беру мен ойын-сауықты біріктіретін бейресми термин.

Storytelling (сторителлинг) – оқиғаларды баяндау арқылы ақпарат жеткізудің қазіргі заманғы музейлік тәжірибесі.

Музей-педагогикалық қызметтің бағыттары – әлеуетті және нақты аудиторияның мәдени-білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыс салалары.

Музей-педагогикалық іс-әрекеттің нысаны – музейлік коммуникация үдерісінің міндеттерімен айқындалатын ұйымдастырушылық құрылым. Музей тәжірибесінде тарихи тұрғыда қалыптасып, орныққан формалар дәстүрлі болып саналады. Ал мәдениет, білім және ғылымның өзге салаларынан алынған немесе музей қызметінің жаңа технологияларын енгізу нәтижесінде пайда болған формалар дәстүрлі емес деп қарастырылады.

Балалар музейі – балаларға арналған, олардың әлеуметтік бейімделуі мен шығармашылық дамуын қолдайтын музейлік мекеме. Ол бір мезгілде музей, мектеп, ойын алаңы, шығармашылық шеберхана және клуб қызметін атқара алады. XIX ғасырдың соңынан бастап қалыптасты.

Балалар музейі орталығы – балалар және отбасылық аудиториямен жұмыс жүргізетін музей құрылымы; үйірме, студия, клуб, шеберхана, лекторий сияқты бөлімдерді қамтиды. Өзі орналасқан музейдің экспозициясын пайдаланады, сирек жағдайда өз экспозициялары мен көрмелерін жасайды.

Әдістер – музей-педагогикалық қызметтің жолдары мен тәсілдері.

Музей-педагогикалық әсердің тиімділігін тексеру келесі әдістер арқылы жүзеге асырылады: сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу және бақылау тапсырмаларын орындату. Бұл тәсілдер таңдалған формалардың тиімділігін нақтылауға, алынған нәтижелердің сапасын анықтауға және қолданылған әдістердің дұрыстығын растауға мүмкіндік береді.

Интерактивті музей сабақтары музей педагогикасының заманауи бағыттарының бірі болып табылады. «Интерактивтілік» ұғымы ағылшын

тілінен «өзара әрекеттесу» деп аударылады және музей кеңістігінде келушілердің белсенді қатысуына негізделген.

Бұл идеяны алғаш ұсынған музейтанушы-педагог А. У. Зеленко оны «сезімтал сауаттылық» деп атады, яғни баланың экспонаттармен тікелей әрекеттесуін, заттарды қолмен ұстауға мүмкіндік берілуін түсіндірді. Зерттеушілер М. Г. Хугаева мен Л. М. Шляхтин интерактивтілікті экспонаттармен тікелей байланыс, мультимедиалық құралдарды қолдану және оқушылардың экспозициядағы белсенділігін ынталандыру ретінде сипаттайды. Бұл тәсіл дәстүрлі бақылаудан оқушылардың тапсырмалар арқылы белсенді әрекетке көшуін қамтамасыз етеді. Е. Г. Артемов интерактивтілікті кеңірек түсініп, музейдегі баланың қоршаған ортамен, тарихи ескерткіштермен, құрдастарымен және ғылыми қызметкерлермен белсенді қарым-қатынасы деп айқындайды [Артемов, 2006: 14–18]. Интерактивтіліктің басты факторы – жаңа мәдени-білім беру ортасында тапсырмаларды орындау барысында оқушылар арасындағы өзара іс-қимыл.

Тарихи білім беру саласында А. А. Егоров оқушылардың музейдегі интерактивті әрекетінің үш түрін ажыратады:

1. тарихи қайта құру – өткен дәуір заттары мен оқиғаларын шынайы түрде қайта бейнелеу;
2. тарихи модельдеу – оқиғалар мен жағдайлардың түрлі деңгейдегі үлгілерін жасау;
3. тарихи еліктеу – оқиғалар мен құбылыстарды белгілі бір дәрежеде жаңғырту.

Бұл әрекеттердің негізінде тарихи шынайылық принципі жатыр [Егоров, 2008: 18–19].

Қазіргі таңда музейлік педагогикалық тәжірибеде дәстүрлі жұмыс формалары айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Экскурсиялар авто-гид немесе аудио-гид көмегімен жүргізіледі, ал анимациялық тәсілдер тарихи кейіпкерлерді «жандандырып», балаларды театрландырылған әрекетке тартады. Мұндай сабақтар драмалық заңдылықтарға сүйене отырып, тарихи бейнелерді қайта жасауға мүмкіндік береді және музейдің мәдени-ағартушылық кеңістігін кеңейтеді.

Дегенмен, музей мұғалімдерінің арасында пікірталастар сақталуда. Консервативті көзқарастағылар жаңа әдістерді музейдің ағартушылық рөлін әлсіретіп, оны ойын-сауық мекемесіне айналдыру қаупімен байланыстырады. Ал жаңашыл педагогтар, керісінше, дәстүрлі емес формаларды музейдің білім беру әлеуетін арттыратын тиімді құрал деп қарастырады. Олар «ойын-сауық арқылы оқыту» тұжырымдамасын музей педагогикасының заманауи стратегиясы ретінде қолдайды [Борисова, 2009: 33].

Балалар аудиториясымен музейлік жұмыс әдістері мектептегі тарих пәні мұғалімдерінің тәжірибесінде қолданылатын әдістермен салыстырыла отырып айқындалады. Н. Ланкова әдістердің жіктелімін ұсынып, оларды үш топқа бөледі: сөздік, көрнекі және практикалық. Сөздік әдістерге әңгіме мен әңгімелесу жатады. Көрнекі әдістер қатарында демонстрация (экспонаттарды

табиғи қалпында визуалды-сенсорлық таныстыру) және иллюстрация (жазық бейнелер мен бейнематериалдар арқылы қабылдау) қарастырылады. Практикалық әдістерге ойын, рөлдік ойындар және тарихи қайта құру тәсілдері енгізілген [Ланкова, 2014: 3–8].

Е. Г. Артемов балалармен музейлік жұмыста әдістердің кең ауқымын ұсынады. Олардың ішінде тарихи ортаға «сүңгу» (иммерсивті тәжірибе), тарихи оқиғаларды рөлдік ойнау (бала белгілі бір тарихи бейнеге еніп әрекет етеді), репродуктивті әдіс (тапсырмалар жүйесін орындау), өнімді әдіс (мәселені шешу), зерттеу әдісі (музей нысанын талдау), сондай-ақ фактілерді, оқиғаларды және жағдайларды модельдеу мен қайта құру (пәндік және гипотетикалық) тәсілдері бар. Бұған қоса, Артемов балалардың белсенділігін ынталандыратын «озық көтермелеу» әдісін де атап өтеді.

Музей педагогикасының іс-әрекет формалары – музейдің педагогикалық қызметін тәжірибеде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, белгілі бір жұмыс жүйесіне қатаң сәйкес келе бермейтін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық қызметтің басқа салаларындағыдай, музей педагогикасындағы технологиялар да үнемі өзгеріп, дамуға және жетілдіруге бейім.

Музейлік-педагогикалық формалардың қалыптасуы тарихи жағдайлармен, ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен және қоғамның сұраныстарымен тығыз байланысты. Уақыт өте келе олардың бір бөлігі тұрақтылыққа ие болып, дәстүрлі сипатқа айналды және бүгінгі күнге дейін музей тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар, қазіргі музей тәжірибесіне дәстүрлі емес формалар да белсенді енгізілуде: олимпиадалар, байқаулар, сұрақ-жауап ойындары, көңілді тапқырлар клубы, мерекелік іс-шаралар, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, фотосессиялар және т.б. Бұл форматтар дәстүрлі әдістерді толықтыра отырып, музейдің мәдени-білім беру қызметінің ауқымын кеңейтеді.

Музей педагогикасында қолданылатын негізгі формалар мыналар:

- ~ экскурсия;
- ~ лекция;
- ~ консультация;
- ~ ғылыми оқулар (конференциялар, сессиялар, кездесулер);
- ~ клубтық жұмыс (үйірме, студия);
- ~ конкурстық іс-шаралар (байқаулар, викториналар, олимпиадалар);
- ~ танымал тұлғалармен кездесулер;
- ~ концерттік және театрландырылған қойылымдар (әдеби кеш, фильм көрсету);
- ~ музей фестивальдері;
- ~ тарихи-танымдық ойындар.

Музей педагогикасы өз тәжірибесінде әртүрлі жұмыс формаларын қолданады. Олардың бір бөлігі дәстүрлі педагогикадан қабылданған үлгілерге негізделсе, екінші бөлігі тек музейлік-педагогикалық ортаға тән, арнайы әдістемелік бағдарламалар арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар отандық музейлердің қызметінде шетелдік музейлерден көшірілген немесе солардың іс-шараларын қайталайтын формалар көбірек қолданылып жүр. Атап айтқанда, *хэппенинг* – алдын ала ойластырылмаған сценарий бойынша дамып, көрермендердің белсенділігіне негізделген музейдегі импровизацияланған театрлық әрекет, немесе *перформанс* – алдын-ала әзірленген бағдарлама немесе бірегей сценарий бойынша әрекет ететін көркемөнерпаздардың жекелеген немесе ұжымдық әрекеттері жиі қолданылады.

Музейдің педагогикалық қызметінің негізгі қағидаларының бірі – келушілерге өздерінің қызығушылықтарына сәйкес іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік беру және өзін-өзі дамытуға жағдай жасау. Бұл үдерісте аудиторияның әртүрлі типтері мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Мәселен, музейдегі дәрістер монографиялық, тақырыптық, теориялық немесе танымдық сипатта болуы мүмкін. Сонымен қатар лекция-концерт, лекция-әңгімелесу, циклдік дәрістер сияқты түрлері қолданылады. Ақпараттық-танымдық және ғылыми дәрістердің мазмұнын тыңдаушылардың ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастыру олардың тиімділігін арттырады.

Музейлер сонымен бірге музыкалық, әдеби, шығармашылық бағыттағы іс-шараларды, кәсіби мамандармен сұхбаттар мен поэзия кештерін өткізеді. Мысал ретінде «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында кәсіби мерекелер қарсаңында білікті мамандармен «Жылы жүздесу», «Еңбек адамы» сияқты кездесулерді тұрақты өткізу тәжірибесін атап өтуге болады. Мұндай шаралар ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жастардың мамандыққа қызығушылығын және еңбекке құлшынысын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, музейлік педагогикалық тәжірибеде келушілердің тақырыпқа сәйкес эмоционалды күйге енуіне мән беріледі. Экспозиция мазмұнына сай әуендердің (патриоттық, ретро, лирикалық және т.б.) қолданылуы көрмеге эмоционалды қабылдау деңгейін күшейтеді. Жалпы алғанда, музейдегі мәдени-білім беру және көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруда аудиторияның эмоционалды қатысуын қамтамасыз ету негізгі педагогикалық талаптардың бірі болып табылады.

Музейдің педагогикалық қызметін классификациялау – жұмыстың нәтижелілігін айқындайтын маңызды үдеріс. Аудитория сандық құрамы бойынша жеке, топтық және бұқаралық болып жіктеледі. Тарихи тұрғыдан алғанда, ұзақ уақыт бойы жетекші рөлді топтық және бұқаралық формалар атқарды. Топтық жұмысқа экскурсия, музей үйірмесі, клуб, лекция, семинар, студия жатқызылса, бұқаралық жұмыс байқаулар, мерекелер, фестивальдар, жәрмеңкелер, акциялар арқылы жүзеге асырылды. Мұндай басымдық қоғамдағы саяси жағдайлар мен қаржыландыру мүмкіндіктеріне байланысты қалыптасты. Қазіргі кезеңде керісінше, жеке келушілердің сұранысын қанағаттандыру кәсіби-педагогикалық шеберліктің негізгі өлшеміне айналып

отыр. Сондықтан жекелеген тұлғамен жұмыс музей ісінің басты бағыты ретінде айқындалуда.

Әрбір жұмыс формасының мақсаттық айқындалуы оның нәтижелілігін камтамасыз ететін басты фактор болып саналады. Мәселен, ақпарат беру кезінде жеке (кеңес, әңгімелесу) және топтық (дәрісхана, ақпараттық орталық) әдістер қолданылады; ал оқытуда топтық форматтар (семинарлар, факультативтер, музейлік курстар) басымдыққа ие. Жұмыс формалары музей ішінде де, сыртында да ұйымдастырылып, статикалық (алдын ала жоспарланған, сценарийлі) және динамикалық (жағдайға қарай өзгермелі), бір реттік немесе циклдік сипатқа ие болуы мүмкін. Мәселен, маңызды ғылыми немесе әлеуметтік мәселені талқылауда дәрістік формат тиімділігін жоғалтса, пікірталас формасы мазмұнды әрі нәтижелі болады.

О.А. Ботякова музейлік-педагогикалық формалардың классификациясын ұсынып, оларды екі класқа – қарапайым және күрделіге бөледі. Қарапайым формаларға экскурсия, лекция, кеңес, музейлік сабақ, спектакль, концерт, сән көрсетілімі, бал, шеберлік сабағы жатады. Бұл топ өз кезегінде тәрбиелік функцияны (лекция, кеңес, музей сабағы, музейлік қызмет) және рекреациялық функцияны (экскурсия, қойылым, концерт, сән көрсетілімі, бал, шеберлік сабағы) орындайтын формаларға бөлінеді.

Музей педагогикасының жұмыс бағыттарын үш негізгі салаға бөлуге болады: педагогтармен, ата-аналармен және балалармен жұмыс.

Педагогтармен жұмыс – музейге деген кәсіби қызығушылықты арттырудың, соның негізінде оқушыларды тартудың маңызды құралы. Бұл бағытта кеңес беру, тәжірибелік семинарлар, экскурсиялар мен оқу-танымдық саяхаттар ұйымдастырылып, мұғалімдердің музейлік білім беру әлеуетін тиімді пайдалануға жағдай жасалады.

Ата-аналармен жұмыс педагогтармен жұмысқа қарағанда жоғары кәсібилікті талап етеді. Себебі ата-аналар түрлі мамандық иелері болып табылады (техникалық, қаржылық, гуманитарлық салалар және т.б.), сондықтан олармен тарих пен мәдени мұра туралы мазмұнды пікір алмасу музей қызметкерлерінен кең ауқымды білім мен тәжірибені қажет етеді. Ата-аналармен семинар-практикумдар, тақырыптық пікірталастар, экспозициялармен таныстыру жұмыстары ата-аналардың музейге қызығушылығын арттырып, балалардың мәдени дамуына жанама ықпал етеді.

Балалармен жұмыс – музей педагогикасының негізгі саласы. Бұл бағытта шығармашылық байқаулар, түрлі экскурсиялар, интеллектуалдық ойындар, театрландырылған қойылымдар, танымдық квесттер мен ойын сабақтар ұйымдастыру маңызды. Мұндай іс-шаралар балалардың қиялын дамытып, тарихи-мәдени білімін кеңейтеді және шығармашылық әлеуетін арттырады.

Аталған формалар мен әдістер мұғалімдермен, балалармен және ата-аналармен жұмыстың толық тізбесі болып табылмайды. Олар тек ой тудырып, қоғамдағы маңызды оқиғаларға белсенді қатысуға, мәдениет пен

өнерге деген қызығушылықты дамытуға мүмкіндік беретін әрекеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Қорытындысында, музейдің мәдени-ағартушылық қызметінің заманауи міндеттері музей педагогикасының кешенді бағдарламаларын әзірлеуді және оларды тиімді іске асыруды талап етеді.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. Музей коммуникациясы ұғымына анықтама беріңіз.
2. Музей аудиториясы анықтамасын сипаттаңыз.
3. Балалар музейі және балалар музейі орталығы теориялық тұжырымдарын салыстырыңыз.
4. Музейдің білім беру қызметінің формаларын атаңыз.
5. Музей педагогикасының жұмысын қандай бағыттарда жүргізуге болатынын атаңыз.

ӘДЕБИЕТ:

1. Шляхтина Л. М. Музейная педагогика. Санкт-Петербург. 2021. С.8-13.
2. Қабыл Ә.К., Кукеева М.К. Музейлік педагогика. Шымкент. 2010.19-33 б.
3. Артемов Е.Г. Музейно-педагогические технологии. СПб., 2006. С. 14-18.
4. Егоров А.А. Историческое моделирование как основа построения и проведения интерактивных программ // Кремль - детям. Сост. Л.И. Кондрашова, Е.Н. Крючкова. М., 2008. С. 18-19.
5. Борисова М. Культурно-образовательная деятельность музеев // Музей. 2009. № 5. С. 33.
6. Ланкова Н. Основные методические принципы работы с детьми в музее // Музей. 2006. № 6. С. 60-63. Источник: Преподавание истории в школе. – 2014. – № 4. - С.3-8.
7. Шулепова Э.А. Основы музееведения: учеб. Пособие / отв.ред.М.:Едиториал УРСС, 205. 504 с.
8. Галкина Т.В. О классификации современных базовых форм музейно-педагогической деятельности в российских музеях. Вестник ТФПУ. 2009. Выпуск 10 (88). 69 с.
9. Музейная педагогика: цели, задачи, формы образования / [Электронды ресурс] / URL: <https://zaochnik.ru/blog/muzejnaja-pedagogika-tseli-zadachi-formy-obrazovaniya/> (02.04.2025 ж.).
10. Основные формы и направления музейной педагогики / [Электронды ресурс] / URL: <http://www.dailyeducator.ru/moseks-319-1.html> (02.04.2025 ж.).

11. Ботякова О.А. Музей этнографического профиля в контексте образования и культуры России. Дис. канд. культурологии. СПб., 2007. С. 104.

МУЗЕЙ КОММУНИКАЦИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Музей коммуникациясының теориясы пәнаралық сипатымен ерекшеленеді. Ол психология, семиотика, лингвистика, ақпарат теориясы, мәдениеттану, деректану, логика және музей ісі сияқты ғылымдардың әдістемелік тәсілдеріне сүйене отырып дамиды. Қазіргі кезеңде бұл саладағы зерттеулердің көбеюі музей қызметкерлері мен ғалымдарының назарын аударуда.

Алайда зерттеулердің артуына қарамастан, музей коммуникациясында пәндік және әдістемелік бірізділіктің жеткіліксіздігі – шешуді қажет ететін өзекті мәселе.

Халықаралық деңгейде бұл бағыттағы зерттеулер XX ғасырдың ортасынан бастап дамыды. Коммуникация теориясына елеулі үлес қосқан ғалымдар қатарында К. Шеннон мен М. Маклюенді атауға болады. Музей ісінде коммуникациялық тәсілді алғаш жүйелі қарастырған канадалық ғалым Д. Кэмерон музейді тұтас коммуникациялық жүйе ретінде ұсынды. Ал Г. Хейн музейлік коммуникацияда кері байланыс тетіктерін қолдану қажеттігін дәлелдеді. Сондай-ақ Д. Портер, Ю. Улдалл, Дж. Кнез, А. Райт, Г. Осборн, Д. Вайлер, Дж. Рохмедер, Х. Хелленкемпер, Р. Ходж, У. Суза сияқты зерттеушілер музейлік коммуникацияның түрлі аспектілерін ғылыми айналымға енгізді.

Ресейлік ғалымдар бұл салаға ХХІ ғасырдың басынан бастап айрықша көңіл бөлді. М.Б. Гнедовский, В.Ю. Дукельский, М.Е. Каулен, Н.А. Никишин, Б.Б. Пономарев, С.В. Пшенична, Н.Г. Самарина, О.С. Сапанжа және басқа да ғалымдар музей коммуникациясын пәнаралық тұрғыдан нақтылап, әдістемелік негіздерін айқындау және тиімділігін бағалау критерийлерін әзірлеу мәселелерімен айналысты.

Заманауи музейдің қызметін техникалық және технологиялық жетістіктерсіз елестету мүмкін емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ХХІ ғасырдың екінші онжылдығынан бастап музей қызметінің күнделікті практикасына айналды. Бұл технологиялар барлық проблеманы шешпегенімен, музей ісінің дамуына және аудиториямен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің кеңеюіне елеулі ықпал етті.

Қазіргі кезде музейдің тұрақты ақпараттық аудиториясы балаларды, жастарды және ересектерді қамтиды. Сондықтан музей әртүрлі жастағы келушілердің сұранысын өтейтіндей оқу-ағарту, танымдық және ойын-сауық сипатындағы арнайы бағдарламалар мен экспозициялар әзірлеуге міндетті.

Бүгінгі қоғамда болып жатқан технологиялық, әлеуметтік және мәдени құбылыстарға талдау жасау көптеген зерттеушілерді қарым-қатынас мәдениеті туралы мәселеге көңіл аударуға итермелеп отыр.

Коммуникация ұғымы (лат. *communicatio* – байланысамын, қатынас жасаймын) – адамдардың танымдық және еңбек қызметі барысында өзара пікір алмасуы, ой бөлісуі, әлеуметтік әрекеттесудің ерекше формасы болып табылады. Зерттеулерде ол екі жақты процесс ретінде айқындалады:

ақпараттың мазмұны қатысушылардың екеуіне де түсінікті болған жағдайда, бір тұлғадан екіншісіне ақпараттың жеткізілуі жүзеге асады. Бұл – екі немесе одан да көп адамның әлеуметтік-психологиялық өзара әрекет ету үдерісі.

Мәдениет және білім беру саласындағы мамандардың коммуникациялық қызметі әртүрлі бағыттарда көрініс табады. Солардың бірі – музейшілік коммуникация, ол келушілермен қарым-қатынас орнату және олардың экспозицияны қабылдауын қамтамасыз ету әрекеттерін қамтиды.

Музей коммуникациясын зерттеу алдымен келушілерді әртүрлі психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай топтастыруды талап етеді. Бұл процесті шартты түрде музей психологиясының зерттеу аймағы деп атауға болады. Музей психологиясы – келушілердің экспозицияны қабылдау және түсіну деңгейін зерттейтін пәнаралық бағыт. Ол психологиялық және социологиялық әдістерді қолдану арқылы музейлік коммуникацияның тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді [Каулен, 2009: 59].

Музей психологиясы ғылым ретінде әлі өз орынын толығымен таппаса да, халықаралық музей қауымдастығы музеологтардың академиялық оқыту бағдарламаларына енгізу қажеттілігін қолдап отыр [Мастеница, 2014: 26].

Психология ғылымында коммуникация немесе қарым-қатынас субъектілер арасындағы өзара әрекеттесудің негізгі процесі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, музейге келушілердің мінез-құлқын, мотивациясын және қабылдау ерекшеліктерін талдау музей коммуникациясының тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Музей аудиториясын психологиялық тұрғыдан талдау келесі негізгі сұрақтарға жауап беруді көздейді:

1. Музейге кімдер келеді?

– жас ерекшеліктері, әлеуметтік мәртебесі, кәсіби бағдарлануы, мәдени деңгейі тұрғысынан келушілерді жіктеу.

2. Не үшін келеді?

– келушілердің мотивациясын айқындау (білім алу, мәдени-рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру, эстетикалық әсер алу, бос уақытты өткізу, зерттеу мақсаттары және т.б.).

3. Не көргісі келеді?

– аудиторияның қызығушылық салаларын, экспозиция мазмұнына қойылатын күтулерін және қабылдау ерекшеліктерін анықтау.

Музей келушілер үшін тек қана мәдени-танымдық орын ғана емес, сонымен қатар зерттеу, білім беру және рухани даму кеңістігі болып табылады. XIX ғасырда өмір сүрген орыс философы Н. Ф. Федоров позитивтік психология қағидаларына сүйене отырып, музейдің табиғатын ерекше сипаттап: *«муза мен музей адамның санасымен бірге жаралған. Музейде үш функция бір мезгілде атқарылады: зерттеушілік, ұстаздық және қайраткерлік»* деп атап көрсеткен [Федоров, 1995: 370]. Бұл тұжырым музейдің әмбебап мәдени институт ретіндегі рөлін айқындайды.

Мәдени-ағартушылық сала мамандарының коммуникациялық қызметі бірнеше бағытта ұйымдастырылады:

1. **Музейшілік коммуникация** – кәсіби қарым-қатынас формасы. Бұл қызметкерлер мен құрылымдық бөлімдер арасындағы кәсіби өзара әрекеттесуді қамтиды және музей ұжымының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады.
2. **Музей мен келуші арасындағы коммуникация** – музейлік-педагогикалық қызметтің басты бағыты. Бұл процесс экспозиция мен жәдігерлер туралы ақпарат беру, түсіндіру және келушінің қабылдауын ұйымдастыруды қамтиды. Музей коммуникациясының осы қыры педагогикалық, когнитивтік және мәдени сипатқа ие болып, келушінің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған [Дмитриева, 2015].

Осылайша, музей коммуникациясы екі деңгейде қарастырылады: ішкі (кәсіби) және сыртқы (келушімен өзара әрекеттесу). Екеуінің де үйлесімді дамуы музейдің әлеуметтік-мәдени институт ретіндегі тиімділігін айқындайды.

Музей коммуникациясы жөніндегі шетелдік модельдер

XX ғасырдың ортасынан бастап шетелдік ғалымдар музей коммуникациясы мәселесін жүйелі түрде зерттей бастады. Коммуникация тәсілдерінің қалыптасуына және олардың түрлі салаларда дамуына бірқатар ғалымдар елеулі үлес қосты. Солардың кейбір модельдеріне тоқталып өтейік.

С. Де Борхеджидің моделі. Бұл модельде келушінің назары толықтай экспонатқа аударылады. Мұндай тәсіл келушіні абстрактілі ойлауға итермелейді. Дегенмен, оның әлсіз тұсы – келушіге өз еркімен ой түюге, жеке қабылдауына сүйенуге толық мүмкіндік бермейді.

Д. Кэмеронның моделі. Кэмеронның пайымдауынша, музей коммуникациясының негізі – экспонат. Ол дұрыс орналасып, жеткілікті жарықпен қамтамасыз етілуі, этикеткалары ықшам әрі түсінікті болуы тиіс. Артық мәтін мен күрделі дизайн келушіні шаршатады, сондықтан экспонат пен ақпараттың сәйкестігіне ерекше назар аудару қажет. Осындай жағдайда ғана музей мен келушінің арасындағы қарым-қатынас тиімді болады.

Ю. Ница мен Г. Райттың моделі. Бұл модель экспонаттың ғылыми негіздемесіне басымдық береді. Экспозицияда экспонаттың суреті, табылған орны, картасы мен ғылыми сипаттамасы қамтылуы тиіс деп санайды. Алайда мұндай «тығыз ақпараттандырылған» экспозиция келушілерді тез шаршатып, қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Ол ғылыми қызметкерлер үшін пайдалы болғанымен, қарапайым келушілер үшін әрдайым тартымды бола бермейді.

Осы тұста музейге келу себептерін де нақтылай кетуге болады. Зерттеулер көрсеткендей, келушілер музейді үш негізгі мақсатта таңдайды:

1. тарихи-мәдени мұрамен танысу;
2. жаңа ақпарат алу;
3. эмоционалдық әсерге бөлену.

Қазіргі замандағы ақпарат тасқыны жағдайында тарихи-мәдени мұра туралы тың мәлімет алу аса қиындық тудырмайды. Дегенмен, музейге

эмоциялық әсер алу үшін келетін аудиторияға сапалы жағдай жасалуы тиіс. Келуші музейден тек білім ғана емес, сонымен қатар бірнеше ұрпақ мәдениетінде жинақталған тәжірибені, өмірлік сабақтарды көреді. Музей – кез келген уақытта экспонат арқылы мәдени мұрамен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін ерекше орта.

Алайда, экспонаттардың шамадан тыс тығыз әрі жүйесіз орналасуы, этикеткалардың сәтсіз таңдалуы, экспозицияның логикалық құрылымының болмауы немесе түсініксіз мәтіндер келушілердің қызығушылығын төмендетіп, қайта келу ықтималдығына кері әсерін тигізеді. Мұндай жағдайда келушілер тарапынан айтылған пікірлер мен ескертулерді «кері байланыс» ретінде қабылдап, оны түсіністікпен қараған жөн.

Осы тұстан музей коммуникациясы ұғымы өзектілікке ие болады. Халықаралық музейлер кеңесінің (ICOM) жарғысында музей әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастырылып, оның коммуникациялық мақсаты – адам мен оның өмір сүру ортасы жайлы материалдық деректерді зерттеу, аудиторияға білім беру және келушілердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру деп көрсетілген [Самарина, 2013: 45].

ICOM тұжырымдамасына сәйкес, музей коммуникациясы әртүрлі жіктелімдерге негізделеді. Соның ішінде негізгі функциялар мынадай болып сараланады:

- когнитивтік;
- ақпараттық;
- түсіну;
- эмоционалды;
- ынталандыру;
- идеологиялық.

Музей ісі дамыған елдерде коммуникацияның көптеген үлгілері жасалған. Соның ішінде музей практикасында ерекше маңызға ие екі функцияны бөліп көрсетуге болады:

- вербальды;
- вербальды емес.

Музей келушісі мен музей арасындағы өзара қарым-қатынас дәл осы екі арна арқылы жүзеге асады. Вербальды коммуникация тіл мен сөйлеуге негізделеді: ойды сөзбен жеткізу, дыбыстың анықтығы, интонация мен сөздік нақтылық шешуші рөл атқарады. Бұл арна көбіне экскурсовод пен келуші арасындағы қарым-қатынаста көрініс табады. Мұнда экскурсоводтың ой-өрісі, білім деңгейі, шешендігі мен кәсіби шеберлігі негізгі фактор болып саналады.

Вербальды емес коммуникация іскерлік және әлеуметтік қарым-қатынастың маңызды компоненті болып саналады. Мамандардың пікірінше, ол ақпаратты жеткізудің негізгі арналарының бірі және қарым-қатынас серігінің бейнесін қалыптастырудың басты көзі ретінде сипатталады. Зерттеуші А. Мейерабианның деректері бойынша, өзара әрекет процесіндегі хабардың шамамен 93%-ы вербальды емес тәсілдер арқылы беріледі.

Вербальды емес қарым-қатынас құралдарына ым-ишара, дене қимылдары, дауыс ырғағының ерекшеліктері, сондай-ақ тактильдік әсерлер жатады. Музей кеңістігінде бұл құбылыс ерекше сипатқа ие: келушілер түпнұсқа экспонаттарды, өнер туындыларын көру, ішкі түйсік арқылы сезіну, рухани ләззат алу арқылы мәдени тәжірибені қабылдайды. Осылайша, музейдегі вербальды емес коммуникация тек ақпарат жеткізумен шектелмей, эмоционалды-эстетикалық әсер тудырады.

Дегенмен, музей коммуникациясы тек экспонат арқылы әсер етумен шектелмейді. Ол екіжақты процесс ретінде қарастырылады: музей келушілерге ақпарат пен эмоция береді, ал келушілер өз кезегінде музейге идея, ұсыныс және пікір қалдырады. Бұл процестің тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі – «кері байланыс». Кері байланыстың кең тараған әдістерінің бірі – сауалнама жүргізу, ол келушілердің қабылдау деңгейін, қызығушылығын және экспозицияның сапасына қатысты көзқарастарын анықтауға мүмкіндік береді.

Музей коммуникациясының тілі – мәдениеттің тілі. Ол адамдар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамда жинақталған тарихи-мәдени тәжірибені жас ұрпаққа жеткізудің маңызды арнасы болып табылады. Бұл ретте рационалды және эмоционалды қабылдаудың үйлесімділігі музей коммуникациясының өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, музей коммуникациясына қатысты ғылыми тұжырымдардың көптүрлілігі олардың теориялық негіздері мен практикалық аспектілерін кешенді талдауды қажет етеді. Музей коммуникациясының функцияларын жүйелеу музей жұмысының стратегиялық жоспарлануына және аудиториямен өзара әрекеттесудің тиімді жолдарын таңдауға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, музей коммуникациясы жөніндегі ғылыми еңбектердің мазмұнын ашу және оларды қазіргі заманғы музей тәжірибесімен ұштастыру – бүгінгі күннің өзекті талабы.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. Музей саласында коммуникация тұжырымдамаларын ұсынған ғалымдарды атаңыз.
2. Музей коммуникациясы ұғымына анықтама беріңіз.
3. Музейге келушілерді психологиялық тұрғыдан қандай топтарға бөліп қарастыруға болады.
4. С. Де Борхеджи, Д. Кэмерон, Ю. Ница және Г. Райттың музей коммуникациясы моделдерін сипаттаңыз.
5. Музей коммуникациясының негізгі мақсаты бойынша бөлінетін коммуникациялық функцияларды атаңыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Словарь актуальных музейных терминов // Музей. 2009. № 5. С. 59.

2. Мастеница Е. Актуальные вопросы и практика музейного менеджмента в XXI веке: Аналитическая записка. М.: Российский комитет международного совета музеев, 2014. С. 26.
3. Федоров Н.Ф. Музей, его смысл и назначение: Собр. соч.: В 4 т. М., 1995. Т. 1. С. 370–437.
4. Дмитриева В.А., Харитонова Т.Ю., Михалюк О.С., <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologiya-muzeynoy-kommunikatsii-teoreticheskie-i-prakticheskie-aspekty-izucheniya>.
5. Самарина Н. Г. //Вопросы музеологии. №2 (8) / 2013. С. 45.

ШЕТЕЛ МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ: АҚШ ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯ

Халықаралық музей педагогикасының қалыптасуы мен дамуына АҚШ пен Германия музейлерінің мәдени-ағарту және білім беру бағытындағы тәжірибесі елеулі ықпал етті. Бұл елдердегі музейлер білім беру мекемесі ретіндегі рөлін ерте түсініп, балалар мен жастарға арналған арнайы бағдарламаларды жүйелі түрде дамытты.

Ресейлік музейтанушылар З. Бонами, В. Филипп, Н. Макарова, Е. Медведева, С. Минина, М. Юхневич АҚШ пен Германия музейлерінің балалармен жұмыс тәжірибесін жан-жақты талдап, нәтижесінде «*Музейная педагогика за рубежом. Работа музеев с детской аудиторией*» атты ғылыми жинақ әзірледі. Бұл еңбекте музейдің мәдени-білім беру қызметінің ұйымдастырылуы, балалар аудиториясымен жұмыс жүргізудің әдістері, экспозицияны қабылдауды жеңілдететін инновациялық тәсілдер қарастырылған.

Қазіргі таңда отандық музейлердің білім беру қызметіне қатысты арнайы зерттеулер аз. Сол себепті музей педагогикасы бойынша өзіндік тәжірибе қалыптастыру үшін халықаралық тәжірибені кешенді зерделеу қажет. АҚШ пен Германия музейлерінің педагогикалық модельдері мен әдістемелік шешімдерін талдау отандық музей практикасын байытып, болашақта ұлттық негізде жаңа бағыттар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

АҚШ МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ

Музей – білім беру – балалар

Американдық музей педагогикасының теориялық және практикалық негіздері XX ғасырдың екінші жартысынан бастап айқындала түсті. Бұл бағыттағы маңызды пікірлердің бірі – білім беру мәселелері жөніндегі маман, доктор Грегори Рамсейдің 1970-жылдардың басында Австралияның Мельбурн қаласында өткен музей педагогикасы жөніндегі конференцияда айтқан тұжырымдары. Оның пікірінше, музей мен мектептің ортақ қыры – екеуінің де белгілі бір деңгейде қоғамдық-мәдени анахронизмге айналуында. Яғни, шынайы, үздіксіз өзгеріп отыратын әлеуметтік ортаға етене араласудың орнына, бұл институттар оқшауланып, өз шеңберінде қалып қояды.

Рамсейдің ойынша, мектеп пен музейді қоғамға «қайтару» қажет, оларды XX ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келген ұрпақтың «кеңістігіне» айналдыру керек. Ғалым атап көрсеткендей, қазіргі қоғам ересектер тарапынан ұйымдастырылып, негізінен солардың қажеттіліктеріне бағытталған, ал балалар онда көбіне шеттетілген қалыпта қала береді.

Бұл мәселе XX ғасырдағы ғылым мен техниканың қарқынды дамуы және ақпараттық ағындардың артуымен тікелей байланысты. Дәстүрлі білім беру мекемелері, әсіресе мектептер, жаңа заманның білімге деген сұранысын

толық қанағаттандыра алмай отыр. Мұндай жағдайда білім беру процесіне қосымша институттар, оның ішінде музейлер тартылуы тиіс.

Алайда музей мен мектептің білім беру тәсілдері түбегейлі ерекшеленеді. Мектеп қатаң оқу бағдарламасы негізінде жұмыс істейді, пәндер мен курстарға бөлінеді, оқу процесі жүйелі түрде қадағаланып, білім деңгейі бағаланады. Ал музей білім берудің бейресми немесе «параллельді» кеңістігі болып табылады: мұнда адамдар ешқандай ресми талаптарсыз, бос уақытында келіп, өз қызығушылығына сәйкес білім алады. Музей аудиториясы жас ерекшелігі, әлеуметтік мәртебесі, мәдени деңгейі тұрғысынан алуан түрлі болып келеді.

Музей – табиғи, тарихи немесе мәдени объектілердің коллекциясына негізделген ерекше әлеуметтік институт. Оның жинақтарында көбелектер, шілтерлер, мамонт сүйектері немесе жорғалаушыларға дейінгі алуан түрлі материалдық құндылықтар қамтылуы мүмкін. Бұл алуан түрлілікті тікелей көру және қабылдау арқылы музей келушілерге өмірдің тұтастығын сезінуге, сондай-ақ белгілі бір оқиға немесе құбылыстың мәнін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Отандық музей ісінде ұзақ уақыт бойы музейдің басты міндетіне тікелей оқыту кірмейді деген көзқарас орнықты. Мұндай ұстанымға сәйкес музей жүйелі білім беру немесе нақты дағдылар мен икемдерді қалыптастыру құралы ретінде қарастырылмады. Дегенмен, бұл позиция шетелдік музейтанушылар мен педагогтар арасында әмбебап ақиқат ретінде қабылданбайды. Керісінше, Батыс елдерінің музей педагогикасы саласындағы әдебиеттерінде музейдің балаларға қатысты «басты миссиясы» жөнінде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Қазіргі заманғы шетелдік музейтануда музей ерекше білім беру ортасы ретінде қарастырылады. Әлемнің жетекші музейлерінде дәстүрлі экскурсиялық сипаттағы қызмет – тек көрнекі нысандарды тамашалау немесе дәрістер тыңдау тәжірибесі біртіндеп өз маңызын жоғалтты. Музейге бару мақсаты енді тек «ең үлкен мүсінді» немесе «ең қымбат жәдігерді» көрумен шектелмейді.

Шетелдік музейлердің білім беру тәжірибесінде оқушылардың әлем туралы түсінігін кеңейту, бақылау, жіктеу, ақпаратты қорыту қабілеттерін дамыту негізгі басымдық болып табылады. Бұл үдерісте белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылады: әрекет барысында танымдық ізденіс, пікір алмасу, рөлдік тапсырмалар арқылы бейнелерді немесе дыбыстарды имитациялау сияқты формалар жиі пайдаланылады.

Балаларды бұрын-сонды кездестірмеген заттармен таныстыру музейлік білім берудің дәстүрлі элементі болып қала береді. Дегенмен, шетелдік педагогтар музейдің басты міндетін тек таныстырумен шектемейді. Олардың пікірінше, музейлік оқыту баланың қызығушылықтарына сай болуы тиіс (Г. Рамсей), ғылыми және эстетикалық ұғымдарды сезімдік тәжірибемен ұштастыруы, білім алу мен ақпарат жинау қабілетін дамытуы қажет.

Сонымен бірге, батыс педагогтарының бір бөлігі музейлік білім беруді тек деректер жиынтығын меңгеру емес, сонымен қатар оларды тәжірибеде қолдану, шешім қабылдау қабілетін жетілдіру құралы ретінде қарастырады. Қазіргі білім беру тұжырымдамалары да музейдің әлеуметтендіруші рөлін күшейтеді: балаға қоғамдағы өмірге бейімделуге көмектесу, моральдық және құқықтық нормалар туралы түсінік қалыптастыру, логикалық талдау дағдыларын және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағыттайды.

Әлемдік музей педагогикасының дамуы көрсеткендей, музейлердің білім беру саласындағы басты міндеттері мынадай болып айқындалады:

1. Ақпаратты бастапқы дереккөзден алу қабілетін дамыту (табиғат құбылыстарын бақылау немесе материалдық орта заттарын зерттеу арқылы).
2. Табиғи нысандар мен мәдени артефактілерді бақылау және олар туралы пікір алмасу негізінде ұғымдық аппарат қалыптастыру.
3. Өзіндік білім алу дағдыларын жетілдіру.
4. Оқу процесіне мотивацияны арттыру, білім алудың «қуаныш тәжірибесін» қамтамасыз ету.

Аталған міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін музейлер білім беру мекемелерімен, ең алдымен мектептермен серіктестік орнатады. АҚШ музейлерінің тәжірибесінде мектеппен бірлескен жұмысты жоспарлау және оны оқу процесіне қосу аса маңызды үрдіс болып саналады.

Әдетте, америкалық музейлер ынтымақтастықты мектептерге арналып әзірленген қысқа әрі мазмұнды брошюра тарату арқылы бастайды. Онда музей коллекциялары, жұмыс кестесі, орналасқан мекенжайы және байланыс деректері беріледі. Бұдан кейін мұғалімдерге музейге тегін бару ұйымдастырылады. Бұл сапар барысында сыныппен жұмыс істейтін музей қызметкерлерімен жеке кездесулер өткізіледі.

Ынтымақтастық процесінде экскурсия уақыты мен бағыты, музей ішіндегі тәртіп (мысалы, фото және бейнетүсірілімге рұқсат), сондай-ақ демалыс пен тамақтануға арналған үзілістерді ұйымдастыру мәселелері алдын ала келісіліп шешіледі. Сонымен қатар, оқушыларды музейдің ішкі тәртібін сақтауға, яғни «музей этикетіне» үйрету мәселесіне ерекше назар аударылады.

Музей мен мектеп арасындағы байланыс формасы мен тиімділігі көбінесе мұғалім мен музей педагогының өзара түсіністігіне тәуелді. Мұндай серіктестік формалды сипаттан тыс, бірлескен жұмысқа, жаңашылдыққа ашық болуды, бір-бірінен үйренуді және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін үйлесімді әрекет етуді талап етеді.

Сонымен қатар, музей мен мектептің жақындасу үдерісі мемлекеттік деңгейдегі әкімшілік құрылымдардың қаржылық және институционалдық қолдауын қажет етеді. Мәселен, АҚШ-та Нью-Йорк, Бостон және басқа да қалаларда мәдени ынтымақтастықтың арнайы орталықтары жұмыс істейді. Мұғалімдер мен музей қызметкерлеріне бірлескен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін федералдық және аймақтық гранттар бөлінеді. Қосымша түрде

мектеп бюджеті аясында арнайы қаражат қарастырылып, музейге мақсатты қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

АҚШ-та және бірқатар басқа елдерде музейлердің білім беру қызметін ресми түрде оқу процесіне енгізу тәжірибесі кеңінен қолданылады. Кейбір білім беру органдары жыл сайын мектептердің оқу бағдарламаларына музейлердің қатысуы туралы келісімшарттар жасайды. Бұл келісімшарттар тараптардың өзара міндеттерін нақтылап, мектеп–музей серіктестігін жүйелі негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Музей мен мектептің бірлескен жұмысы әртүрлі қаржыландыру үлгілері арқылы қамтамасыз етіледі. Мысалы, арнайы білім беруді дамыту қорлары есебінен қаржыландыру, демеушілік бағдарламалар немесе белгілі бір санаттағы оқушыларға тегін кіру мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл қаржылық тетіктер музейлік білім берудің қолжетімділігін арттырады.

Бірлескен жоспарлау үдерісі нақты үйлестіру шараларын талап етеді. Атап айтқанда, мектептің оқу кестесін музейдің жұмыс тәртібімен сәйкестендіру, оқушыларға алдын ала дайындық материалы ретінде қажетті ақпараттық ресурстарды ұсыну маңызды. Мұндай үйлестіру оқу сапасын арттыруға және музейлік тәжірибені тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Дәстүрлі түрде, оқушылардың музейге топ болып баруы ең кең тараған формат болып табылады. Экскурсияның педагогикалық тиімділігі көбінесе мұғалімнің кәсіби даярлығына, бейстандартты оқу жағдайында бағдар табу қабілетіне және сыныпты музей тақырыбына алдын ала қызықтыра білуіне байланысты.

Музейлер мектеппен ынтымақтастықты нығайту мақсатында мұғалімдерге арналған арнайы жолсілтемелер әзірлейді. Мысалы, Чикагодағы Ғылым және техника музейі мұғалімдерге әдістемелік материалдар ұсынса, Нью-Йорктегі «Аквариум» музейі педагогтарға арналған арнайы сабақтар ұйымдастырады.

Қаржылық себептерге байланысты көптеген мұғалімдер шолу экскурсияларын артық көреді. Осыған орай, америкалық музейлер балалардың алғашқы әсерін барынша тиімді ету үшін арнайы іріктелген экспонаттарды көрсету тәжірибесін қолданады. Кейбір жағдайларда келушілерге заттарды қолмен ұстауға мүмкіндік беріледі, бұл танымдық әсерді күшейтеді.

Мәселен, Нью-Джерси музейі бастауыш сынып оқушыларына тарих, ғылым және өнер салаларын қамтитын бір сағаттық шолу экскурсияларын ұсынады. Олардың ішінде «Тибет» тақырыбы ерекше қызығушылық тудырады. Экскурсия барысында оқушылар буддистік ғибадатхананы, медитация бөлмесін, діни-ғұрыптық заттар мен музыкалық аспаптар коллекциясын, сондай-ақ мүсіндер мен кескіндемелерді тамашалап, Будда культіне арналған деректі фильм көреді.

Соңғы жылдары АҚШ музейлерінде мектеп оқушыларына арналған тақырыптық экскурсиялар ерекше танымалдыққа ие болды. Мұндай экскурсиялар музей жинақтары туралы нақты әрі жүйелі түсінік

калыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабақтардың мазмұны мектеп бағдарламасымен үйлестіріліп, оқыту процесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Мәселен, Вашингтондағы **Смитсон институтының Табиғи тарих музейі** жоғары сынып оқушыларына арналған тарих курсына сәйкес келетін үш сабақтан тұратын бағдарламаны әзірлеген. Бағдарлама аясында оқушылар Потомак өзені аймағының геологиялық құрылымын зерттеп, жергілікті құрылыс материалдары жөнінде қорытынды жасайды; одан кейін Нью-Йорктің әкімшілік ғимараттарымен танысып, соңында Федералды әкімшіліктің сәулет стилін зерделейді. Сабақтардың мазмұны мен логикалық құрылымы алдын ала мұғалімдермен келісіліп, оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкестендіріледі.

Жуырда АҚШ-та мектеп пен музей ынтымақтастығының жаңа түрі пайда болды: оқу курстары мектеп базасында емес, тікелей музей қабырғасында өткізіле бастады. Бұл тәжірибе «баламалы білім беру» тұжырымдамасының көрінісі ретінде қалыптасып, қоғамдағы қатаң сыныптық оқыту жүйесінен ішінара бас тарту үрдісімен байланысты. «Есептік курстар» деп аталатын бұл бағдарламаларда сабақтарды мектеп мұғалімдері мен музей педагогтары бірлесіп жүргізеді. Мұндай формат музей қызметінің жаңа бағытын айқындап, білім беру мазмұнының мектеп бағдарламасына сәйкестігін және қажетті білім деңгейін қамтамасыз етуді талап етеді.

Мемфистегі Брукс мемориалдық көркемсурет галереясы кіші сынып оқушыларына арналған есептік курстар әзірледі. Бұл курстарға математика, қоғамтану, тіл білімі сияқты пәндер енгізілген. Сабақтар музейдегі практикалық іс-әрекет арқылы өтеді және мектептегі алдын ала теориялық дайындықпен толықтырылады.

Сонымен қатар, америкалық музейлер жоғары сынып оқушыларына музейде тәжірибеден өту мүмкіндігін ұсынады. Бұл интернатура формасында жүзеге асады және бір семестр немесе толық академиялық жылға созылуы мүмкін. Мәселен, «**Метрополитен**» өнер музейі оқушыларға өзінің 26 бөлімінің бірінде тәжірибеден өтуге жағдай жасайды. Бағдарлама барысында оқушылар коллекциялармен танысады, музей қызметкерлерімен ынтымақтасады, күнделікті жұмыс процесіне қатысады. Кейбір жағдайларда, әсіресе жаз айларында, оқушыларға еңбегі үшін шағын ақы төленеді.

АҚШ музейлерінің білім беру формалары тек шолу экскурсияларымен, тақырыптық сабақтармен, есептік курстармен немесе музейлік практикамен шектелмейді. Олардың арасында түрлі аралық нұсқалар да бар. Қоғаммен байланысын кеңейту мақсатында музейлер ондаған жылдар бойы өз қабырғасынан шығып, сыртқы ортада белсенді қызмет атқаруда. Қазіргі замандағы техникалық құралдар бұл үрдісті айтарлықтай жеделдетті.

Музейлер мектептерге репродукциялар, көшірмелер, экспонаттардың макеттерін кеңінен ұсынады. Кейбір жағдайларда, егер экспонат сирек кездесетін құндылыққа жатпаса, негізгі қордағы заттардың өзі де сыныпқа

жеткізіледі. Бұл тәжірибе әсіресе жаратылыстану және техникалық музейлерде жиі кездеседі.

Кейбір музейлер өздерінің жақын маңдағы мектептерімен тұрақты байланыс орнатып, слайд-бағдарламалар, кинофильмдер және соңғы уақытта бейнефильмдер ұсынуды дәстүрге айналдырған. Музей әзірлеген аудиовизуалды бағдарламалар белгілі бір материалдық нысанды егжей-тегжейлі талдауға, оны әлеуметтік және тарихи контекстте қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай оқу өнімдерін дайындау едәуір қаржылық шығынды және жоғары кәсіби деңгейдегі мамандардың қатысуын талап етеді. Сондықтан кейбір жағдайларда бұл жұмысқа кино және телекомпаниялар, сондай-ақ арнайы дайындықтан өткен мамандар тартылады.

АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, музейдің білім беру қызметі кездейсоқ немесе жүйесіз сипатта емес, қайта мектеппен бірлескен жоспарлау негізінде жүзеге асады. Бұл үдеріс федералдық немесе аймақтық деңгейдегі білім беру органдары ұсынған тақырыптарға сәйкес жүргізіліп, алдын ала арнайы әзірлемелерді қамтиды. Мұндай бағдарламалар аясында мұғалімнің рөлі нақтыланып, музей қызметкерлері мектеп сабақтарына тікелей қатысады. Сонымен қатар, сыныптарға жылжымалы көрмелер, ғылыми жабдықтар, иллюстративті материалдар, репродукциялар, слайдтар, ойындар және түсіндірме мәтіндер жинақталған портативті «музей чемодандары» жеткізіледі.

Мектеппен байланысты нығайтудың тағы бір тиімді құралы – оқушыларға арналған арнайы газеттер мен журналдар шығару тәжірибесі. Мұндай басылымдар түрлі форматта, тартымды дизайнда дайындалып, балалардың ғылымға, тарихқа және өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталады. Кейбір жағдайда оларда музейлік білім беру бағдарламаларына қатысқан балалардың шығармашылық жұмыстары жарияланады. Бұл материалдар біреулер үшін ынталандыру, ал басқаларға шабыт көзі қызметін атқарады.

Жалпы алғанда, шетелдік педагогтар мен музеологтардың пікірінше, музей мен мектеп арасындағы серіктестік болашақта одан әрі жетіліп, жаңа мазмұнмен толығады. Себебі, тіпті дамыған мемлекеттердің өзінде білім беруге бөлінетін қаржы шектеулі, бұл әртүрлі білім беру құрылымдарының күш-жігерін біріктіруді қажет етеді. Зерттеушілер музей қызметкерлері мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықтың болашақта шығармашылық тұрғыда кеңейіп, өзара байланысты едәуір жеңілдететініне сенімді.

Осы тұрғыда отандық музей педагогикасының даму болашағын қарастырғанда, американдық музейлердің мультимедиялық жүйелерді белсенді енгізу тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Мұндай жүйелер қашықтағы мектептерге компьютерлік желілер арқылы суреттерді, библиографиялық деректерді және түсіндірме мәтіндерді жіберуге мүмкіндік береді. Дегенмен, техникалық прогресс қандай деңгейге жетсе де, ол музейге

барудың және түпнұсқа жәдігерлермен тікелей қарым-қатынастың орнын толық алмастыра алмайды.

Мұғалім және музей педагогы

Музейдің білім беру бағдарламаларының табысы көбіне педагогке берілген рөлге тікелей байланысты. Қазіргі таңда көптеген америкалық музейлер мектеп мұғалімдерімен белсенді әріптестік орнатып қана қоймай, оларды өз қызметіне тартудың тиімді жолдарын іздестіруде. Бұл қисынды әрі орынды, себебі мұғалімдер тиісті дайындықтан өткен жағдайда музей қорындағы материалдарды оқу процесінде нәтижелі қолдана алады.

Дегенмен, музейлік бағдарламалар әдетте бірнеше айға ғана есептелетін болса, мұғалімдер оқушылармен толық оқу жылы бойы жұмыс жүргізеді. Осы себепті педагогтардың музейлік бағдарламаларды әзірлеуге толыққанды қатысуы оқушыларды экскурсияға жүйелі түрде дайындауға, сондай-ақ алған білімдері мен әсерлерін бекітуге мүмкіндік береді.

АҚШ тәжірибесінде музей мен мұғалімдер ынтымақтастығының ең кең тараған түрлері – арнайы семинарлар мен тағылымдамалар, ақпараттық-әдістемелік музей орталықтары, сондай-ақ музейлік-педагогикалық басылымдар. Мұғалімдерге арналған бағдарламалар түрлі деңгейлерде жүзеге асырылады: кіріспе дәрістерден бастап, музейде өткізілетін тағылымдамаларға дейін.

Алайда педагогтарды музей сабақтарына тарту оңай процесс емес. Бұл құбылыс тек Қазақстанға ғана емес, өзге мемлекеттерге де тән. Осыған байланысты америкалық музейлер мұғалімдер үшін барынша қолайлы уақытты, мысалы, жазғы демалыс кезеңін таңдауға тырысады. Сонымен бірге, мектеп әкімшілігінің қолдауы да маңызды шарттардың бірі болып саналады. Ең бастысы – музейдің бірегей ақпараттық ресурстарын барынша тиімді пайдалану.

Музейлік педагогика мамандарының пікірінше, мұндай курстардың негізгі міндеттерінің бірі – мұғалімдердің тек сөздік-ұғымдық деңгейде білім берумен шектелмей, нақты заттар мен артефактілерді оқыту процесінде еркін қолдануына ықпал ету.

Бұл бағыттағы мысалдардың бірі – Жаңа Орлеанның көркемсурет музейі. Мұнда жылына бірнеше рет мектеп мұғалімдері мен әкімшілік өкілдеріне арналған семинарлар өткізіледі. Бұл семинарларда музейдің білім беру мүмкіндіктері талқыланып, педагогтарды музейде дербес сабақ жүргізуге дайындау жүзеге асырылады. Сабақтардың жалпы стилі мен атмосферасы музейдің мұғалімдердің тәжірибесі мен ұсыныстарын ескеруге дайын екенін айқын көрсетеді.

Көптеген музей қызметкерлері педагогтарды көрнекі материалдарды қолданумен ғана шектелмей, өздерінің авторлық музейлік-білім беру бағдарламаларын жасауға ынталандырады. Кейіннен мұндай

бағдарламаларды мектеп тәжірибесіне енгізуде музей тарапынан әдістемелік қолдау көрсетіледі.

АҚШ-тың бірқатар музейлерінде мұғалімдерге арналған арнайы біліктілік арттыру курстары жүйелі түрде өткізіледі. Бұл курстар мемлекеттік білім беру органдары тарапынан ресми түрде мақұлданып, мұғалімдерге қосымша кәсіби дәреже алуға мүмкіндік береді. Бағдарламаны сәтті аяқтаған педагогтер жалақыларына үстеме ақы алады. Курстардың мазмұны өткен сағат санына қарай сараланып, тиісті біліктілік деңгейі тағайындалады.

АҚШ-тағы музейлердің мұғалімдерге арналған бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы әртүрлі болып келеді. Мәселен, Солтүстік Каролина штатының Табиғи тарих музейі 15 сағаттық курсты жүзеге асырады. Бағдарлама үш зертханалық және бір далалық сабақтан тұрады және аймақтың табиғи тарихы мен экологиясына бағытталған. Мұғалімдер бұл курстарда жергілікті флора мен фауна жөнінде терең білім алып, табиғи қорық аумақтарын оқу процесінде пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін меңгереді.

Музейлер мен университеттер немесе колледждер арасындағы ынтымақтастық АҚШ-та кеңінен таралған. Әсіресе жазғы курстарды ұйымдастыру тәжірибесінде мұндай серіктестік айқын көрінеді. Кей жағдайда сабақтар университет базасында өткізілсе, кей жағдайда тікелей музей қабырғасында ұйымдастырылады. Курстан түскен қаражат тараптар арасында келісілген үлестерге сәйкес бөлінеді. Мысалы, Гуггенхайм заманауи өнер музейі университеттік курстар бағдарламасына қатысып, мұғалімдердің өнермен жұмыс дағдыларын жетілдіруге және оларды оқу процесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, АҚШ-тағы білім беру жүйесінің ерекшелігіне сәйкес, мұғалімдер әр жеті жылдық еңбек өтілінен кейін бір жылдық «саббатикалық» демалыс алуға құқылы. Бұл кезеңде олардың музейлерде тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалады. Мұндай тәжірибе мұғалімдерге музей қорымен жүйелі жұмыс істеуге және жаңа педагогикалық тәсілдерді игеруге мүмкіндік береді.

Көптеген ірі шетелдік музейлерде мұғалімдерге, сондай-ақ ата-аналар мен студенттерге арналған ақпараттық орталықтар жұмыс істейді. Бұл орталықтардың негізгі міндеттері – музей коллекцияларын насихаттау, оқу-әдістемелік өнімдер әзірлеу және мұғалімдерге көмек көрсету. Олардың екі үлгісі бар: алғашқысы кітапхана принципі бойынша жұмыс істеп, слайдтардан бастап жануарлар муляждары мен тарихи орындардың макеттеріне дейінгі оқу материалдарын уақытша пайдалануға береді; екіншісі абонементтік қызметпен қатар мұғалімдерге арналған арнайы сабақтарды қамтиды.

Мұндай орталықтарды ашу музейден елеулі қаржылық шығындармен қатар, білім беру қызметіне ерекше адалдықты талап етеді. Оқу материалдарының айналымы олардың сақталуын қатаң бақылауды қажет

етеді. Сонымен бірге, орталық қызметіне әдістемелік өнімдерді әзірлеу, педагогикалық тәжірибені насихаттау және «тірі сабақтар» өткізу кіреді.

Мысал ретінде Бостон қаласындағы көркемөнер музейін атауға болады. Бұл музей мұғалімдерге арналған түрлі семинарлар мен конференциялар ұйымдастырады, сондай-ақ өзінің әдістемелік орталығы арқылы «оқу чемодандары», слайд жинақтары және басқа да ресурстар ұсынады. Орталықтағы оқу зертханасы мұғалімдер мен оқушылар үшін тегін қызмет көрсетеді. Сонымен бірге арнайы дүкеннен слайдтар, сабақ жоспарлары, репродукциялар сатып алуға немесе жалға алуға мүмкіндік бар. Музейлік жазылымға коллекциялар бойынша гидтер, каталогтар және мектеп бағдарламасымен үйлестірілген әдістемелік құралдар кіреді.

АҚШ-тағы көптеген музейлер білім беру органдарымен тығыз байланыс орнатып, мектептерге арналған арнайы слайд бағдарламаларын тарату қызметін ұйымдастырған. Кейбір музейлерде оқу орындарының сұранысына сәйкес музейлік материалдарды қайта өндірумен айналысатын техникалық бөлімдер жұмыс істейді.

Музейлердің ерекше қызмет бағыттарының бірі – мұғалімдерге арналған баспа өнімдерін шығару. Шетелдік тәжірибеде бұл өнімдер мазмұндық және формалық тұрғыдан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Олардың қатарына музей өміріндегі маңызды оқиғаларға қатысты ақпараттық хаттар, сондай-ақ мұғалімдерге алдын ала дайындалуға мүмкіндік беретін әдістемелік сипаттағы жолсілтемелер кіреді.

Барбара Ньюсон мен Адель Сильвер Калифорнияда жарық көрген *«Музейлік ағартудың өнері»* атты еңбегінде: «Музей тарих бойы жинақталған идеялар, көзқарастар мен құпияларды көпшілікке ұсыну құқығына ие», – деп атап көрсетеді. Авторлардың пікірінше, музей аудиториясындағы ең күрделі әрі талапшыл топ – мұғалімдер. Дегенмен, дәл осы топ музейдің ерекше назарын және шығармашылық күш-жігерін қажет етеді. Сондықтан мұғалімдермен жұмыс жүргізу үшін музей ең білікті қызметкерлерін тартуы тиіс.

Бұл тұрғыдан алғанда, мұғалім музейге келушілер арасында ең маңызды орынға ие. Оған қоса, әлемдік музей практикасы кәсіби музей педагогтарының басым бөлігі бұрынғы мектеп мұғалімдері екенін көрсетеді. Алайда музейлік-педагогикалық қызмет олардың кәсіби көзқарастарын айтарлықтай өзгертеді: мұндай мамандар бұрынғы мектептегі ұстаздық ұстанымдарына қайта оралмайды.

Музей жағдайында педагог әртүрлі жас санатындағы оқушылармен жұмыс жүргізеді және кәсіби қауымдастықтан тыс адамдармен жиі қарым-қатынас жасайды. Олардың арасында музей педагогикасына күмәнмен қарайтындар да, тіпті бұл мамандықтың мәнін жоққа шығаратындар да болуы мүмкін. Осыған байланысты мектептен музей саласына ауысқан педагог өзінің кәсіби құндылықтарын қайта қарауға мәжбүр болады.

Австралиядағы Виктория Ұлттық галереясының қызметкері Е. М. Скоттың пайымдауынша, мектеп жағдайында мұғалімнің басты назары

оқушыға бағытталса, сабақ барысында пайдаланылатын заттар көмекші рөл атқарады. Ал музейлік ортада, керісінше, заттардың тарихи, көркемдік және мемориалдық құндылығы алдыңғы орынға шығады. Осы себепті музей педагогы үшін басты міндеттердің бірі – экспонаттардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметін үйлестіру. Бұл жағдайда ол сақтау мен ағартушылық арасындағы тепе-теңдікті сақтауды меңгеруі тиіс.

Әрине, музей педагогының қор сақтаушыларымен қарым-қатынасында белгілі бір қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ шетелдік зерттеулер көрсеткендей, музей кураторлары музей штатына педагогтарды қосу қажеттілігін біртіндеп қабылдай бастады және олармен ынтымақтастық орнатуға дайын.

Музей қараушысы үшін мінсіз мектеп тобы – бұл ұстаздың соңынан жұптасып, тәртіппен жүретін оқушылар. Ал музей педагогы әрбір оқушының белсенділігін оятуға мүдделі. Сондықтан ол топқа еркіндік беріп, олардың өздігінен зерттеу жүргізуіне мүмкіндік жасайды. Бірақ бұл еркіндік жауапкершілік пен өзін-өзі тәртіпке шақыру шеңберінде болуы керек.

Егер музей педагогының міндетін нақты тұжырымдайтын болсақ, ол да қор сақтаушы, экспозиция құрастырушы және музей қараушы сияқты музей коллекциясына қызмет етеді. Ол экспонаттың мағынасын ашып, оның музей қабырғасында не үшін тұрғанын түсіндіреді және оны «сөйлетуге» тырысады. Осылайша, ол келушілерді экспонаттармен байланыстырады. Америкалық музей тәжірибесінде мұндай мамандарды "интерпретаторлар" деп атайды.

Америкалық ғалым Фриман Тилден музейлік интерпретацияның негізгі мақсаты – заттың мағынасын ашу екенін айтады. Ол және басқа зерттеушілер музей коллекцияларын түсіндірудің арнайы әдістемесі жоқ екенін, тек жалпы педагогикалық әдістерді қолдануға болатынын ескертеді. Дегенмен, шетелдік музейлер дидактикадан бөлек, театралдық қойылымдар, шығармашылық ойындар сияқты тәсілдерді де кеңінен қолданады. Интерпретатордың басты мақсаты – оқушыны үйрету емес, оны танымға ынталандыру.

Музей педагогының ең басты кәсіби қасиеттері – коллекцияны терең білу және танымдық үдерісті ұйымдастыра білу. Сондай-ақ, оқушылардың музей ішінде қозғалу бағытын оңтайлы таңдау үшін экспозицияны жақсы меңгеру қажет.

Музей педагогы сұрақ қоюды және жауаптарды тыңдауды білуі керек, сондай-ақ психология және жас ерекшеліктері физиологиясы саласында білімі болуы қажет. Музей интерпретаторынан бағдарламаны нақты аудиторияға бейімдеу қабілеті талап етіледі (мысалы, балалар жеткілікті дайын болмағанда немесе музейде қайта экспозиция жүріп жатқанда). Интерпретатор аудиториямен еркін қарым-қатынас жасау дағдысына ие болуы тиіс.

«Балалардың қулы сұрақтарынан қысылудың қажеті жоқ», – дейді америкалық музейтанушылар. Тыңдаушылар сіздің түсіндірмеңізге көбірек

қызығушылық танытады, егер олардың алдында бәрін білетін маман емес, ашық диалог жүргізуге дайын адам тұрса. Егер музей қызметкерлері үшін өздері де нақты жауабын білмейтін немесе пікірталас тудыратын сұрақты талқылауды ұсынса, оқушылар материалды қабылдауда психологиялық жайлылық сезінеді.

Музей педагогының кәсібилігінің маңызды белгісі – материалды меңгерудің әртүрлі әдістерін, соның ішінде ұғымдық ойлауды және моториканы үйлестіре білу қабілеті.

Музей материалын білім беру мақсатында дұрыс таңдай білу басты орынға шығады. Психологтардың ұсыныстарын басшылыққа ала отырып, көптеген музей педагогтары қарастыруға бірнеше ғана нысанды таңдауды жөн санайды. Бұл оқушылардың бақылаушылық қабілеті мен сезімталдығының дамуына ықпал етеді. «Музей аралау дүкен аралаумен тең емес», – дейді олар.

Кейбір тәжірибелі Музей интерпретаторлары оқушыларға қызықтырған нысанға толық назар аудару, оны зерттеу және сыныптастарының реакциясын бақылау үшін арнайы кідірістер енгізеді.

Әрине, музейлік оқу бағдарламаларының табысты болуы көбінесе музей педагогының талантына, қарым-қатынас дағдыларына байланысты. Америкалық музей мамандары былай дейді: баланың пікірін шын ықыласпен тыңдаңыз, оның ойына құрметпен қараңыз. Көптеген мәселелердің біржақты шешімі жоқ екенін көрсетіңіз. Егер оқушылар сізді тыңдауды тоқтатса, демек, сіз тым ғылыми тілде сөйлеп жатырсыз, тым көп деректер келтіріп немесе жеткілікті мәнерлі сөйлеп тұрған жоқсыз.

Тағы бір маңызды қағида – әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарау, оның сұрақтарына құрметпен қарау, пікір білдіруге бейім емес балаларды да түсіну.

Бір сөзбен айтқанда, Амстердамдағы Ұлттық теңіз музейінің өкілі Реммелт Даалдердің «Музей және демократия» халықаралық семинарында айтқанындай: «Бала музейде енді тек әсер етудің «құрбаны» болмауы керек. Ол қалаулы қонақ, өзін еркін сезінетін «өз адамы» ретінде қабылдануы тиіс. Ол музейде жай ғана тыныштықта бола алады, зерттеумен айналыса алады, бақшаны қазып, сурет салып, шығармашылықпен айналысып немесе компьютермен ойнай алады».

Экспозицияның құрылымы **қарапайымнан күрделіге қарай** жүйеленді және әрбір экспонат тобында диалектикалық принцип сақталды. Келушілер экспозициямен «жақсы құрылымдалған оқулықтағыдай» нөмірленген бөлімдер, тараулар және параграфтар арқылы танысты. Музей кеңістігінде алғаш рет келушінің тікелей әрекет етуіне мүмкіндік беретін модельдер орнатылды. Сонымен бірге ғылыми-көмекші материалдар – кестелер, диаграммалар, схемалар, кино және диафильмдер көрсетуге арналған құрылғылар енгізілді.

Музейдің «экскурсиялық желісі» (маршруты) 16 км-ге созылды. Экскурсиялар тек қызығушылар үшін ғана емес, сондай-ақ қолөнершілер, студенттер, мектеп оқушылары мен жұмысшылар үшін арнайы ұйымдастырылды. Барлық музей қызметкерлері техника мен технология саласында жоғары кәсіби дайындыққа ие болып, келушілерге жеке түсініктемелер берді.

Неміс музейі Германиядағы музейлердің әрі қарайғы дамуына айтарлықтай ықпал етті. Оның экспозициялық және білім беру қызметі музей мен келуші арасындағы кері байланыс мәселесін теориялық тұрғыда талқылауға түрткі болды. Осы кезеңнен бастап музей мазмұны мен формасы әртүрлі келуші топтарының қабылдау ерекшеліктерін ескеруі қажет деген ұстаным қалыптаса бастады. Бұл жағдай Германия музейлерінде алғашқы социологиялық зерттеулердің жүргізілуіне әкелді. Мәселен, 1930 жылы

Берлиндегі Табиғат тарихы музейінде келушілердің «әлеуметтік бейнесін» айқындауға бағытталған сауалнама жүргізілді. Онда жынысы, жасы, әлеуметтік мәртебесі, музейге келу себептері мен ұсыныстары анықталды.

Аталған зерттеулерге АҚШ тәжірибесінің әсері болғанымен, бұл құбылыстың Германияда пайда болуы музей ісінің дағдарыстық кезеңімен тығыз байланысты еді. Осы дағдарыстан шығудың бір жолы ретінде Неміс музейі өз қызметінде келушімен қарым-қатынасты жаңа музейлік-педагогикалық концепция негізінде құру арқылы көрсетті.

Келушілермен өзара байланыс мәселесі басқа музейлер үшін де өзекті болды. «Музеумскунде» журналында «Тірі музей» атты арнайы айдар ашылып, онда келушілерді тарту және музей аудиториясымен жұмыс тәжірибесі жөніндегі мақалалар тұрақты жарияланып отырды.

Оқытуға арналған музейлер, көпшілікке қолжетімділігі шектеулі болғанына қарамастан, өз жұмысын кеңейтуге ұмтылды: жұмыс уақыты мен ашық күндерін көбейту, лекциялық және экскурсиялық қызметтерді дамыту, ересектер мен балаларға арналған арнайы білім беру курстарын енгізу секілді шаралар қолға алынды.

Алайда бұл үрдістің екіжақты сипаты да байқалды. Г. Кершенштейнердің «экспозиция – оқулық» концепциясы кейіннен ұлттық социалистік идеологияның ықпалымен жаңа бағытта дамып, жастарға ерекше назар аударған мектепке бағытталған теорияның қалыптасуына негіз болды. Нәтижесінде музей қызметі мектептің қажеттіліктеріне толықтай бағындырылды.

Сонымен бірге Г. Кершенштейнер музей педагогикасының дамуына жаңа серпін берді. Бұған дейінгі музей мамандары білім беру міндеттерін негізінен сыртқы ұйымдастырушылық шаралар арқылы шешсе (лекциялар, насихат жұмыстары, жұмыс уақытын ұзарту, экскурсиялар және т.б.), Кершенштейнердің жаңалығы – музей коммуникациясының өзегін педагогикалық принципке негізделген экспозиция деп тануында болды. Экспозиция негізгі ғылымның логикасына, келушінің қабылдау деңгейіне және білім беру мақсаттарына сай құрылуы тиіс деп есептелді.

Ғалымның екінші маңызды жаңалығы – XVIII ғасыр педагогтарымен қалыптасқан көрнекілік принципін жаңа деңгейде дамытуы. Пассивті қабылдаудың орнына ол оқушының белсенді шығармашылық әрекетін ұсынды. Бұл мақсатқа музейдің интерактивті экспонаттары, жұмыс істейтін модельдері және қабылдауды белсендендіретін басқа да құралдар қызмет етті.

Осылайша, Г. Кершенштейнердің музей педагогикасы концепциясы музейлік білім беру теориясын елеулі түрде байытты. Неміс музейі табиғи ғылымдар мен техникалық жетістіктерді көрсету арқылы бұл концепцияның нақты жүзеге асқан алғашқы үлгісі болды. Өйткені алғаш рет педагогикалық қағидалар нақты музей жобасы мен қызметінде кешенді түрде қолданылды. Қалай болғанда да, музей ісіндегі 1930-жылдардың ортасында орын алған процестердің табиғи нәтижесі ретінде «музей педагогикасы» ұғымының

пайда болуы заңды құбылыс еді. Бұл ұғым музей қызметінің дербес бағытын айқындайтын ғылыми категория ретінде орнықты.

Осы контексте «музейлік педагогика» термині алғаш рет 1931 жылы Г. Фройдентальдың «Музей – Халықтық білім беру – Мектеп» атты еңбегінде қолданылды. Бұл мәлімет неміс музейтану әдебиетінде кең таралған пікірге – аталған терминді алғаш енгізген К. Х. Якоб-Фризен деген көзқарасқа белгілі бір түзету енгізеді.

***Музей мен мектептің өзара іс-қимыл тұжырымдамасын әзірлеу.
Г. Фройденталь «Музей – Халықтық білім – Мектеп» жұмыс кітабының
мәні***

Музейдің білім беру функциясы алғаш рет 1904 жылы А. Лихтварк еңбектерінде ғылыми тұрғыда негізделгенімен, бұл идея музейлік практиканың толыққанды жүйесіне бірден енген жоқ. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында музей ісінің жетекшілері ағартушылық бағыттағы қызметті дамыту жолдарын іздестірді. Сол кезеңде музейдің білім беру мүмкіндіктері курстар, дәрістер және тақырыптық шаралар өткізу арқылы іске асырылды, ал экспозициялық шешімдерді жетілдіру мәселелері кәсіби талқылаудың өзегіне айналды.

1920-жылдардың басынан бастап музей мен мектептің өзара байланысы мәселесі музейтанулық әдебиетте негізгі тақырыптардың біріне айналды. 1930-жылдары бұл бағыттағы жарияланымдар көлемі бірнеше есеге артты. Мұндай серпілістің маңызды себебі – фашистік биліктің орнауынан кейін мектеп мұғалімдеріне оқу бағдарламасы шеңберінде жыл сайын оқушыларды музейге апару міндетінің енгізілуі еді.

1919 жылы құрылған **Неміс музейлер одағы** да бұл үдерістің күшеюіне ықпал етті. 1932 жылы өткен одақтың жалпы жиналысы музейлердің қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарына әсерін кеңейту мәселелерін талқылауға арналды. 1938 жылы «Музеумскунде» журналында «Музейлердің білім беру қызметі» атты жаңа айдар ашылды. Бұл бөлімнің алғашқы материалдарының 80 %-ына жуығы АҚШ музейлерінің келушілермен жұмыс тәжірибесін талдауға арналды.

1930-жылдардың басында **Берлиннің Оқыту және тәрбие орталығы** музей мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты дамытуда жетекші рөл атқарды. Бұл орталықтың айналасына көрнекті педагогтар мен музей қызметкерлері – Л. Паллат, Д. Рихтер, А. Фишер, Г. Фройденталь және басқалар – топтасты. Олардың еңбектері музей мен мектептің өзара ықпалдастығын жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Музей педагогикасының Германияда дамуының маңызды кезеңі – 1929 жылдың сәуірінде Оқыту және тәрбие институты ұйымдастырған «**Музей және мектеп**» конференциясы болды. Бұл конференцияның күн тәртібінде 1904 жылы Маннгеймде көтерілген өзекті мәселе – музейдің қоғамдық ықпалын кеңейту – қайта қаралды. Ерекше назар көркем галереялар мен

қолданбалы өнер музейлерінің ағартушылық әлеуетіне аударылды, ал мектептер музей мен қоғам арасындағы негізгі дәнекер ретінде қарастырылды.

Конференцияның шешімдері Германиядағы музей педагогикасының ұзақмерзімді даму бағдарламасына айналды. Құжаттарда музейдің білім беру кеңістігіндегі ерекше рөлі атап өтіліп, оқушылардың музейге баруын тиімді ұйымдастыру үшін арнайы көрмелер мен сабақ өткізуге арналған бөлмелер ашу қажеттілігі көрсетілді. Сонымен қатар, мұғалімдерге «музейлік педагог» – педагогикалық даярлығы бар музей маманы – көмектесуі тиіс деген ұсыныс айтылды. Музейге бару сабақтармен тығыз байланыста дайындалып, алынған әсерлер кейін оқу процесінде қолданылуы қажет деп танылды. Осы мақсатта музей құрамында арнайы педагогикалық бөлім құру идеясы ұсынылды.

Осылайша, 1929 жылғы конференция А. Лихтварктың 1880-жылдары қалыптастырған педагогикалық бағдарын жалғастырып, музей педагогикасының теориялық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады. Музей мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестік жүйесінде аралық буын ретінде музей педагогі мен педагогикалық бөлімнің болуы қажеттігі мойындалды. Бұл бастама Германияда тек 1960-жылдары толық жүзеге асты.

Оқыту және тәрбие институтының қызметі музей мен мектеп арасындағы кедергілерді жоюға бағытталды. 1915 жылдан бастап институт мұғалімдерге арналған дәрістер циклін және археология мен табиғи тарих бойынша экскурсияларды ұйымдастырды. Бұл іс-шаралардың мақсаты пән мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттырумен қатар, музей ісінің әдістемесін меңгерту болды.

Бұл дәрістерге Германияның жетекші музейлерінің қызметкерлері белсенді қатысты. 1920–1930 жылдардағы музей тақырыбындағы ғылыми және кәсіби әдебиет қоғамның музейді халыққа білім беру орталығы ретінде мойындай бастағанын дәлелдеді. Осы кезеңдегі пікірлер музейдің әлеуметтік және тәрбиелік миссиясын айқын көрсетті: *«Музейлер ең алдымен тәрбиелеуші болуы тиіс, ескі заттарды жинаушылар емес»* (В. Валентинер); *«Музейдің қасиетті міндеті – халықтық білім беру саласында жұмыс істеу»* (В. Петцлер); *«Музей жас ұрпақ пен оқушылар арасында өз ықпалын кеңейтуі қажет»*.

Осылайша, 1920–1930 жылдары Германия музейлерінде қалыптасқан тәжірибе мен ғылыми ой-пікір музей мен мектептің өзара іс-қимылының теориялық және практикалық негізін қалады. Бұл кезең Г. Фройдентальдың *«Музей – Халықтық білім – Мектеп»* еңбегінде жүйеленіп, музей педагогикасының дамуының жаңа парадигмасын айқындады.

Г. Фройдентальдың *«Музей – Халықтық білім – Мектеп»* атты еңбегі музей педагогикасы тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып саналады. Бұл еңбекте автор музей мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестік мәселесін терең және жан-жақты талдап, музейдің білім беру процесіндегі орны мен рөлін анықтауға ұмтылады. Фройдентальдың идеялары Германияда музей

педагогикасының дербес бағыт ретінде қалыптасуына зор ықпал етті және музейлер мен білім беру мекемелері арасындағы институционалдық байланысты нығайтуға негіз қалады.

Зерттеуші мұғалімдердің оқушыларды музейге апару кезінде жиі кездесетін басты қиындықтардың бірі – музей құрылымының мектеп бағдарламасына сәйкес келмеуінде деп есептейді. Ол бұл мәселені былайша сипаттайды: *«Музейлер тарихи өзге себептермен құрылған, олардың алғашқы мақсаты білім беру міндеттерін орындау болған жоқ. Егер біз музейлерді педагогикалық қызметке бейімдегіміз келсе, онда музей мен мектеп арасындағы айырмашылықты, олардың мүмкіндіктері мен шекараларын нақты түсінуіміз қажет».*

Фройденталь музейлерді мақсаттық және мазмұндық ерекшеліктеріне қарай бірнеше категорияға бөледі:

1. **Жүйелеуші музейлер** – белгілі бір ғылымның мәнін ашуға, объективті заңдылықтарды көрсетуге бағытталған (мысалы, табиғаттану, өндіріс және технология музейлері).
2. **Мәдениеттанушылық музейлер** – мәдени ортаны уақыт пен кеңістік контекстінде құжаттық тұрғыда таныстыруға арналған (мысалы, тарихи музейлер).
3. **Эстетикалық музейлер** – көркемдік құндылықтар арқылы көркем мәдениетті көрсетуге бағытталған (сурет галереялары және өнер музейлері).

Сонымен қатар, автор ерекше **білім беру музейлерін** бөліп көрсетеді. Бұл музейлер тікелей оқыту мақсатына арналған және белгілі бір тақырып бойынша педагогикалық бағытта жұмыс істейді. Мысалы, Дрездендегі гигиена музейі, Кильдегі өрт сөндіру музейі, Мюнхен, Берлин және Гамбург қалаларындағы еңбек музейлері, сондай-ақ Штутгарттағы қолөнер музейінің «Қолөнер жұмыстары» бөлімі осы типке жатады.

Фройденталь ұсынған бұл жүйелеу мұғалімдер үшін әдістемелік бағдар ретінде қарастырылады, өйткені ол оқу мақсаттарына сәйкес музейге баруды дұрыс жоспарлауға және әрбір музей типінің білім беру әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Автор музейге барудың нәтижелі өтуі үшін бірнеше маңызды педагогикалық шарттарды белгілейді:

1. Нақты оқу мақсатының болуы. Әрбір бару алдын ала айқындалған дидактикалық мақсатқа бағытталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, *«қуаныштың орнына шаршау мен музейге деген өмір бойғы теріс көзқарас қалыптасуы мүмкін».*
2. Музейге баруды оқу процесінің құрамдас бөлігі ретінде қарау. Музеймен танысу «жеңіл ермек» емес, оқушылардан зейін мен күш-жігерді талап ететін маңызды оқу іс-әрекеті деп түсіндіріледі.
3. Музейге баруды сабақтардың орнына ұйымдастыру. Фройдентальдың пікірінше, музейге бару сабақтан кейін емес, оның орнына өткізілгені

жөн, өйткені бұл жағдайда оқушылар сергек күйде болып, материалды қабылдауға дайын болады.

4. Музей алдындағы психологиялық кедергіні жою. Балалар үшін музей кеңістігі қорқыныш тудырмауы керек. Автор мұны «мектептен музейге көшу кезеңінің ішкі дайындықсыз өтуі» деп сипаттайды. Сондықтан ол оқушыларды негізгі салтанатты кіреберіс арқылы емес, «бүйір есік» арқылы енгізуді ұсынады – бұл тәсіл ресми емес атмосфера тудырып, музейді таныс әрі қолжетімді етеді.
5. Обзорлық экскурсиялардан бас тарту. Жалпы шолу сипатындағы экскурсиялар оқушылардың жас ерекшелігіне сай емес, қабылдауға тым күрделі деп бағаланады.
6. Экспонаттарды жас ерекшелігіне сай таңдау. Көрсетілетін заттар оқушылардың қызығушылығына және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес іріктелуі тиіс. Фройденталь ең алдымен жергілікті өлкетану және табиғаттану музейлерін пайдалануды ұсынады, ал техникалық және арнайы тақырыптағы музейлермен танысу оқушылардың жасына қарай кейінірек жүргізілуі қажет деп санайды.
7. Мұғалімнің және оқушылардың алдын ала дайындалуы. Мұғалім музейге баруға тек өзі дайындалып қана қоймай, оқушыларды да алдын ала бағыттап, оқу мақсатымен таныстыруы қажет.
8. Қорытынды шығармашылық жұмыс. Музейге барудан кейін оқушылар өз бетінше шығармашылық жұмыс орындауы керек: көргені бойынша эссе немесе шығарма жазу, сурет салу, макет немесе модель жасау және т.б.

Бірінші топқа жаратылыстану топтамаларына жататын өнеркәсіп және технология музейлері, екінші топқа тарихи музейлер, ал үшінші топқа картина галереялары кіреді. Сонымен қатар, автор білім беруге бағытталған педагогикалық музейлердің арнайы тобын ерекше атап өтеді. Мысалы, Дрездендегі Гигиена музейі, Киледегі Өрт қауіпсіздігі музейі, Мюнхен, Берлин және Гамбург қалаларындағы Еңбек музейлері осы бағытқа жатады. Бұған қоса, Штутгарттағы Өнеркәсіп музейінің «Шала өнеркәсіп» бөлімі мен басқа да тақырыптық көрмелер білім беру мақсатындағы музейлердің тиімді үлгілері ретінде көрсетіледі.

Бұл жүйе барлық мүмкіндіктерді ескере отырып, музейге келуді дұрыс жоспарлау үшін мұғалімдер назарына ұсынылған. Г.Фройдентальдің пікірі бойынша музейдегі сабақ сәтті өтуі үшін келесі принциптерді ұстану қажет:

1. музейге барудың нақты оқу мақсатын белгілеу. Онсыз «музейге сапар қуаныштың орнына қажытып, музей туралы қате пікір қалыптастырады»;

2. «музейге сапар – жәй ғана көңіл көтеру емес зейін мен ынтаны талап ететін маңызды мектеп жұмысы» екенін ұғыну;

3. Музейге мектептегі сабақтан кейін емес сабақтың орнына музейге бару қажет. Себебі музейден алынатын ақпараттарды жақсы ұғыну үшін балалар сергек болуы қажет.

4. Баланың музей туралы жасқаншақ ойын өзгерту. «Мектептен музейге бару баланың бойында ішкі толқулар мен қисынсыз болжамдарды тудырмауы қажет.

5. «Баланың да, үлкеннің де ұғынуы үшін күрделі» болатын шолу экскурсиядан бас тарту.

6. Көрсетілетін экспонаттарды «баланың жас ерекшелігіне» қарай таңдау. Бастапқыда өлкетану немесе жаратылыстану бағытындағы музейлерді тамашалап, техникалық және арнайы бағыттағы музейлерге баланың қабілеті айқындалған кезде бару қажет.

7. Музейге баруға мұғалім өзімен қатар оқушыларында дайындауы қажет.

8. Музейге бару нәтижесін өзіндік шығармашылық жұмыс түрінде қорытындылау ұсынылады. Мәселен, оқушыға музейде көргені мен білгені туралы шығарма жазу, сурет салу және мүсінін жасау сынды тапсырма беру.

Музейдің білім беру қызметінің тарихында алғаш рет дайындық, жүзеге асыру және бекіту кезеңдерін қарастыратын музейдегі сабақты ұйымдастырудың кешенді әдістемесі ұсынылды.

Г. Фройденталь балалардың музейге баруының жаңа әдістемелік үлгісін ұсынды. Егер бұған дейін музейге бару мұғалімнің алдын ала дайындығымен (музейдегі мұғалімдерге арналған курстар арқылы) шектелсе, енді негізгі назар оқушы тұлғасына аударылды. Баланы музеймен таныстыруға дайындау, оның жас ерекшелігіне сай қолжетімді және қызықты экспонаттарды іріктеу, сондай-ақ музейге бару барысында шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру мәселелері басты назарға алынды. Автордың бұл бағыттағы идеялары уақыт талабына сай өзектілігін сақтап отыр. Тіпті қазіргі музей педагогикасының тәжірибесінде де оның ойлары толық жүзеге асырылмаған деуге болады.

Кітапта қозғалған маңызды мәселелердің бірі – музей экспозициясын құрастыру қағидалары. Г. Фройденталь Г. Кершенштайнердің ізбасары ретінде экспозицияны білім беру мақсатына сай құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Ол экспозициялық материалды оқу процесіне енгізудің ыңғайлылығына ерекше мән береді. Алайда, зерттеуші кей жағдайда бұл көзқарастың маңызын асыра бағалап, мектептік әдістемеге тым бағдарланған. Бұл оның педагогикалық көзқарасының басымдығын айқындайды.

Музей келушілеріне арнайы ізденіс сипатындағы тапсырмалар ұсыну Г. Фройденталь әдістемесінің айрықша ерекшелігі болып табылады. Осы арқылы ол музейді тек көру мен бақылау орны емес, белсенді танымдық әрекет алаңы ретінде қарастырды.

Сонымен, еңбекте сабақ ұйымдастыру әдістемесі мен экспозицияны құрастыру талаптарын өзара байланыстыра отырып, музейдің білім беру функциясын жүзеге асырудың негізгі шарттары айқындалған.

«Музей – Халықтық білім – Мектеп» атты кітапта жарияланған Г. Фройдентальдің музейлік-педагогикалық бағдарламасы Германия музейтану тарихындағы алғашқы жүйелі бағдарлама болып саналады. Бағдарлама

музейдің білім беру әлеуетін анықтау (Гамбургтың алты музейі мысалында), олардың экспозицияларын мектептің барлық сатысындағы оқу бағдарламаларымен ұштастыру және мұғалімдердің музейді оқу құралы ретінде пайдалануын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Мектептің әр сатысында белгілі бір типтегі музейге бару ұсынылған: бастауыш сыныптарда – жаратылыстану, өнер және өлкетану музейлері; негізгі мектеп кезеңінде – тарих, этнография және жаратылыстану музейлері; ал жоғары сыныптарда – техникалық және салалық музейлер.

1920–1930 жылдары Германияда музейлік-педагогикалық қызмет мектеп пен музейдің өзара іс-қимылына қатысты жаңа тұжырымдамалармен толықтырылды. Осы кезеңде көрнекті педагогтер мен музей мамандарының еңбектерінде музей сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің жаңа әдістемесі әзірленіп, музейді білім беру мақсатында пайдалану жолдары зерттелді және арнайы бағдарламалар жасалды.

Алайда бұл бағытта музейді мектептің қосалқы құралы ретінде қарастыру тенденциясы қалыптасты. Соның салдарынан музейдің білім беру қызметі абсолютті деңгейге көтеріліп, оның мәдени-ағартушылық және әлеуметтік қызметтері екінші қатарға ысырылды. Нәтижесінде қоғамдық сана мен музейлік тәжірибеде «Үшінші рейхтің қызметіндегі музей» деген стереотип орнықты.

Қорытындылай келе, 1890–1930 жылдары Германияда музей қызметінің жаңа бағыты – музей педагогикасы қалыптасты және ол бірнеше даму кезеңдерінен өтті.

Бірінші кезең (1890–1910 жж.) музейлік-педагогикалық идеялардың қалыптасуы мен алғышарттарының пайда болуымен сипатталады. А. Лихтварктың реформаторлық идеяларының ықпалымен музей қызметі білім беру бағытын басты міндет ретінде қабылдай бастады. Музей жаңа аудиторияларға – жұмысшыларға, қолөнершілерге және мектеп оқушыларына – есік ашты. Келушілерге қызмет көрсетудің жаңа формалары мен әдістері енгізілді.

Екінші кезеңде (1910–1930 жж. басы) Г. Кершенштайнердің Мюнхендегі Неміс жаратылыстану және техника музейінде жүзеге асырған «музей педагогикасы» тұжырымдамасы ерекше рөл атқарды. Бұл кезеңде музей педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылып, экспозицияны қарапайым адам мен маманға бірдей түсінікті етуге бағытталды. «Музей педагогы» және «музей педагогикасы» терминдерінің пайда болуы осы идеяның заңды жалғасы болды.

Үшінші кезеңде (1930 жж.) музей педагогикасы мектеп пен музейдің өзара байланысы мәселелерін терең зерттей бастады. «Музей педагогы» ұғымын алғаш енгізген Г. Фройденталь оны педагогикалық білімі бар, музейде оқушылардың оқу процесін ұйымдастыра алатын маман ретінде сипаттады. Оның идеяларының ықпалымен музей педагогикасы мектепке бағытталып, қызмет аясы негізінен оқушылармен шектелді.

Барлық үш кезеңге тән ортақ ерекшелік – педагогикалық теорияның музей тәжірибесінен озық жүруі. Сондықтан бұл зерттеу негізінен Германия музей педагогикасының жетекші тұлғалары – А. Лихтварк, Г. Кершенштайнер және Г. Фройдентальдің қызметіне арналған.

Ұлттық-социалистік идеологияның орнауы, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі экономикалық дағдарыс неміс музей педагогикасының дамуын ұзақ уақыт тежеді. Тек 1960 жылдары музей саласы дағдарысқа ұшыраған тұста музей педагогикасы қайта жанданды.

Бұл кезеңде Батыс және Шығыс Германия өз үлестерін қосты. ГДР-де музей ісін қалпына келтіру КСРО мамандарының ықпалымен жүзеге асып, кеңестік музей педагогикасының оқу-ағартушылық тәжірибесі үлгі ретінде қабылданды. Нәтижесінде Шығыс Германия музейлері мемлекеттік идеологиялық және мәдени саясаттың құралына айналды, ал музей педагогикасы – тәрбие мен білім берудің тиімді тетігіне айналды.

1963 жылы Германияда Оқу-ағарту министрлігі жанынан музейдің педагогикалық қызметін үйлестіру және оны мектеппен байланыстыру мақсатында «Мектеп және музей» тобы құрылды. 1966 жылы ол ГДР Мәдениет министрлігінің музейтану бөлімі жанындағы Музей педагогикасы жөніндегі жұмыс тобына айналды. К. Патцвал және Й. Аве жетекшілігімен бұл топ жаңа ғылыми пәнді теориялық тұрғыда негіздеуді өз міндеті ретінде белгіледі.

Германия музейтанушылары музей педагогикасын былайша сипаттайды:

«Социалистік қоғамдағы музей қызметінің теориялық және практикалық педагогикалық аспектілеріне бағытталған, музейтану мен педагогиканы біріктіретін ғылыми көмекші пән».

1968 жылы Мәскеу мен Ленинградта өткен ИКОМ конференциясында (музейлердің білім беру және тәрбие ісі мәселелеріне арналған) бұл топтың жұмысы халықаралық деңгейде мойындалды. Кейін К. Патцвал ИКОМ-ның Білім беру және мәдениет комитетінің мүшесі болып сайланды.

1960 жылдардың басында білім беру жүйесін реформалау қажеттілігіне байланысты музей педагогикасы Батыс Германияда да қайта дамыды. Осы уақытта бірнеше мәдени және педагогикалық орталықтар құрылды: «Пруссия мәдени мұрасының неміс музейлерінің сыртқы қызметі» (1961), «Кельн музейлерінің сыртқы қызметі» (1965), «Нюрнбергтегі Неміс ұлттық музейінің өнер және педагогикалық орталығы» (1965) және басқалары.

1971 жылы Мюнхенде алғашқы музейлік-педагогикалық орталық құрылып, 1970-жылдардың соңына қарай олардың саны алтыға жетті. Сонымен бірге ірі музейлер жанынан жиырма беске жуық музейлік-педагогикалық бөлім мен орталықтар ашылып, олардың барлығында штаттық немесе штаттан тыс музей педагогы қызметі енгізілді.

Дегенмен, Батыс Германия музейлері Шығыс Германиямен салыстырғанда басқа бағытта дамыды. Коммуникация теориясы мен гуманистік білім беру концепцияларының ықпалымен музей педагогикасы

жаңа ғылыми пән ретінде қалыптасты. Оның мақсаты музейді тек білім беру құралы ретінде емес, келушілердің мәдени мұрамен тиімді байланыс орнатуына мүмкіндік беретін коммуникациялық кеңістік ретінде дамыту болды. Бұл тәсіл ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, шығармашылық қабілетті дамытуға және музей қызметінің барлық саласына ықпал етуге бағытталды.

Осылайша, ГДР музейлері соғысқа дейінгі музей педагогикасының дәстүрлерін қайта жаңғыртса, ГФР музейлері музейдің коммуникативтік қызметіне басымдық берді. 1990 жылы елдің бірігуінен кейін бұл үрдістер тұтас Германия музейлеріне тән сипат алды.

Өскелең ұрпақпен жұмыс музейдің педагогикалық қызметінің басты бағыты болып қала берді. Сондықтан бұл мәселе келесі бөлімде жан-жақты талданады.

Неміс балалары музейде қалай оқиды

Берлиндегі Пруссиялық мәдени мұрасы мемлекеттік музейлерінің музейтану институты (1988 ж.) жүргізген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, елдегі зерттелген 1460 музейдің 84%-ы балалар мен жастармен жұмыс істеуді өздерінің басты міндеттерінің бірі деп санайды. Ал олардың 78,6%-ы мектептермен және 46%-ы жоғары оқу орындарымен тұрақты байланыс орнатқан.

Неміс музейлерінде назар аудартатыны – келушілердің басым бөлігі балалар. Олар ата-аналарымен немесе сыныппен бірге экскурсияға қатысады, сурет салып, қолөнермен айналысады, кейде жай ғана еденде отырып ойнайды. Ең бастысы – олардың көздерінде қызығушылық пен танымға деген құштарлық бар.

Көп жағдайда балалар музейге сыныбымен келеді. Мектептегі дәстүрлі сабақпен салыстырғанда музейдегі сабақтың артықшылығы зор. Себебі музейлік білім алу түпнұсқа заттармен, нақты тарихи және мәдени артефакттармен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мұндай сабақтар ойын мен эвристикалық тәсілдерді қамтитын жаңа үлгідегі білім беру формасын ұсынады. Музейдегі сабақ мектептегі оқуды оқушылардың бос уақытындағы танымдық қызығушылықпен ұштастыра отырып, кейіннен оны арнайы музейлік-педагогикалық бағдарламалар арқылы дамытуға жағдай жасайды.

Германияның мектеп педагогтары музейдің барлық білім беру бастамаларына үлкен қолдау білдіреді. Көптеген мектептерде музейге бару үшін арнайы «музей күні» белгіленген. Музей мен мектептің білім беру үдерісін бірлесіп жүзеге асыру – педагогикалық қауымдастық үшін маңызды әрі көптен күткен ынтымақтастық үлгісі.

Балалармен музейде жұмыс жүргізудің тиімді формаларының бірі – «жұмыс дәптері» (нем. *Arbeitsheft*) әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың музей экспозициясымен өздігінен жұмыс істеуін ұйымдастыруға бағытталған.

«Жұмыс дәптері» ұғымы және оның маңызы

«Жұмыс дәптері» – музей экспозициясын балаларға таныстыруға арналған, көрнекі суреттермен безендірілген және қызықты тапсырмалардан тұратын оқу құралы. Оның мазмұны мектеп бағдарламасына жақын болғандықтан, мұндай сабақтарды оқу жоспарына енгізу қиындық тудырмайды.

Мұғалім үшін «жұмыс дәптерін» пайдалану – оқушылардың пәндік білімін тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Ол мектеп қабырғасындағы сабақтың жалғасы ретінде музей кеңістігінде оқушылардың шығармашылық ізденісін ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Музейде сабақ өткізуде мұғалімнің белсенді қатысуы халықаралық тәжірибеде кең тараған. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия және басқа да елдерде мұғалімдерді музейлік сабаққа арнайы дайындау жүйесі қалыптасқан. Ресейде бұл мәселе XX ғасырдың басында көтерілді: 1913 жылы өткен Халық ағарту жөніндегі екінші Бүкілресейлік конгресте қабылданған «Музей туралы» резолюцияда педагогтардың музей саласындағы жеке бастамаларын қолдау қажеттігі атап өтілді.

1930-жылдары мұғалімдерге мектеп бағдарламасына сәйкес музейде экскурсия жүргізу міндеттелді, бірақ бұл идея кеңінен жүзеге аспады. Бұған мұғалімдердің шамадан тыс жүктемесі, материалдық ынталандырудың жоқтығы және арнайы әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі себеп болды. Арнайы музейлік материалдар әзірлеу ісіне педагогтар мен музей қызметкерлері бірлесе қатысқанда ғана тиімді нәтиже берді. Мұғалім өз сыныбының ерекшеліктерін, білім деңгейін жақсы білетіндіктен, оқушыларды алдын ала музейге дайындап, алынған материалды өз пәнінде жалғастырып қолдана алды.

«Жұмыс дәптерінің» құрылымы мен қолданылуы

Федеративтік Германия Республикасында «жұмыс дәптерін» пайдалану музейлік сабақтың ең кең тараған түрлерінің бірі болып табылады. Мюнхеннің музейлік-педагогикалық орталығының мәліметі бойынша, 1987 жылы қаладағы «Тарихқа дейінгі жиналыс» көрмесін тамашалаған сыныптардың 93%-ы осы әдісті қолданған. Мұндай оқу құралдарын шығару көп шығынды қажет етпейді және олар оқушыларға тегін таратылады.

«Жұмыс дәптері» үш бөлімнен тұрады:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық – сабақтың мақсаттары, мазмұны және оқушыларды дайындау тәсілдері сипатталады.
2. Оқушыға арналған тапсырмалар бөлімі – экспонаттарға байланысты суреттер мен сұрақтар, кроссвордтар, салыстыру немесе шығармашылық тапсырмалар қамтылады.
3. Қосымша ақпарат – сабақта қолданылатын экспонаттар туралы қысқаша мәлімет пен иллюстрациялар беріледі.

Кітапшаның қосымшасы ретінде «мұғалімге арналған паракша» дайындалады. Онда сыныпты музейге апаруға байланысты әдістемелік ұсыныстар, бақылау жұмыстарын ұйымдастыру нұсқаулары және әдебиеттер тізімі беріледі.

«Жұмыс дәптерін» дайындау барысында музей қызметкерлері қала мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, материалдарға түзетулер енгізіледі. Бұл өзара әрекет педагогтарға сабақ өткізу кезінде музей мамандарының кәсіби көмегін пайдалану мүмкіндігін береді және музей мен мектептің арасындағы педагогикалық байланысты нақты жүзеге асырады.

№ 1 кесте

Музейдің атауы	Коллекция түрі	«Жұмыс парақшасының» атауы	Оқушылардың жасы	Оқу пәні
Ескі Пинакотека	Көркем өнер	Рождество	5-7 сыныптар	Тәрбие ісі, дінтану
Мюнхеннің мемлекеттік антикалық коллекциясы	Көркем өнер, тарих	Троя соғысы (4 дәптер): – Гектор, Троя батыры; - Трояға шабуыл - Ахиллес – гректердің батыры; - Парис және Елена. Афинадағы әйелдер	5-7 сыныптар	Тарих
Глиптотека	Көркем өнер, тарих	Римдіктердің қоғамдық өмірі (4 дәптер): - императордың портреті; - императордың қару-жарағы; - Марс алаңының құрбандары; - гладиаторлардың күресі.	7-9 сыныптар	Тарих, латын тілі
Ленбхауздегі мемлекеттік галерея	Көркем өнер	Көк жолбарыс (заманауи абстрактілік кескіндеме) Саяхаттағы суретші	5-7 сыныптар	Тәрбие
Мысыр өнерінің мемлекеттік жинағы	Көркем өнер, тарих	Өлгендерге табыну (4 дәптер): - балалар мумиясы; - бишінің ағаш табыты; - өлгендердің соты; - кейінгі өмір.	5-7 сыныптар	Тарих, дінтану
Мюнхеннің тарихқа дейінгі мемлекеттік жинағы	Тарих	Бавария және рим кезеңі (4 дәптер): - қолөнер және сауда; - Рим құрылысы мен өнері; - дін, жерлеу рәсімдері; - военное искусство Палеолит дәуірінің қыстағында	5, 7-9 сыныптар	Тарих, дінтану

		Бавариядағы ерте кельттердің арасында Бавария жеріндегі алғашқы қала		
--	--	---	--	--

Мектеп мұғалімі «жұмыс дәптерін» әзірлеуге қатысумен қатар, музейге баруға жеке дайындық жасауы тиіс. Бұл процесс көп уақыт алмайды, алайда оның тиімділігі зор: нәтижесінде сабақ мазмұнды да жоғары деңгейде өтеді.

«Жұмыс дәптерінің» немесе оқушыға арналған тапсырмалардың білім беру мақсатынан бөлек тағы бір маңызды міндеті бар – ол баланы музей кеңістігінде өз бетінше бағдарлануға, экспозицияның тілін түсінуге және түпнұсқа заттардың мәнін бағалауға үйрету. Осылайша, музейлік мәдениет элементтері оқушының тұлғалық тәжірибесіне енгізіледі. Мұндай тәсіл баланың тек танымдық белсенділігін ғана емес, сонымен қатар мәдени-эстетикалық қабылдауын да қалыптастырады.

Бұл үдерістің нақты нұсқаулар мен алдын ала келісілген маршруттарға сүйенуі кейде артық тәртіп сияқты көрінуі мүмкін. Алайда тәжірибе көрсеткендей, экспозициямен жұмыс істеудің қарапайым қағидаларын білмейтін оқушыдан терең шығармашылық белсенділікті күту қиын. Сондықтан «жұмыс парақшаларының» мазмұны ойын элементтерін, зерттеу сипатындағы тапсырмаларды, эмоциялық қабылдауды ынталандыратын сұрақтарды қамтуы тиіс. Бұл тәсіл оқушының бақылау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыта отырып, музейлік коммуникацияны табиғи білім беру процесіне айналдырады.

Әдістемелік нұсқаулық (немесе «жұмыс парағы») музейлік сабақ барысында әрбір оқушыға жеке беріледі. Онда оқушының аты-жөні, сыныбы, мектебінің нөмірі мен сабақ өткізілген күні көрсетіледі. Сабақ мұғалімнің кіріспе сөзімен басталып, одан кейін оқушылар шамамен бір сағат көлемінде өздігінен жұмыс атқарады. Мұндай құрылым оқушыға музей кеңістігінде өз бетімен бағыт табуға, экспонаттармен жеке қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Осылайша, музей мен мектеп арасындағы өзара іс-қимылдың бұл үлгісі оқу процесін жаңа деңгейге көтереді: оқушы пассивті тыңдаушы емес, белсенді зерттеушіге айналады. Ал мұғалім мен музей педагогының бірлескен еңбегі музейді білім берудің толыққанды серіктесіне айналдырады.

Дәптердің алғашқы беттерінде залдардағы витриналардың орналасу жоспары мен экспонаттардың көру маршруты сызбалық түрде көрсетіледі. Бұл оқушылардың бағдарлануын жеңілдетіп, сабақтың құрылымдық логикасын сақтауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында көрсету үшін, әдетте, 6–7 экспонат таңдалып алынады – олардың әрқайсысы белгілі бір тақырыптық, эстетикалық немесе технологиялық мазмұнды ашуға бағытталған.

Егер «жұмыс дәптерінің» мәні тек осы экспонаттарға қатысты сұрақтармен шектелсе, оның педагогикалық және танымдық құндылығы шектеулі болар еді. Дәптердің басты артықшылығы – мазмұндық

құрылымының күрделілігінде және білім алудың белсенді, зерттеу сипатына негізделуінде.

Біріншіден, авторлар оқушылардың назарын арнайы таңдап алынған нысандарға бағыттап, оларды зерттеу сұрақтары арқылы тереңірек танысуға ынталандырады. Мұнда оқушы жұмыс істейтін дәптер бөлігінде экспонат туралы толық мәлімет әдейі берілмейді. Бұл тәсіл оқушыны мұражай кеңістігіндегі тікелей бақылауға, естіген және көрген ақпаратты өз бетінше талдауға итермелейді. Тек сабақ аяқталған соң, анықтамалық сипаттағы қысқаша мәлімет дәптердің соңғы бетінде беріледі. Мұндай құрылым оқушыларды дайын білімді жаттап алудан гөрі, оны тәжірибе мен жеке әсер арқылы игеруге бағыттайды.

Дәптерді құрастырушылар үшін басты мақсат – оқушының белгілі бір тарихи фактіні жаттап алуы емес, оның эмоциялық қабылдауын, бейнелі ойлауын, эстетикалық сезімін дамыту және материалдық мәдениет элементтерінен қажетті білімді өздігінен табуға үйрету. Осы міндеттерді орындау үшін түрлі тапсырмалар жүйесі пайдаланылады:

- заттың сұлбасын немесе фрагментін салу;
- бірнеше нұсқаның ішінен дұрыс жауапты таңдау;
- экспонат негізінде ұсынылған гипотезаны дәлелдеу немесе жоққа шығару;
- оқиға логикасын реконструкциялау.

Тапсырмалардың түрленіп отыруы оқушылардың қызығушылығын сақтап, сабақтың эмоционалды қарқынын арттырады. Сонымен қатар, «жұмыс парақтарының» ойын және шығармашылық сипатта берілуі музей сабағын еркін де қызықты етеді.

Екіншіден, дәптер мазмұны оқушының музей затының функциясын, оның жасалу тәсілі мен тарихи маңызын түсінуіне жағдай жасайды. Суретсіз берілген мәтін, әсіресе күрделі технологиялық немесе тұрмыстық құралдар жайында сөз болғанда, заттың қызметін ұғынуға кедергі келтіреді. Сондықтан заманауи визуалды мәдениетті ескере отырып, мұндай басылымдарда иллюстрациялар ерекше рөл атқарады.

Мысалы, Мюнхеннің Тарихқа дейінгі мемлекеттік жинағы әзірлеген *«Палеолит дәуірінің қыстағы»* атты жұмыс дәптерінде өз дәуірінің киімін киген, қол ұршығымен жұмыс жасап отырған әйел немесе қарапайым тоқыма станогында отырған шебер бейнеленген. Суреттерде зығыр мен жүн талшығының мүйіз таяқшаға бекітіліп, одан әрі саусақтармен бұралып, ұршыққа оралу үдерісі егжей-тегжейлі көрсетілген. Дәл осындай тәсілмен тас құралдарды өңдеу, аңшылық қаруын жасау немесе алғашқы керамика қалыптау көріністері де берілген.

Бұл визуалды тәсілдер баланың елестету қабілетін дамытып, затты жай бақылаудан оның қызметін, жасалу технологиясын және мәдени контекстін түсінуге көшуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде музей сабағы тек көру мен тыңдау әрекеті ғана емес, зияткерлік және шығармашылық тәжірибеге айналады.

Үшіншіден, түрлі форматтағы іс-әрекеттер арқылы оқушыны шығармашылыққа баулайды.

Бұл тәсілдің тиімділігін нақты тапсырмалар мысалында байқауға болады:

- музей экспонатының жетіспейтін бөліктерін бейнелеу;
- суреттерге сүйене отырып, музей затының жасалу кезеңдеріне тақырып қою;
- ұқсас бірнеше затты салыстыру;
- дәптердегі фрагмент бойынша экспонатты табу.

Мюнхеннің антикалық жинағына арналған «Троя соғысы» дәптерінде тарихи тұлғалар атынан диалог құрастыру тапсырмасы беріледі. Мұндай жұмыс түрлері оқушының қиялын дамытып, тарихи сюжетті бейнелі және эмоционалды түрде қабылдауына ықпал етеді.

Төртіншіден, салыстыру арқылы кеңістік-уақыттық бейнелерді қалыптастыру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін «уақыт жебесі» әдісі жиі қолданылады. Ол Исаның туған күнін және біздің дәуірімізді белгілеу арқылы тарихтың үздіксіздігін көрсетеді. Мысалы, оқушылар сызғышты пайдаланып, қола немесе ерте темір дәуіріндегі адам мен қазіргі заман арасындағы мыңдаған жылдық арақашықтықты сызбада белгілейді. Бұл тәсіл уақыт ұғымының ауқымын нақты және көрнекі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Егер сабақ кіші жастағы балаларға арналса, онда уақытты салыстыру олардың күнделікті тәжірибесіне бейімделіп беріледі — мысалы, ата-анасының немесе ата-әжесінің жасы арқылы.

Бесіншіден, баланың экспозицияланған зат туралы жеке көзқарасын қалыптастыру. Әр дәптерде оқушыға «Қай экспонат саған көбірек ұнады және не себепті?» деген тапсырма беріледі. Мұндай сұрақ баланың талғамын, ойлау қабілетін және өз пікірін дәлелдеуді үйретеді. Әдетте, оқушылар 3–4 адамнан тұратын шағын топтарда жұмыс істейді, бұл өзара пікір алмасуға, диалог пен бірлескен ойлауға мүмкіндік береді. Осындай ұжымдық жұмыс барысында оқушылар мұғаліммен және бір-бірімен көргендерін талқылап, мәдени коммуникация дағдыларын дамытады.

Мюнхен музейлік-педагогикалық орталығы енгізген маңызды жаңалықтардың бірі – музей сабақтарына педагогикалық практикадан өтуші студенттердің қатысуы. Бұл тәжірибе оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақтың интерактивті сипатын күшейтеді.

Жас ерекшелігіне қарай бейімделген нұсқалар. Германия музейлерінде әртүрлі жастағы балаларға арналған «жұмыс дәптерлері» жүйесі қалыптасқан. Мюнхен орталығының басылымдары көбіне орта буын оқушыларына бағытталса, Майнцтағы жаратылыстану музейі мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істейді. Бұл жағдайда мәтіннен гөрі суретке басымдық беріледі.

Мысалы, тапсырмалар мынандай сипатта болады:

- нүктелер мен сандарды қосып, пайда болған кескінді экспозициядан табу;
- жетіспейтін әріптерді толықтырып, сұрақтың жауабын табу;

- дәптердегі бейнені музейдегі түпнұсқамен салыстырып, айырмашылықтарды анықтау;
- кроссворд шешу;
- экспонат бейнесін бояу.

Көптеген жағдайда дәптермен жұмыс үйде жалғасады. Музейлер арнайы папкалар шығарып, қағаздан ежелгі грек дулығасын, римдік сандал, ортағасырлық шіркеу киімдері мен қалалық ғимараттардың үлгілерін жасауға мүмкіндік береді. Бұл балалардың моторикасын дамытып, тарихи тақырыпқа эмоционалды жақындасуына ықпал етеді.

«Жұмыс дәптері» музей сабағының тек жарты бөлігін қамтиды. Қалған уақытта мұғалім ойын, бейнефильм немесе театрландырылған көрініс ұйымдастыру арқылы тақырыпты кеңейтеді.

Жалпы алғанда, «жұмыс дәптерлерін» қолдану оқушының музей экспозициясын белсенді және саналы түрде тануына, тарихи уақытты сезінуіне, сондай-ақ жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Германия педагогтарының пікірінше, музейлік сабақтарды оқу бағдарламасына жүйелі түрде енгізу оқу материалының терең және тұрақты меңгерілуіне әкеледі.

Бүгінгі таңда Ресей мектептері де білім беру жүйесін жетілдіру жолында осы тәжірибені назарға алуы тиіс. Дүниежүзілік мәдениет пен рухани құндылықтарға бет бұра отырып, музейді баланың тұлғалық дамуының сенімді серігі ретінде қарастыру қажет. Бірсарынды экскурсиялардан бас тарту, ойын, театрландырылған қойылым, диалог және мерекелік бағдарламалар сияқты жаңа жұмыс түрлерін енгізу – музейдің тәрбиелік және мәдени әлеуетін арттырып, оны заманауи педагогикалық кеңістікке айналдырады.

Әлемдік тәжірибені, әсіресе Германияның музей педагогикасын ескеру – ресейлік және жалпы посткеңестік музейлердің әдістемелік дамуына қуатты серпін бере алады.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. АҚШ-та музей педагогикасының қалыптасу тарихына тоқталыңыз.
2. Музейлік білім берудің ресейлік үлгісін сипаттаңыз.
3. Музей педагогикасының қалыптасуындағы А. Лихтварк, Г. Кершенштейнер және Г. Фройдентальдің рөлдерін айқындаңыз.
4. Германия және АҚШ мамандарының музей педагогикасы қызметіне байланысты теориялық тұжырымдарын салыстырыңыз.
5. Балаларға арналған музейлердің құрылу тарихы және олардың қызметі.
6. Музей мен мектеп арасындағы байланыстың негізгі ұстанымдарын көрсетіңіз.
7. Музейде білім беру үдерісін сипаттаңыз.

МУЗЕЙДЕГІ ҮЙІРМЕ МЕН ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

Музейдің білім беру қызметін жүзеге асырудың ең тиімді формаларының бірі – музей жанындағы үйірмелер мен жазғы лагерьлер. Бұл құрылымдар балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, мәдени және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мұндай жұмыстардың басты ерекшелігі – олардың ойын, зерттеу және шығармашылық іс-әрекетті біріктіре отырып, оқу мен тәрбиені табиғи түрде ұштастыруында.

Музей үйірмелері көбіне мектеп жасындағы балаларға арналған және нақты тақырыптық бағытта жұмыс істейді: археология, этнография, тарих, өнер, табиғат немесе қолөнер. Үйірме мүшелері музей қорындағы заттармен танысып қана қоймай, оларды зерттеу, сипаттау, макет немесе көшірме жасау сияқты практикалық жұмыстарға қатысады. Мұндай жұмыс баланың ұсақ моторикасын, байқампаздығын, танымдық қызығушылығын арттырып, зерттеушілік ойлау мен шығармашылық қабілетін дамытады.

Музей жанындағы үйірмелердің маңызды бағыты – жас экскурсоводтар мектебі. Мұнда балалар музейдің тарихын, экспозициялық бөлімдердің мазмұнын, экскурсия жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйренеді. Бұл тәжірибе олардың көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін, жауапкершілік сезімін және коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады. Сонымен бірге, музей ісіне тартылған жасөспірімдер өз қаласының немесе өңірінің тарихына қызығушылық танытып, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Ал жазғы музейлік лагерьлер – музей педагогикасының кеңістігін жаңа деңгейде кеңейтетін ерекше форма. Олар оқу жылы кезінде алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, музей мен табиғи орта арасындағы байланысты жандандырады. Мұндай лагерьлерде балалар экскурсияларға қатысып қана қоймай, археологиялық немесе этнографиялық тәжірибелерге, далалық зерттеулерге, шығармашылық шеберханаларға қатысады.

Мысалы, Германия, Польша, Чехия сияқты елдерде жазғы музей лагерьлері балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламалары негізінде жұмыс істейді. Онда әрбір күн белгілі бір тақырыпқа арналады: «Ежелгі қолөнер күні», «Ортағасырлық қала өмірі», «Табиғат және адам». Балалар өз қолымен бұйымдар жасап, тарихи реконструкцияларға қатысады, нәтижесінде өткен дәуірлердің өмір салтын тәжірибе жүзінде сезінеді.

Қазақстан музейлерінде де соңғы жылдары мұндай тәжірибе қалыптаса бастады. Мысалы, ұлттық және аймақтық музейлер жанында ұйымдастырылатын жазғы лагерьлер балаларға экспозициямен танысумен қатар, сурет салу, керамика жасау, дәстүрлі музыка мен ұлттық ойындар бойынша сабақтар ұсынады. Бұл балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, отансүйгіштік пен рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Музей үйірмелері мен жазғы лагерьлердің тағы бір ерекшелігі – олардың инклюзивті сипаты. Мұнда әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтағы балалар бір ортада шығармашылықпен айналысып, бір-бірінен үйренеді. Бұл музейді

тек мәдениет пен тарих қоймасы емес, қоғамдық бірлік пен әлеуметтік бейімделу алаңы ретінде көрсетеді.

Қорытындылай келе, музей жанындағы үйірмелер мен жазғы лагерьлер – музей педагогикасының өміршең әрі болашағы зор бағыттарының бірі. Олар баланың мәдени тәжірибесін кеңейтіп қана қоймай, тұлғалық, эмоционалды және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Музей осылайша тек өткеннің куәсі емес, болашақ ұрпақты тәрбиелеудің белсенді институтына айналады.

Музей педагогикасы саласында білімді меңгерудің белсенді әдістері кеңінен қолданылады. Танымдық үдеріс көбіне белгілі бір іс-әрекет барысында, еркін пікір алмасу мен диалог арқылы жүзеге асады. Кей жағдайларда оқушыларға рөлдік тапсырмалар беріліп, олар тарихи немесе мәдени бейнелерді, дыбыстарды, қимыл-қозғалыстарды имитациялайды. Мұндай тәсілдер баланың эмоционалдық күйін, эстетикалық қабылдауын және қиялдық ойлауын дамытуға бағытталған.

Музейлердегі сабақтарда балаларды бұрын-соңды көрмеген немесе өз өмір тәжірибесінен тыс мәдени және тарихи заттармен таныстыруға баса назар аударылады. Бұл, бір жағынан, олардың дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, зерттеушілік қызығушылығын арттырса, екінші жағынан, шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Көптеген шетелдік зерттеушілердің пікірінше, музейдің басты міндеті – білім беру барысында ғылыми және эстетикалық ұғымдарды баланың сезімдік тәжірибесімен ұштастыру. Бұл тәсіл арқылы балалардың ақпаратты қабылдау, талдау және қолдану қабілеттері дамиды. Бірқатар батыс педагогтары музейлік білім беруді тек фактілер мен мәліметтерді меңгеру емес, сонымен қатар оларды тәжірибе жүзінде қолдану, шешім қабылдау және сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру үдерісі деп қарастырады.

Музейлердің қазіргі білім беру тұжырымдамаларында баланы қоғам өміріне бейімдеу, әлеуметтендіру, қолданыстағы моральдық және құқықтық нормалар туралы түсінік қалыптастыру, логикалық және шығармашылық ойлауды дамыту міндеттері айқын көрініс табады [Юхневич, 1997: 17].

Бұл міндеттер музей кеңістігінде әртүрлі педагогикалық формалар арқылы жүзеге асырылады. Музей педагогикасы қатаң реттелген ережелерге бағынбайды, керісінше, икемді және дамуға бейім жүйе ретінде ерекшеленеді. Музейдегі жұмыс түрлері тарихи жағдайлар мен қоғам сұраныстарына байланысты үздіксіз өзгеріп, жаңа мазмұнмен толықтырылып отырады.

Музей қызметінің дәстүрлі формаларына экскурсиялар, дәрістер, семинарлар, кездесулер, үйірмелер мен клубтық жұмыстар жатады. Соңғы жылдары музей тәжірибесінде дәстүрлі емес форматтар – олимпиадалар, викториналар, дебаттар, театрландырылған қойылымдар мен тақырыптық мерекелік іс-шаралар кеңінен қолданыс тапты.

Осы тұрғыда, музей педагогикасы қызметінің ең тиімді әрі дәстүрлі түрлерінің бірі – музей жанындағы үйірмелердің жұмысы болып табылады.

Мысал ретінде «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының тәжірибесін атап өту орынды.

Музей жанындағы үйірме – музей бағытына сәйкес білімді тереңдету мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында қызығушылықтары ортақ балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық бірлестігі. Үйірме жұмысы музей коллекциясы мен оның құрылымдық бөлімдерінің материалдары негізінде жүргізіледі.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығында қазіргі таңда бірнеше бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді:

- «Жас археолог»,
- «Жас реставратор»,
- «Жас экскурсовод».

Бұл үйірмелер мектеп оқушылары арасында ұлттық тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани мұраларды сақтау және қорғау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, олар жас ұрпақтың туған жер тарихына қызығушылығын арттырып, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеуді мақсат етеді.

Әр үйірменің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың мәдени және тарихи білімін кеңейту, елдің рухани мұрасына құрмет сезімін дамыту, шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіру. Сабақтар теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады және аптасына бір рет өткізіледі.

Үйірме сабақтарын музей-қорықтың тәжірибелі мамандары – археологтар, реставраторлар және экскурсоводтар жүргізеді. Бағдарламаның ұзақтығы үш айды қамтиды, ал соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар тапсырылады.

Музей педагогикасының басты қағидасы – оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес білім беру мазмұнын құру. Бұл қағида баланы өмірлік дағдыларды игеруге, шығармашылық тұрғыдан ойлауға және мәдени құндылықтарды өз тәжірибесі арқылы түсінуге баулиды.

Зерттеулерге сәйкес, 9–12 жас аралығындағы балалар абстрактілі ұғымдарды – дін, экология немесе әлеуметтік құбылыстарды – түсіне бастайды, алайда олардың таным үдерісінде сезім мүшелері арқылы қабылдау (сенсорлық тәжірибе) әлі де жетекші рөл атқарады. Осыған байланысты музейлік сабақтарда заттық әлеммен тікелей байланыс орнату, көрнекілік пен тәжірибелік әрекеттерге негізделген тапсырмалар ерекше маңызға ие.

Музей қабырғасында ұйымдастырылатын үйірмелер – жас ұрпақты отансүйгіштікке, рухани-мәдени мұраны қадірлеуге тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі. Осы тұрғыда, жас буынды экскурсиялық қызметке тарту арқылы олардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту және патриоттық сезімін қалыптастыру өзекті мәселелердің қатарында.

Бұл мақалада «Жас экскурсовод» үйірмесі аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар мен олардың мәдени туризмді дамытудағы рөлі қарастырылады. Аталған бастама мәдени туризмнің жаңа бағыты ретінде танылып келеді. Біріншіден, ол жастардың туризм мен экскурсияға қызығушылығын арттырады; екіншіден, олардың мәдени және коммуникативтік құзыреттерін дамыта отырып, болашақта музей, туризм, тарих саласында кәсіби бағыт таңдауына мүмкіндік береді; үшіншіден, музейлер мен білім беру мекемелерінің өзара ынтымақтастығын нығайтады [Абдрахманова, 2018: 102].

Үйірменің басты мақсаты – оқушылар мен жастарға экскурсия жүргізу мәдениетін үйрету, тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру және сөйлеу мен коммуникация дағдыларын жетілдіру. Бағдарлама теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады:

- Теориялық бөлімде: экскурсия жүргізу әдістері, музей ісінің негіздері, өлкетану және «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығына қарасты тарих және мәдени ескерткіштердің тарихы оқытылады.
- Практикалық бөлімде: қатысушылар музей залдары мен тарихи нысандарда экскурсия жүргізу арқылы тәжірибе жинақтайды.

«Жас экскурсовод» үйірмесінің бағдарламасы өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз ету, балаларды музей кеңістігімен таныстыру, туған жер мен Отанға сүйіспеншілікті арттыру мақсатын көздейді. Бағдарлама музейдегі оқу-тәрбие жұмысы жүйесінде экскурсия ісінің негіздерін меңгеруге бағытталған.

Мектептегі оқыту жүйесі арнайы оқу бағдарламасы мен пәндік курстар арқылы жүзеге асады және уақыт, оқу жүктемесімен шектеледі. Ал музей – формальді емес білім беру кеңістігі. Мұнда келушілер өз еркімен, жас ерекшелігі мен қызығушылығына қарай қатыса алады [Егізбаева, 2012: 66].

Мектеп үйірмелері әдетте жылдық оқу жоспары негізінде өтсе, музейдегі үйірмелер қысқа мерзімді сипатқа ие. «Әзірет Сұлтан» музей-қорық базасындағы үйірме 24 академиялық сағаттан тұрып, үш айға жоспарланды. Үйірме сабақтары 7–8 және 9–10 сынып оқушыларына арналған екі топқа бөлініп өткізілді. Сабақтар алдын ала бекітілген тақырыптық жоспарға сай ұйымдастырылып, теориялық және практикалық бөлімдерді қамтыды. Әр топта 8–10 оқушыдан артық қабылданбады, сабақтар оқушылардың сабақтан тыс бос уақытында өткізілді.

Үйірме қатысушылары тарих, өлкетану және туризм негіздері бойынша базалық білім алып, экскурсия жүргізу ісінің қыр-сырымен танысады. Алған білімдерін олар практика барысында өз қатарластарына арналған танымдық экскурсиялар ұйымдастыру арқылы бекітеді. Осыған орай, сабақтардың шамамен 20%-ы теория, 80%-ы практика түрінде өтеді.

Үйірменің мақсаттары:

- музейдің тәрбиелік әлеуетін арттыра отырып, білім беру кеңістігін жетілдіру;

- ~ өлкетану мен музейтану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз бетінше жұмыс істеуге баулу;
- ~ музей мен туған өлке тарихы бойынша экскурсия жүргізетін жас экскурсоводтарды даярлау;
- ~ ұлттық тарих пен мәдени мұраны жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау.

Үйірменің міндеттері:

- ~ оқушылардың ізденіс, зерттеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- ~ шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау;
- ~ азаматтық және патриоттық ұстанымын қалыптастыру;
- ~ экскурсиялық қызмет арқылы музей мәдениетін сіңіру;
- ~ туған өлке мен ұлттық тарихқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Экскурсиялық дағдыларды қалыптастыру үшін қолданылатын әдістер.

1. Теориялық сабақтар. Экскурсия жүргізудің құрылымы мен әдістемесі, аудиториямен жұмыс істеу тәсілдері, сөйлеу мәдениеті және ақпаратты жеткізу логикасы оқытылады.
2. Практикалық жаттығулар. Қатысушылар нақты экскурсиялар өткізіп, өз дағдыларын жетілдіреді, тәжірибелік рефлексия жүргізеді.
3. Рөлдік ойындар. Түрлі жағдаяттарды модельдеу арқылы шешім қабылдау, аудиториямен қарым-қатынас жасау және күтпеген сұрақтарға жауап беру қабілеттері дамытылады.
4. Квесттер мен викториналар. Танымдық ойындар мен тапсырмалар арқылы тарихи және мәдени мәліметтерді меңгеру үдерісі жеңілдетіледі, сонымен қатар топтық жұмыс дағдылары қалыптасады.
5. Мастер-кластар. Тәжірибелі экскурсоводтар мен музей мамандарымен кездесулер ұйымдастырылып, кәсіби тәжірибе алмасу жүзеге асырылады [Қасымова, 2022: 32].

Негізгі әдістер

- ~ Ауызша әдіс – жаңа білімді түсіндіру, баяндау, әңгімелеу және сұхбат арқылы меңгерту.
- ~ Көрнекілік әдісі – карталар, схемалар, фотосуреттер, буклеттер және музей экспонаттарын пайдалану арқылы бейнелі ойлауды дамыту.
- ~ Ізденіс әдісі – қосымша әдебиеттермен, тарихи деректермен жұмыс істеу, ақпаратты талдау және салыстыру.
- ~ Жаттығу әдісі – экскурсия мәтінін құрастыру, сұрақтарға жауап беру, сөйлеу жаттығуларын орындау.
- ~ Бақылау және зерттеу әдісі – музей қорындағы материалдармен, заттық жәдігерлермен және архив деректерімен танысу, оларды талдау.
- ~ Практикалық әдіс – экскурсия жүргізу дағдыларын нақты ортада (музей залдарында, ескерткіштер маңында) практика жүзінде меңгеру [Иванова, 2016: 82].

Жұмыс формалары

Үйірме жұмысы ұжымдық және жеке форматта ұйымдастырылады. Ұжымдық формаға әңгімелер, экскурсия тақырыптарын талқылау, пікірталастар, бірлескен жаттығулар мен квесттер кіреді. Жеке формада оқушылар ғылыми, мемуарлық, көркем және анықтамалық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істейді, музей материалдарын зерттейді, экскурсия мәтінін құрастырады.

Экскурсоводтың сөйлеу мәдениетін дамыту ерекше назарда болады. Үйірме қатысушылары кітаппен жұмыс істеу, жоспар құру, жазып алу, конспектілеу, экскурсия мәтінін дайындау сияқты дағдыларды меңгереді [Қасымова, 2022: 27].

Күтілетін нәтижелер

- «экспонат», «музей», «қор», «архив», «экскурсия», «экскурсовод» ұғымдарын білу және дұрыс қолдану;
- зейін, қабылдау, байқағыштық, ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- мәдени және тарихи таным көкжиегін кеңейту;
- экскурсоводтың кәсіби-практикалық дағдыларын меңгеру;
- өз ойын сауатты жеткізу, аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату.

Үйірме сабақтарының мазмұны:

№	Тақырыптың (бөлімнің) атауы	Жалпы сағат саны
1	Кіріспе	2
2	Экскурсия – музей жұмысының негізгі формаларының бірі	2
3	Музей қорымен танысу	1
4	Экскурсиялық мәтін дайындауға арналған материалдарды жинау	3
5	Экскурсоводқа қойылатын негізгі талаптар	4
6	Практикалық сабақтар. Экскурсия жүргізу	12

1-бөлім. Кіріспе (2 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар *музей ұғымымен*, оның *түрлері* (мемлекеттік, жеке, мектеп музейі және т.б.) мен *қызмет бағыттарымен* танысады. Музейдің құрылу тарихы, негізгі бөлімдері, экспозиция және экспонат ұғымдары туралы жалпы түсінік қалыптасады.

Практикалық бөлім: оқушылар «Сирек жәдігерлер» музейіне экскурсия жасап, экспозиция құрылымын талдайды және көрмелік материалдарды бағалау дағдыларын дамытады.

2-бөлім. Экскурсия – музей жұмысының негізгі формаларының бірі (2 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар «музей», «экспозиция», «экскурсия», «экскурсовод» ұғымдарын меңгереді. Экскурсия түрлері, маршрут

құрастыру, экспонат таңдау жолдары қарастырылады. Сонымен қатар экскурсоводтың рөлі мен музейдің құрылымдық жүйесіне шолу жасалады.

Практикалық бөлім: оқушылар музейге барған әсерлерін талдап, экскурсия жүргізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды.

3-бөлім. Музей қорымен танысу (1 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар музей қорларының түрлері, олардың есепке алыну және инвентарлық кітаптарды толтыру тәртібімен танысады.

Практикалық бөлім: оқушылар қор сақтау және тіркеу үдерістерін бақылап, қор есебінің үлгілерін толтыруды үйренеді.

4-бөлім. Экскурсиялық мәтін дайындауға арналған материалдарды жинау (3 сағат)

Бұл бөлім экскурсиялық мәтін құрастыру үшін ақпарат іздеу, сұрыптау және жазбаша деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Практикалық бөлім: оқушылар тарихи дереккөздермен, мұрағат құжаттарымен жұмыс жасап, естеліктер мен сұхбаттарды жазып алу тәжірибесін меңгереді.

5-бөлім. Экскурсияға қойылатын негізгі талаптар (4 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар экскурсоводтың *сөйлеу мәдениеті, имиджі және этикет талаптарымен* танысады. Экскурсия мәтінін құрастыру, оны техникалық құралдармен сүйемелдеу жолдары үйретіледі.

Практикалық бөлім: проза мен өлең оқу, тыныс алу және дикцияға арналған жаттығулар орындалады; экскурсиялық мәтін мен мультимедиялық презентациялар әзірленеді.

6-бөлім. Практикум. Музейлерге бару. Бастауыш сынып оқушыларына арналған экскурсиялар өткізу (12 сағат)

Бұл бөлімде оқушылар «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оған жақын орналасқан тарихи-мәдени нысандарда тәжірибелік сабақтар өткізеді.

Практикалық бөлім: қатысушылар өздері дайындаған мәтін бойынша бастауыш сынып оқушыларына шолу және тақырыптық экскурсиялар жүргізеді. Бұл тәжірибе олардың жауапкершілігін арттырып, өз ойын еркін жеткізу және музейлік ортада жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіреді.

Қорытынды

«Жас экскурсовод» үйірмесі – музей педагогикасының заманауи бағыты ретінде мәдени туризмді дамытуға, өскелең ұрпақтың тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Бағдарлама барысында оқушылар экскурсия жүргізудің негізгі қағидаларын меңгеріп қана қоймай, отансүйгіштік, жауапкершілік және коммуникативтік мәдениет қасиеттерін бойына сіңіреді.

Музейлік ортада білім алу олардың зерттеушілік, шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамытып, өмірлік және кәсіби бағдар таңдауға негіз қалайды.

«ЖАС АРХЕОЛОГ» ҮЙІРМЕСІ.

«Жас археолог» үйірмесі мектеп оқушылары арасында ұлттық тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани құндылықтарды қорғау, сақтау және құрметтеу бағытында тәрбие жұмысын жүргізу мақсатында ұйымдастырылды. Үйірменің негізгі мақсаты – оқушылардың туған өлкесінің тарихын кеңінен танып-білуіне жағдай жасау, сонымен қатар халқымыздың тарихи және рухани мұрасына, мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Археология саласы бойынша оқушылардың алғашқы теориялық және практикалық түсініктерін қалыптастыру, археологиялық зерттеу әдістерімен таныстыру және археология ғылымына деген қызығушылығын ояту – үйірме жұмысының басты міндеті болып табылады.

Үйірменің алғашқы сабағы археология және реставрация ғылымдарына кіріспе түрінде өтті. Сабақ барысында археологияның тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретінде ежелгі және ортағасырлық қоғам дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын зерттейтін сала ретіндегі орны қарастырылды. Сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстарының түрлері мен ерекшеліктері, Қазақстан археологиясының қалыптасу тарихы туралы дәрістер ұйымдастырылды.

Түркістан оазисіндегі тас дәуірінің археологиялық ескерткіштеріне ерекше назар аударылды. 1993–2000 жылдары А.П. Деревянко және Ж. Таймағамбетов жетекшілік еткен Қазақстан–Ресей біріккен археологиялық экспедициясы Түркістаннан 18–30 км қашықтықта орналасқан Қосқорған және Шоқтас елді мекендерінің маңынан тас дәуірінің ескерткіштерін анықтаған [Деревянко және т.б., 2000: 3–155]. Ғылыми айналымға Қосқорған-1, Қосқорған-2, Шоқтас-1–5 атауларымен енген бұл тұрақтарда адамдар б.з.д. 522–427 мыңжылдықтар аралығында өмір сүрген.

Оқушылар «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қорындағы аталған тұрақтардан табылған тас дәуірінің еңбек құралдарымен танысты. «Қолмен ұстауға болады» атты практикалық сабақ барысында тас және қола дәуіріне жататын археологиялық жәдігерлерді өз қолдарымен ұстап көру мүмкіндігі берілді.

Өлке аумағындағы қола дәуірі ескерткіштері қатарында Шербай және Шыпан қорымдары ерекше аталады. 2000 жылы Түркістан археологиялық экспедициясы (ТАЭ) Шербай қорымында зерттеу жүргізіп, мұнда б.з.д. XVI–XII ғасырларда өмір сүрген адамдардың жерленгенін, шамамен 300-ге жуық қыш және металл бұйымдардың табылғанын анықтаған [Тұяқбаев, 2002: 82–85]. Бұл қорымдарға қатысты қазба жұмыстары мен олардың ғылыми нәтижелері келесі сабақтардың тақырыптарына арқау болды.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығына қарасты тарихи-мәдени ескерткіштер үш типологиялық топқа бөлінеді:

1. сәулет-құрылыс ескерткіштері;
2. археологиялық ескерткіштер;
3. киелі нысандар.

2016 жылы жарық көрген «Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер» жинағында өңірдегі 61 қала мен қоныс төрт тарихи кезеңге бөлініп сипатталған:

1. ерте ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. VI–I ғғ.);
2. кейінгі ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. I – б.з. IV–V ғғ.);
3. ерте және дамыған ортағасырлар ескерткіштері (V–XV ғғ.);
4. кейінгі ортағасыр ескерткіштері (XV–XVIII–XIX ғғ.) [Әубәкір, 2016: 34–111].

1996–2019 жылдары Түркістан археологиялық экспедициясы 59 қала мен қонысты зерттеп, олардың ішінде бұрын белгісіз болған 38 археологиялық нысанды ғылымға енгізді [Тұяқбаев, Тұрсынов, 2024: 113]. Осы материалдар негізінде жеке лекциялар ұйымдастырылып, оқушылар Сауран археологиялық-сәулеттік кешеніндегі, Ясы–Күлтөбе және Ескі Түркістан қала жұрттарындағы зерттеу нәтижелерімен танысты.

Практикалық сабақтар барысында оқушылар XVI–XIX ғасырларға жататын Хан Ордасы сәулет кешенінде жүргізілген археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған тұрмыстық бөлмелер мен мәдени қабаттарды көріп-зерттеді. Сонымен қатар Ясы–Күлтөбе қалашығында және ортағасырлық Сауран қаласында танымдық экспедициялар ұйымдастырылды. Саурандағы ашық аспан астындағы музейде орналасқан мешіт, ханака, медресе мен қорғаныс қамалдарының құрылымымен танысу оқушылардың ғылыми қызығушылығын арттырды.

«ЖАС РЕСТАВРАТОР» ҮЙІРМЕСІ.

«Жас реставратор» үйірмесінің жұмысы негізінен практикалық сабақтарға құрылған. Алғашқы сабақта реставрация ғылымының маңызы, археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлерді сақтау, зерттеу және қалпына келтірудегі реставратор маманының рөлі түсіндірілді.

Сабақ барысында арнайы дайындалған қорапқа құм толтырылып, оған қалпына келтіруге арналған сынық құмыралар мен тұрмыстық археологиялық бұйымдар көміледі. Үйірме мүшелері кәсіби археологтар секілді қалақ, қылқалам және өзге де құралдардың көмегімен жәдігерлерді «қазып» алады. Одан кейін керамика қалдықтарын тазалап, жуып, келтіру кезеңінен өтеді.

Музей-қорықтың реставратор мамандарының басшылығымен оқушылар аршылып алынған жәдігерлерді қалпына келтірудің негізгі сатыларын орындады: сынған бөліктерді біріктіру, жетіспейтін тұстарын

ермексаз және гипс арқылы толықтыру, кептіру және тегістеу. Соңғы кезеңде қалпына келтірілген бұйымдар түпнұсқа түсіне сәйкес боялды.

Сабақтардың тиімділігін арттыру мақсатында оқушылар әр сабақтан кейін арнайы параққа өз әсерлерін және ұсыныстарын жазып отырды. Бұл тәсіл үйірме жұмысын жетілдіруге және қатысушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Үйірме барысында оқушылардың бастамасымен «Үйірмеден үйрендім» айдарымен қысқаметражды бейнероликтер түсіру жобасы басталды. Бейнематериалдар «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып, оқушылар археологиялық және реставрациялық процестер туралы ақпараттық роликтер дайындады.

Олардың ішінде Түркістан аймағындағы Шоқтас және Қосқорған тұрақтары туралы, сондай-ақ қыш құмыраларды қалпына келтіру кезеңдері жөніндегі видеолар мектептердің тарих сабақтарында қосымша оқу материалы ретінде қолданылды.

Оқушылардың бұл бастамасы археология мен тарихи жәдігерлерге деген қызығушылықты арттырып, музей мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың жаңа тиімді формасын қалыптастырды.

Музейлер бүгінгі таңда тек көрмелер мен экспозициялар ұсынатын орын ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени білім беру мен тәрбиелеудің маңызды орталықтарына айналып отыр. Мәдени-ағарту қызметі музей ісінің негізгі бағыттарының бірі болып есептеледі. Осы қызмет арқылы музейлер мәдени білім беру мен тұлғаны тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асырады [Шляхтина, 2021: 11].

Музейдің мәдени-ағарту қызметі келушілермен жұмыстың түрлі формалары арқылы көрініс табады. Бұл қызметтің әдіснамалық негізін музейлік коммуникация теориясы мен музей педагогикасы құрайды. Қазіргі музей педагогикасы жеке тұлғаға бағытталған білім беру мен тәрбиелеу жүйесін ұсынады. Осыған байланысты музейдің мәдени-білім беру қызметінің негізгі бағыттары келесідей айқындалады: ақпарат беру, оқыту, шығармашылық қабілеттерді дамыту, тұлғааралық қарым-қатынас орнату және демалу [Пугач, 2017: 182].

Музей мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастық, әсіресе, балалардың білімін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында ерекше тиімді. Біздің зерттеуіміздің басты нысаны — мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін музейлік коммуникацияның формалары мен тәжірибелері.

Әлемдік музей практикасы балаларға арналған танымдық бағдарламалар мен жазғы мектептерді, лагерьлерді кеңінен қолданады. Балаларға ашық, интерактивті орта қалыптастыру музей педагогикасының басты қағидаларының бірі саналады. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, музей педагогикасы арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті, шығармашылық белсенділігі және тарихи-мәдени мұраға деген құрметі дамиды.

Елімізде де музей педагогикасы дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, өзінің даму кезеңдерін бастан өткеріп келеді. Қазіргі таңда музей педагогикасының әдіс-тәсілдерін келушілермен жұмыс барысында табысты қолдана бастаған музейлер қатары артуда.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін мектеп оқушылары жазғы демалысқа шығады. Ата-аналар үшін балалардың демалыс уақытын пайдалы әрі мазмұнды өткізу маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта қысқа мерзімді жазғы сауықтыру лагерьлері, шығармашылық мектептер және басқа да білім беру мекемелері жұмыс атқарады. Ал мәдениет мекемелері — соның ішінде музейлер — балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда қандай үлес қоса алады?

Бұл сұрақтың жауабы — еліміздегі көптеген музейлер үшін жаңа бағыт болған жазғы музей лагерьлерінде. Осындай жобалардың бірі – «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы негізінде 2025 жылдың маусым айының басында іске қосылған «Мұрагер» жазғы музей лагері. Бұл жоба пилоттық сипатқа ие және ақысыз (тегін) форматта ұйымдастырылуда.

Лагерь бағдарламасын әзірлеу барысында музей қызметкерлері отандық және халықаралық тәжірибелерді зерттеді. Әлемдік тәжірибеде жазғы музей лагерьлері балалар тәрбиесінің тиімді құралы ретінде қарастырылады. Олар арқылы балалар тарих, өнер және ғылым салаларында білімін кеңейтіп, мәдени ортада шығармашылық тәжірибе жинақтайды.

Мысалы, АҚШ-тағы Смитсон институтының “The Smithsonian Summer Camp” бағдарламасы 6–14 жас аралығындағы балаларға арналған төрт күндік оқу жоспарын ұсынады. Мұнда балалар музей кеңістігінде тәжірибелер жасап, өнер, ғылым және тарих бағытында жеке жобалар дайындайды [Smithsonian Summer Camps, 2025].

Британ музейіндегі “Kids Explorer” бағдарламасы жазғы демалыс кезінде өтеді. Онда балалар тарихи заттарды зерттеп, ежелгі мәдениеттер туралы интерактивті сабақтарға қатысады, археологиялық ойындар ойнап, өз бетінше артефактілерді сипаттауды үйренеді [British Museum Kids Explorer, 2025].

Лувр музейі (Франция) жаз айларында балаларға арналған шығармашылық шеберханалар ұйымдастырады. Балалар мұнда ежелгі Грекия, Египет және Франция тарихы бойынша квест шешіп, сурет сюжетін жалғастыру немесе экспонаттар негізінде өз өнер туындысын жасау тәжірибесін игереді [Louvre Museum, 2025].

Museum of Childhood (Шотландия, Эдинбург) музейінде балалар жазда тарихи ойыншықтар дайындау, ертегі кейіпкерлерін сахналау және интерактивті қойылымдарға қатысу арқылы музей мәдениетіне етене енеді [Museum of Childhood, 2025].

Қазақстанда да бұл бағыт бойынша алғашқы бастамалар қолға алынуда. 2024 жылы ҚР Мемлекеттік орталық музейі «Museum for Kids» атты жазғы музей лагерін ашып, балаларды қорғау күні қарсаңында алғашқы топты

кабылдады. Бағдарлама аясында балаларға арналған квесттер, шеберлік сабақтары мен экскурсиялар ұйымдастырылды.

Музейлер тек көрмелер мен экспозициялар ұсынатын орын ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени білім беру мен тәрбиенің маңызды орталықтарына айналып отыр. Мәдени-ағарту қызметі музей ісінің басты бағыттарының бірі болып саналады. Оның аясында музей мәдени білім беру және тәрбиелеу міндеттерін орындайды [Шляхтина, 2021: 11]. Бұл қызмет келушілермен жұмыстың әртүрлі формалары арқылы жүзеге асырылады.

Мәдени-ағарту қызметінің әдіснамалық негіздері музейлік коммуникация теориясы мен музей педагогикасы болып табылады. Қазіргі кезеңде мәдени-білім беру қызметі болашақ немесе нақты музей келушісінің жеке тұлғасына бағытталған. Осыған байланысты оның негізгі бағыттарын төмендегідей топтастыруға болады: ақпарат беру, оқыту, шығармашылық қабілеттерді дамыту, қарым-қатынас орнату және демалу [Пугач, 2017: 182]. Білім беру мен шығармашылық қабілеттерді дамыту бағыттарында музей мен мектеп арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігі айқын байқалады.

Әлемдік тәжірибеде жетекші музейлер балаларға арналған танымдық бағдарламаларды, жазғы мектептер мен лагерьлерді белсенді түрде жүзеге асыруда. Музейдің балаларға ашық, интерактивті орта ретінде құрылуы музей педагогикасының дамуына негіз болды. Қазақстанда музей педагогикасы өз алдына ғылым саласы ретінде қалыптасып, даму кезеңдерін өткеріп келеді. Қазіргі таңда музей педагогикасының әдіс-тәсілдерін келушілермен жұмыс барысында табысты қолдана бастаған музейлер баршылық.

Оқу жылы аяқталған соң мектеп оқушылары жазғы демалысқа шығады. Әрбір ата-ана үшін баласының демалысын тиімді әрі пайдалы өткізуі маңызды. Осы мақсатта түрлі жазғы сауықтыру лагерьлері мен мектеп жанындағы қысқа мерзімді бағдарламалар ұйымдастырылады. Бұл бағытта мәдениет мекемелері, әсіресе музейлер де белсенді қатыса алады. Осы тұрғыдан алғанда, балалардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастыруда музейлердің ұсынар мүмкіндіктері қандай деген сұрақ туындайды.

Осы сұрақтың жауабы еліміздегі көптеген музейлер үшін жаңалық болған – жазғы музей лагерьлері тәжірибесінде көрініс табады. «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері ағымдағы жылдың маусым айының басында пилоттық жоба ретінде жазғы музей лагерін ашуды қолға алды. «Мұрагер» деген атаумен ұйымдастырылған лагерь музей-қорық базасында ақысыз (тегін) негізде өткізіледі.

Лагерь бағдарламасын құрастыру барысында отандық және шетелдік тәжірибелерге талдау жүргізілді. Әлемдік музей практикасы көрсеткендей, жазғы лагерьлер балалар тәрбиесінің тиімді құралы болып саналады. АҚШ-тағы Смитсон институтының «The Smithsonian Summer Camp» бағдарламасы 6–14 жас аралығындағы балаларға арналған төрт күндік танымдық сабақтар өткізеді, онда қатысушылар музей залында тәжірибе жасап, өнер, ғылым және тарих бағытында жеке жобалар әзірлейді [Smithsonian Summer Camps,

2025]. Британ музейінде жазғы демалыс кезінде балаларға арналған «Explorer» бағдарламасы жүзеге асады. Онда тарихи артефактілерді зерттеу, ежелгі мәдениеттер туралы интерактивті шеберлік сабақтары мен ұжымдық ойындар өткізіледі [British Museum Kids Explorer, 2025]. Лувр музейі балаларға арналған шығармашылық шеберханалар ұйымдастырып, оларға ежелгі өркениеттер тарихы бойынша квесттер мен өнер жобаларына қатысу мүмкіндігін береді [Louvre Museum, 2025]. Шотландиядағы Museum of Childhood музейінде балалар тарихи ойыншықтар жасаумен, ертегілер сахналаумен және интерактивті қойылымдарға қатысумен айналысады [Museum of Childhood, 2025].

Отандық тәжірибеде де бұл бағыт қалыптаса бастады. ҚР Мемлекеттік орталық музейі 2024 жылы балаларды қорғау күні қарсаңында «Museum for Kids» жазғы музей лагерін іске қосты. Осылайша, «Мұрагер» жазғы музей лагері – халықаралық музей педагогикасы тәжірибесіне негізделген және ұлттық мәдени мұраны насихаттауға бағытталған инновациялық жоба.

Ресейлік зерттеуші Т.В. Галкина өзінің «XXI ғасыр музей педагогикасы: әлеуметтік-білім беру жобалары балалармен және жастар аудиторияларымен жұмыстың жаңа формасы ретінде» атты мақаласында музей ісіндегі жобалық қызметтің рөлін айқындай отырып: «Жобалық қызмет музей ісінде жаңа технология ретінде соңғы уақытта тек кең ауқым алып қана қоймай, сонымен қатар дәстүрлі музейлік-педагогикалық қызмет түрлерімен салыстырғанда жоғары коммуникациялық тиімділікті көрсетіп келеді», – деп атап өтеді [Галкина, 2009: 5].

«Мұрагер» жазғы музей лагерінің басты мақсаты – оқушылардың тарихи-мәдени мұра мен музей жәдігерлеріне деген қызығушылығын арттыру, музей ісін дәріптеу арқылы олардың шығармашылық және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Лагерьдің негізгі міндеттері:

- Балаларға музейдің қызметі мен маңызын таныстыру;
- Тарих пен мәдениетке құрмет пен қызығушылық қалыптастыру;
- Музейлік заттармен жұмыс істеу арқылы тарихи ойлау дағдыларын дамыту;
- Қазақ халқының мәдени мұрасы туралы терең мағлұмат беру;
- Шығармашылық тапсырмалар арқылы коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- Ұлттық ойындар мен дәстүрлер арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу;
- Балалардың бос уақытын тиімді және мазмұнды өткізуге жағдай жасау.

«Мұрагер» жазғы музей лагері «1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні» қарсаңында өз жұмысын бастады. Алғашқы легіне 1–5 сынып оқушылары қабылданды. Сабақтар күн сайын сағат 9:30-дан 12:00-ге дейін өткізіледі, әр лектің ұзақтығы – 10 күн. Бағдарламада «Археология әлеміне саяхат», «Қолөнер – халық мұрасы», «Аңыздар ізімен», «Қалпына келтіреміз», «Тарихи қазына» сияқты тақырыптар қамтылған. Сабақтар

музейдің арнайы жабдықталған балалар кабинеті, экспозициялық залдар және ашық алаңдарда өтеді.

Музейдегі лагерь қызметінің негізгі бағыттары:

- Танымдық экскурсиялар: музейдің тұрақты және уақытша экспозицияларымен танысу, квест ойындары өткізу;
- Шығармашылық сабақтар: сурет, макет жасау, қолөнер бұйымдарын құрастыру;
- Ұлттық дәстүр насихаты: қазақтың ұлттық киімдері, фольклоры және этнографиялық ойындармен танысу;
- Шеберлік сабақтары: музей-қорықтың археологтары мен реставраторлары өткізетін тренингтер мен практикалық сабақтар.

Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде балалар музей жәдігерлерімен еркін жұмыс істеуді үйренеді (мысалы, саздан қыш бұйым жасау, ежелгі заттарды қалпына келтіру), тарихи-мәдени құндылықтарға қызығушылығы артады, топпен жұмыс істеу мен шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы өз мүмкіндіктерін аша түседі. Сонымен қатар ұлттық ойындар мен қолөнер арқылы қазақ мәдениетіне жақындайды.

Лагерьдің тиімділігін бағалау мақсатында оқушылардың ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде ата-аналар балалар үшін музей базасында өткізілетін мәдени-ағартушылық іс-шаралардың санын арттыру қажеттігін атап өтті. Көпшілігі балалардың тек көрмені тамашалау емес, белсенді қатысуға мүмкіндік беретін бағдарламаларды қалайтынын білдірді. Осы тұрғыда «Мұрагер» лагері тек мәдени-тарихи білім берумен шектелмей, балалардың алған білімдері мен дағдыларын бекітуге бағытталған кешенді жоба ретінде ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, «Мұрагер» жазғы музей лагері – Қазақстандағы музейлік білім берудің жаңа форматы. Бұл тәжірибе шетелдік музейлік лагерьлер үлгісіне жақындай отырып, отандық контексте ерекше әдістермен жүзеге асты. Лагерь музейді балаға жақындатып, оны тек көрме емес, тірі білім кеңістігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Болашақта мұндай жобаларды кеңейтіп, әр өңірдегі музейлерге енгізу – еліміздің мәдени-ағартушылық саласына оң әсер ететіні сөзсіз.

«Мұрагер» жазғы музей лагерінің бағдарламасы

1-күн. Танысу және музей әлеміне қадам Сағат 9:30-12:00	Жазғы музей лагеріне оқушыларды қабылдау күні. Музей педагогтері ата-аналар мен оқушыларды лагерь жұмысымен таныстырып. Музейдің қызметі мен маңызы туралы ақпарат береді. Музей залдарында балаларға арналған экскурсиялар ұйымдастырылады.
2-күн. Археология әлеміне саяхат Сағат 9:30-12:00	Екінші күн «Жас археолог» үйірмесінің бағдарламасына енген «құнды жәдігерді тап», «тарих іздері не дейді?» сабақтары аясында балаларға арналған іс шаралар кешенін қамтиды. Бұл күнгі музей сабақтары кәсіби археологтардың қатысуымен өтеді.
3-күн. Қолөнер халық мұрасы Сағат 9:30-12:00	Келуші балалар халқымыздың қолөнерімен жақынырақ танысады. Музей қорындағы қолөнер бұйымдарын көріп, қағаздан ою-өрнек кию, халқымыздың ұлттық қолөнер бұйымдарының суреттерін салып

	үйренеді.
4-күн. Аңыздар ізімен Сағат 9:30-12:00	Қазақ халқының ауыз әдебиеті аңызға бай. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің негізінде құрылған музей-қорық болғандықтан, негізгі функционалды қызметінің бірі Ясауи мұрасын сақтау мен дәріптеу болып табылады. Ясауиге қатысты аңыз-әңгімелер ұлт тәрбиесінде алар орны үлкен. Музей лагерінің бір күндігін аңыздарға арнадық.
5-күн. Квест- ойын (Алтын қазына) Сағат 9:30-12:00	Музей ісінде балаларға арналған квест ойындарын ұйымдастыру музей педагогикасының ең ұтымды тәсілдерінің бірі. Экскурсия және насихат бөлімі мен Музей педагогикасы бөлімінің қызметкерлері түрлі тақырыптық квест ойындар өткізіп тұрады. Бұл күнгі бағдарлама квест ойындарынан соң оқушылардың әсері мен алған білімдерін пысықтаумен аяқталады.
6-күн. Ертегілер әлемі Сағат 9:30-12:00	Оқушыларға қазақ халқының ертегілері желісімен сабақтар ұйымдастырылады.
7-күн. Қалпына келтіреміз Сағат 9:30-12:00	«Жас реставратор» үйірмесінің бағдарламасына енген «керамика құмыраларын қалпына келтіру», «тарихи жәдігерге екінші өмір сыйла» сабақтары аясында балаларға арналған іс шаралар кешенін қамтиды. Бұл күнгі музей сабақтары кәсіби реставраторлардың қатысуымен өтеді. Мұнан бөлек ермексаз бен арнайы саздан музей қорындағы жәдігерлер негізінде «өз артефактін жасауды» үйрету.
8-күн. Тарихи ойындар күні Сағат 9:30-12:00	Түркістан ұзақ жылдар бойы Қазақ хандығының саяси және рухани астанасы болғаны белгілі. «Әзірет Сұлтан» музей қорығына қарасты Ясауи кесенесінен бөлек қазақ мемлекеттілігінің айғағы саналатын Хан ордасы, Цитадель қамалы, шахристан қамал қақпалары, Хан мешіті және т.б. ескерткіштер бар. Түркістанда жерленген 22 хан мен сұлтандар, батырлар мен билер жайлы балаларға ақпарат беру, олардың өмірі мен қызметі арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, біздің музей ісіндегі басты миссиямыздың бірі. Балаларға арналған түрлі тарихи ойындар ұйымдастырылады.
9-күн. Қазына іздеушілер Сағат 9:30-12:00	Лагерь оқушылары мен олардың ата-аналарын қатыстыра отырып квест ойындарын ұйымдастыру
10-күн. Қорытынды және көрме күні Сағат 9:30-12:00	Оқушылардың жазғы музей лагерінде орындаған жұмыстарынан (қалпына келтірілген керамика заттары, салған суреттері мен орындаған тапсырмалары) шағын көрме ұйымдастыру. Музей әдіскерлерінің қатысуымен оқушылар топпен «Біз не үйрендік?» тақырыбында постер жасайды.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бұл тәжірибесі – мәдени-ағартушылық және әлеуметтік маңызы зор бастама ретінде ерекше құбылыс. Жоба жас буынды музей ісіне тарту арқылы болашақ экскурсоводтарды даярлаудың тиімді тетігі болып табылады. Бұл өз кезегінде туризм индустриясының кадрлық әлеуетін нығайтуға, тарихи жадыны сақтау мен оны келер ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Осындай жүйелі жұмыстардың жалғасуы мәдени туризмнің сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. Музейдегі үйірменің мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.
2. Музейдегі лагерьдің мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.
3. Музейдегі үйірмелер мен лагерь жұмыстарына салыстырмалы талдау жасаңыз.

ӘДЕБИЕТ:

1. Абдрахманова Г.Е. Туризм және экскурсия қызметі негіздері. – Алматы: Білім, 2018. – 250 б.
2. Егізбаева М., Жұматаев Р. Музей педагогикасы: оқу құралы. Алматы:Қазақ университеті.2012. 65-67бб.
3. Қасымова Б.Т. Жас экскурсоводтарды даярлаудағы әдістемелік мәселелер. – Шымкент, 2022. – 45 б.
4. Иванова М.В. Экскурсоводская деятельность в системе музейного образования. – СПб.: Питер, 2016. – 13.
5. Музейная педагогика за рубежом. Работа музеев с детской аудиторией / Отв. ред. М. Юхневич. – М., 1997. – 73 с.
6. Основы музееведения: Учебное пособие / Отв. ред. Э. Шулепова. – М., 2005. – 504 с.
7. Әубәкір Ж.М. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер: деректі тарихи-танымдық жинақ. Алматы. 2016. 34-111 бб.
8. Деревянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К., Исабеков З.К., Рыбалко А.Г., Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана. Новосибирск. 2000. С. 3-155.
9. Кетова Л.М. Музейная педагогика как инновационная педагогическая технология. Екатеринбург. Россия. 2012. С. 16.
10. Медведева Е.Б. Музейная педагогика в Германии и России: История и современность. Учебное пособие. М.: АПРИКТ, 2003. С. 92.
11. Тұяқбаев М.Қ. Қола дәуірінен жеткен ескерткіш // Ясауи университетінің хабаршысы. Түркістан. 2002. №3. 82-85 бб.
12. Тұяқбаев М.Қ., Тұрсынов А.Х. Ұлы жібек жолы бойындағы Түркістан шұраты қалалары. Turkic historical studies. № 3. 2024. Б. 113.
13. Шляхтина Л.М. Музейная педагогика: учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург : СПбГИК, 2021. – 60 с
14. Пугач О.В. Музейная педагогика: проблемы и перспективы развития. Вестник Донецкого педагогического института Выпуск № 2. 2017.
15. Smithsonian Summer Camps – <https://smithsonianassociates.org/ticketing/camp/>
16. British Museum Kids Explorer – <https://www.britishmuseum.org/learn/schools/family-activities>
17. Louvre Museum – <https://www.louvre.fr/en/kids>
18. Museum of Childhood (Edinburgh) – <https://www.edinburghmuseums.org.uk/venue/museum-childhood>

19. Галкина Т.В. Музейная педагогика XXI века: социальные и образовательные проекты как новая форма работы с детской и молодежной аудиторией. Вестник ТГПУ. Выпуск №8 (86). 2009.

МУЗЕЙДЕГІ ТАРИХ САБАҒЫ **(«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының** **ұсынымдары)**

Білім – кез келген заманауи қоғам дамуының негізгі тірегі және оның әлеуметтік-мәдени ілгерілеуінің басты шарты. Қазіргі таңда білім берудің дәстүрлі емес түрлері мен әдістері оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Солардың бірі – музей кеңістігін білім беру үдерісіне енгізу тәжірибесі.

Музей – қоғамның әлеуметтік және мәдени институты ретінде тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау қызметтерін атқаратын көпфункционалды мекеме. Ол ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық және тәрбиелік бағыттарды біріктіре отырып, жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөлге ие.

Бүгінгі таңда дүниежүзінде музейі жоқ мемлекет жоқ деуге болады. Әр елдің музей ісі сол халықтың тарихи-мәдени ерекшелігі мен ұлттық өзіндік келбетін бейнелейді. Музей – өткен мен бүгіннің арасындағы рухани көпір, тарихи жады мен заманауи танымның түйісу алаңы. Көптеген елдерде қоғам белгілі бір халықтың тарихын, мәдениетін және рухани мұрасын ең алдымен музейлер арқылы танып біледі.

Зерттеулер көрсеткендей, оқушылар дәстүрлі сыныптық ортадан тыс білімді тереңірек қабылдайды және оны ұзақ уақыт есте сақтайды. Мәселен, Арканзас университетінің профессоры Дж. П. Гриннің жетекшілігімен «Кристалл Бриджес» (Crystal Bridges) өнер музейінде жүргізілген ауқымды зерттеу музейлік сабақтардың танымдық және тәрбиелік тиімділігін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, музейде сабаққа қатысқан оқушылардың 79–82%-ы бірнеше апта өткен соң да көрген экспонаттардың мазмұнын және тарихи контекстін нақты еске түсіре алған. Ғалым мұндай нәтижені музей сабақтарының эмоционалды әсерімен және оқушылардың сыни ойлау қабілетінің артуымен байланыстырады [Greene, 2014].

Қазіргі заманғы музейлер қызметінде «қатысу мәдениеті», «коммуникативтік экскурсия» және «келушімен диалог орнату» қағидаттары басымдыққа ие. Осыған сәйкес, музей енді сирек кездесетін жәдігерлердің жинақтау орны ғана емес, мәдени-ағартушылық және интерактивті білім беру ортасына айналып отыр. Мұндай формат оқушылардың экспонаттармен тікелей байланыс орнатып, тарихи білімді тәжірибелік жолмен меңгеруіне мүмкіндік береді.

Мектеп бағдарламаларында өлкетану бағыты бойынша оқушылардың туған өлке тарихымен танысуға арналған сабақтар қарастырылған. Бұл сабақтарды музей базасында өткізу олардың мазмұнын тереңдетіп, тәжірибелік құндылығын арттыра түседі.

Мысалы:

5-сынып бағдарламасында «Туған өлкенің аңыз-ертегілері», «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар, ақындар» және «Өлкетану музейі

және тарихи жәдігерлер» тақырыптары бар. Бұл сабақтарды жергілікті музейлермен бірлесе өткізу оқушыларға туған жер тарихын нақты деректер мен заттық мәдениет арқылы таныстыруға мүмкіндік береді.

6-сыныпта «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері» және «Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: ұлттық қолөнер» тақырыптары қамтылған. Бұл сабақтар музейдің археология, этнография және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімдерінің қатысуымен ұйымдастырылуы мүмкін.

7-сыныпта «Туристік маршруттар», «Жомарт жүрек», «Туған өлкенің шежіресі» тақырыптары бойынша музей қызметкерлері мектептерде дәріс өткізуге немесе оқушыларды музейге шақырып, практикалық сабақтар ұйымдастыруға толық мүмкіндік бар.

Осындай өзара ықпалдастық оқушылардың тарихи-мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың отансүйгіштік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, музейлік сабақтар – болашақ экскурсоводтар мен мәдениет саласы мамандарын даярлаудың алғашқы қадамы болып табылады.

Дәстүрлі мектеп сабақтары білім алушыларға теориялық мазмұндағы ақпаратты меңгеруге бағытталса, музей кеңістігінде өткізілетін сабақтар тарихи құбылыстар мен мәдени мұраны шынайы контексте танып-білуге мүмкіндік береді. Музей жағдайында оқушы тарихи деректер мен жәдігерлерді тек оқулықтан ғана емес, өз көзімен көріп, сезіне алады. Сондықтан тарих пен өлкетану пәндерін музей қабырғасында өткізу оқытудың көрнекілігін арттырып, білімді тәжірибелік деңгейде бекітудің тиімді жолы болып саналады.

Осы бағытта мәдени-ағартушылық қызмет атқарып келе жатқан «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы әртүрлі жастағы білім алушыларға Қазақстанның тарихы мен мәдениетін таныту ісінде маңызды рөл атқарады. 1977 жылы құрылған бұл музей-қорықтың қорында **25** мыңнан астам жәдігер сақталған. Мекеме Қазақстандағы рухани маңызы жоғары ұлттық музей-қорықтардың бірі болып табылады [Музей тарихы, 2025].

Музей-қорық экспозицияларында қазақ халқының тарихы мен рухани мұрасы жүйелі түрде зерттеліп, насихатталады. Мұнда Қожа Ахмет Ясауи мұралары, ел басқарған хандар мен сұлтандардың, ел тәуелсіздігі жолында күрескен батырлар мен әділдік пен парасаттың үлгісі болған би-шешендердің тарихи рөлі айқын көрініс табады.

Қорық-музейдің қорғау аймағында 46 тарихи-мәдени ескерткіш орналасқан. Оның ішінде бір ескерткіш халықаралық, 25 ескерткіш республикалық, 2 нысан жергілікті маңызға ие. Сонымен қатар алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген 19 ескерткіш бар [Музей тарихы, 2025].

Түркістанның басты символы болып табылатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнерінің озық үлгісі әрі ұлттық пантеон ретіндегі мәдени феномен. Сонымен бірге қорық аумағында Қылуат жер асты мешіті, Әулие Құмшық Ата қылуәті, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, Шығыс

моншасы, Есім хан және Тәуке хан кесенелері, қалпына келтірілген Хан ордасы мен Хан мешіті, сондай-ақ Түркістанның төрт тарихи қақпасы орналасқан. Бұл нысандар ортағасырлық қаланың тұтас композициялық келбетін айқындайды.

Осы тарихи-мәдени кешендердің барлығы музей-қорықтың ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық және танымдық бағыттағы қызметін қалыптастырады. Аталған мекеме тарихи ескерткіштерді сақтаушы әрі рухани мұраны насихаттаушы ғылыми-мәдени орталық ретінде қазақстандықтардың тарихи жады мен патриоттық сезімін нығайтуға қызмет етеді.

Қазіргі таңда музей тек сирек кездесетін жәдігерлерді тамашалау орны емес, сонымен қатар заманауи ойлау мен шығармашылық әрекеттің орталығына айналып отыр. Мұнда келушілерге музей әлемін танытатын түрлі форматтағы интерактивті сабақтар, семинарлар және шеберлік сабақтары өткізіледі.

Музей қоғамның рухани және мәдени өмірінде ерекше орын алады. Ол тарихи-мәдени мұраны сақтайтын орталық қана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың дүниетанымын, мәдени жадын және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын білім беру кеңістігіне айналып отыр. Қазіргі кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму мен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды тетігі – сапалы білім болса, музей сол жүйенің құрамдас бөлігі ретінде өз орнын табуда.

Музей қызметкерлері білім беру саласындағы әдістемелік тәжірибені музей кеңістігінің ерекшеліктерімен ұштастыра отырып, тақырыптық дәрістер, семинарлар, кездесулер, тренингтер мен экскурсиялық сабақтар ұйымдастырады. Мұндай іс-шаралар музейдің білім беру қызметінің өзегін құрайды.

Зерттеушілердің пайымдауынша, музейдің білім беру қызметі – жәдігерлер арқылы жүзеге асатын педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі. Оның басты мақсаты – белгілі бір тарихи дәуір мен мәдениеттің мәні мен құндылықтарын таныту арқылы жеке тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ету [Шляхтина, 2021: 15–17].

Ғалымдар мен музейтанушылар бұл қызметті үш өзара байланысты бағытта қарастырады: танымдық, шығармашылық және әлеуметтік. Танымдық бағыт – экспонаттармен тікелей байланыс арқылы білім алуға негізделсе, шығармашылық бағыт оқушының зерттеушілік және қиялдық қабілеттерін дамытады. Ал әлеуметтік бағыт музей кеңістігінде тұлғаның ұлттық мәдениетке бейімделуіне және рухани құндылықтарды қабылдауына жағдай жасайды [Столяров, 2004: 47–50].

Музей жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне де зор ықпал етеді. Оқушы ата-баба мұрасымен, ұлттық дәстүрмен және мәдени тәжірибемен танысу арқылы өз көзқарасын қалыптастырады, мәдени сәйкестік пен әлеуметтік белсенділігін нығайтады. Осылайша, музей тұлғаның рухани дамуы мен мәдени интеграциясының маңызды алаңына айналады.

Музейдің білім беру қызметі қазақстандық музей ісіне жаңа ұғым – **музей педагогикасын** енгізді. Бүгінде музей педагогикасы еліміздегі көптеген музейлердің негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Бұл бағыт музейдің құрылымдық құрамдас бөлігіне айналып, қор мен экспозиция жұмыстарымен бірлікте жүзеге асырылады. Уақыт өте келе музей педагогикасы музейтану ғылымының теориялық зерттеулері мен халықаралық тәжірибелер негізінде дербес ғылыми пән ретінде қалыптасты.

Көп жылдық тарихы бар **«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында** білім беру бағыты бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Музей педагогикасының маңыздылығын ескере отырып, биыл музей-қорықта арнайы **«Музей педагогикасы» бөлімі** құрылды. Оның миссиясы – тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен насихаттау, музей педагогикасын дамыту және музейдің білім беру бағдарламаларын әзірлеу болып айқындалған.

Кез келген музейдің білім беру бағдарламалары жас буынды тарихи-мәдени мұраның мәні мен маңызын түсінуге баулиды. Экспонаттар арқылы өткен дәуірлердің бейнесін тану, өзге мәдениеттерге құрметпен қарау, ұлттық рухани құндылықтарды сезіну мен қабылдау – музейлік білім берудің басты нәтижесі.

Жасөспірім үшін музей кеңістігіндегі ең тиімді жұмыс түрінің бірі – **музейлік сабақ**. Ол оқушылардың өзара әрекеттесу принципіне және практикалық тәжірибеге негізделген. Мұндай сабақтарда білім тек сөз арқылы емес, нақты артефактілер арқылы беріледі.

Мектеп пен музей арасындағы серіктестік ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап кең тарай бастады. Мысалы, шетелдік музейлерде интерактивті кеңістік идеясы 1960 жылдары Пиаже теориясының ықпалымен қалыптасты. Швейцариялық психолог Ж. Пиаже баланың объективті әлеммен өзара әрекеттесуі таным дамуының негізгі шарты екенін дәлелдеген болатын. Осы тұрғыдан, музей кеңістігіне енген жасөспірімнің көкжиегі кеңейіп, танымдық белсенділігі артады, қызығушылығы ұлғаяды.

Музейлік сабақ барысында балалар өз білімдерімен алмасып, берілген тапсырмаларды бірлесіп орындайды, нәтижесін талқылап, өзін және өзгелерді бағалайды. Мұндай сабақтар танымды кеңейтіп, практикалық дағдыларды қалыптастырады, сондай-ақ топтық өзара әрекет арқылы баланың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Интерактивті форматта өткізілетін сабақтарда балалар музей заттары немесе олардың көшірмелері негізінде өз қолымен белгілі бір бұйым жасап, оны сыныптастарымен бірге талқылайды. Осылайша, оқушы белгілі бір тарихи кезеңнің артефактісімен танысып, оның жасалу жолы мен нәтижесін түсінеді. Сарапшылар музейде білім берудің басты ерекшелігі ретінде дәл осы тәжірибелік және шығармашылық белсенділікке басымдық берілуін атап өтеді [Юхневич, 2001: 22].

Ғалымдардың пайымдауынша, жасөспірімдердің танымдық және зияткерлік дағдылары еркін әрі дербес ортада неғұрлым тиімді қалыптасады.

Сондықтан оларға жағдаяттық тапсырмалар мен «сенімді ортада» бірлесіп талқылау әдісі арқылы білім алу мүмкіндігін беру маңызды.

Музей жағдайында, мысалы, экспозицияны тамашалау үдерісі «шығармашылық ізденіс» формасында ұйымдастырылуы мүмкін. Б.А. Столяров музей кеңістігіндегі білім берудің келесі түрлерін айқындайды:

1. Іздеу түрі – қарау және зерттеу әрекеттерін қамтиды;
2. Коммуникативтік түрі – тұлғалық-бағдарлы ынтымақтастыққа негізделеді;
3. Модельдеу түрі – түрлі жағдайларды талдау және қайта құруды қамтиды;
4. Танымдық ойын түрі – білімді ойын элементтері арқылы меңгеруді көздейді.

Өз кезегінде Л.М. Шляхтина музей жағдайында оқушылармен жұмыс істеудің келесі модельдерін ұсынады:

1. Баяндау моделі – ақпараттық мазмұнды түсіндіру арқылы білім беру;
2. Ойын моделі – оқыту процесін ойын әрекетімен ұштастыру;
3. Өз бетінше жұмыс моделі – оқушыларды дербес ізденіске ынталандыру;
4. Әңгімелесу моделі – сұхбат пен талқылау арқылы білімді бекіту.

Аталмыш музейде білім беру түрлері музейдің мәдени-ағартушылық іс-шаралары барысында жиі қолданылады.

Біздің ойымызша, жасөспірімдермен өткізілетін музейлік сабақтарды бірнеше топқа жіктеуге болады:

1. ойын түрі – оқушылардың тарихи кейіпкерлерге еніп, оқиғалар мен құбылыстарды рөлдік ойын арқылы бейнелеуі;
2. импровизациялық түрі – балалардың экспонаттар туралы өз әңгімелерін құрастыруы немесе экспонат негізінде көрініс көрсетуі;
3. іздеу түрі – алдын ала белгіленген белгілер мен сипаттамалар бойынша экспонатты табу;
4. модельдеу түрі – тарихи оқиғаны, көріністі немесе кейіпкерді оқушының жеке түсінігі негізінде қайта жаңғырту;
5. интерактивті түрі – көрген мен сезінгенді ортақ талқылау арқылы жасөспірімдердің бірлескен танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.

Қазіргі таңда кез келген музей өзінің білім беру қызметін әртүрлі форматта жүзеге асырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының тәжірибесі музей педагогикасының тиімді үлгісін ұсынады.

Музейлік сабақ – бұл интерактивті құралдар мен түпнұсқа экспонаттарды пайдалана отырып, музей немесе білім беру мекемесі базасында өткізілетін ерекше сабақ түрі. Мұндай сабақтар туған өлкенің тарихы мен табиғатын, көрнекті тұлғалардың өмірін танытуды қызықты әрі мазмұнды етеді [Юхневич, 2001: 87].

Біздің жағдайда музейлік сабақтар оқушылардың тарих, археология, этнография және нумизматика салалары бойынша білімдерін тереңдету мен

кеңейту мақсатында өткізіледі. Сабақ барысында ұсынылатын музей жәдігері тек көрнекілік құрал емес, білімнің тікелей дереккөзі ретінде қызмет етеді. Музей ортасы білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық және зияткерлік дамуына ықпал етеді, сондай-ақ экспонаттар оқушыларды қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуге ынталандырады.

Музейлік сабақтар музей-қорықтың бай коллекциясына сүйене отырып ұйымдастырылады. Бұл ретте білім алушылардың жас ерекшелігі, жалпы білім беру бағдарламасының мазмұны мен әдістемелік талаптары ескеріледі.

Музейлік сабақтарды әзірлеу кезінде Түркістан оазисінің тарихи-мәдени мұраларымен таныстыру арқылы оқушылардың оларды сақтау және қорғау жөніндегі жауапкершілігін қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Білімділік бағытта сабақтар Қазақстанның тарихи-мәдени мұра нысандарының тарихы мен маңыздылығын ашып, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтуді және қызығушылығын арттыруды көздейді. Дамытушылық тұрғыдан алғанда, сабақтар оқушылардың өзіндік ой-пікірін, көзқарасын, тарихи таным-толғамын қалыптастыруға бағыттталып, ескерткіштану ұғымдарын меңгеру мен оларды тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ал тәрбиелік мақсатта музейлік сабақтар өскелең ұрпақты тарихи-мәдени мұраға құрметпен қарауға, ата-баба мұрасын қадірлеуге және ұлттық рухани құндылықтар негізінде эстетикалық талғамды қалыптастыруға бағытталады.

Музей-қорықтағы сабақтарда оқушылардың өзара әрекеттесуіне негізделген әдістер жүйелі түрде қолданылады. Сабақ барысында балалар өзара ақпарат алмасып, ұсынылған мәселенің шешімін бірлесе іздейді, салыстырады, бағалайды және тарихи жағдайларды модельдеу арқылы өткен дәуір атмосферасын сезінеді. Зерттеушілердің пікірінше, жасөспірімдердің танымдық қызығушылығы еркін жағдайда қалыптасады, сондықтан оларға мәселені бірлескен талқылау мен шығармашылық ізденіс арқылы шешу мүмкіндігін беру қажет.

Музейлік сабақтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің негізгі түрлері мыналар:

- ойын әдісі – тарихи тұлғалардың бейнесіне ену және өткен кезең оқиғаларын рөлдік орындау арқылы түсіну;
- импровизация әдісі – қатысушылардың экспонат туралы өз әңгімесін құрастыруы немесе оны сахналық көрініс түрінде бейнелеуі;
- іздеу әдісі – алдын ала берілген тапсырмаларды орындау арқылы экспонатты табу және талдау;
- модельдеу әдісі – тарихи оқиға, кескіндеме немесе тұлға бейнесін шығармашылық тұрғыда қайта жаңғырту;
- интерактивті әдіс – музейде көрген жәдігерлер негізінде қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру.

Жасөспірімдер үшін музейлік сабақты шығармашылық ізденіске айналдыру мақсатында квест ойындары ұйымдастырылды. Музей квесті –

кез келген жастағы адамның бос уақытын қызықты әрі танымды өткізуінің тиімді әдісі.

«Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының музейлік сабақтары мектеп оқушылары үшін музей кеңістігінде және оқу орындарында тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл сабақтар барысында жұмыс дәптерлері, анықтамалық материалдар, жолкөрсеткіштер, буклеттер мен бейнероликтер пайдаланылады.

Қазақ халқының төл мәдениетінің қалыптасуына дала өркениеті мен Ұлы Жібек жолы зор ықпал етті. Ғасырлар бойы осы жол арқылы Ұлы дала жерінде тек тауар айналымы ғана емес, ғылым мен озық идеялар да таралып, халықаралық мәдени байланыстар орнады. Осындай «рухани күретапырдың» мыңжылдық тынысы ұлттық мәдени кодымызда терең із қалдырды. Осы тұрғыда Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани орталығы болып келеді. Мұны жазба деректер мен археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған ескерткіштер мен жәдігерлер дәлелдейді.

Аталған тарихи-мәдени құндылықтарды жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Әзірет Сұлтан» ұлттық музей-қорығында «Музейдегі тарих сабағы» жобасы іске қосылды. Жобаның негізгі мақсаты – музей педагогикасы әдістері негізінде тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау. Сонымен қатар, бұл жоба арқылы оқушылардың ізденушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тарих пәніне қызығушылығын арттыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу және білім беру мекемелері арасындағы өзара байланыстарды нығайту көзделеді.

«Музейдегі тарих сабағы» жобасы аясындағы сабақтар әртүрлі форматта: музейлік сабақ, сабақ-экскурсия, саяхат-сабақ, дебат және театрландырылған көрініс түрінде өткізіледі. Мұндай сабақтарды мектеп мұғалімі де, музей қызметкері де өткізе алады, алайда сабақ жоспарын дайындау кезінде екі тараптың бірлескен әдістемелік кеңесі мен шығармашылық ынтымақтастығы қамтамасыз етіледі.

Бұл тәжірибе халықаралық деңгейде де кең таралған. Әлем музейлерінде ұлттық мұраны қастерлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім беру мекемелерімен серіктестік орнату дәстүрге айналған. Көптеген музейлер оқу бағдарламаларын мектеп мұғалімдерімен бірлесіп әзірлеп, білім беру процесін музей кеңістігімен интеграциялау бағытында жұмыс жүргізеді.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығында жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптар бойынша музейлік сабақтар өткізуге болады.

5-сынып

Тақырыбы: *«Қола дәуірінің кезеңделуі мен мәдениеттері»*

Түркістан өңірі көне дәуірлерден бастап археологиялық тұрғыдан аса бай аймақ болып табылады. Мұнда сақталған ежелгі қорымдардың басым

бөлігі қола дәуірінің Андронов мәдениетіне жатады. Солардың ішінде ерекше ғылыми маңызға ие нысанның бірі – Шербай қорымы.

Бұл ескерткішті «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығы мен Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының Түркістан археологиялық экспедициясы бірлесіп зерттеген. Қазба жұмыстары барысында қорым үш бөлікке бөлініп қарастырылды:

- батыс бөлігі – *Шербай I*,
- солтүстік бөлігі – *Шербай II*,
- шығыс бөлігі – *Шербай III*.

Зерттеу нәтижесінде Шербай I аймағынан барлығы 17 қабір анықталды. Оның ішінде екі қабір – Қауыншы мәдениетінің III кезеңіне, екі қабір – ерте темір дәуіріне, ал он екі қабір – Андронов мәдениетіне жатқызылды. Табылған қыш ыдыстар мен металл бұйымдарды талдау нәтижесінде бұл нысандардың б.з.д. XVII–XIV ғғ. аралығына жататыны анықталды [Өсеров, 2025].

Музейлік сабақ барысында қола дәуірінің археологиялық материалдарын (қыш ыдыстар, металл бұйымдар, еңбек құралдары) пайдалана отырып, оқушылар:

- қыш бұйымдарының морфологиялық ерекшеліктерін сипаттайды;
- олардың жасалу технологиясын және көркемдік элементтерін танып біледі;
- археологиялық жәдігер арқылы дәуірдің тұрмыстық және мәдени келбетін түсінеді.

Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының жобасы қосымшада берілген.

6–7-сыныптар

Тақырыбы: «*Түркілік тас қашау, бейнелеу және көзешілік өнері*»

Түркі дәуіріндегі бейнелеу және қолданбалы өнер түрлерінің ішінде тас қашау, петроглифтер (жартастарға сурет салу) және көзешілік өнер ерекше орын алады. Бұл дәуірдің айрықша көркем туындыларының бірі – адам бейнесінде қашалған тас мүсіндер, яғни *балбалдар* немесе *бәдіздер*.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығының қорында осындай үш балбал тас сақталған:

1. Біріншісі – VIII–IX ғғ. тән, Оңтүстік Қазақстан облысындағы *Мұзбел* жерінен табылған.
2. Екіншісі – VI–VIII ғғ. мерзімделеді. Тастағы адамның бет әлпеті уақыт өте көмескіленген.
3. Үшінші балбал – IX–XII ғғ. кезеңіне жатады және Жетісу өңірінен табылған.

Осындай бейнелі балбалдар Қазақстан аумағымен қатар, Моңғолия, Сібір (Енисей бойы), Шығыс Түркістан, Оңтүстік Ресей даласы мен Кавказ өңірінде де кең тараған. Сонымен қатар, музей-қорықтың қорында түркілік кезеңге жататын қыш құмыралар мен тұрмыстық бұйымдар сақталған [Егеубаева, 2025].

Музейлік сабақ барысында оқушылар аталған жәдігерлермен танысып, түркі дәуірінің бейнелеу және қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін

зерделейді. Сонымен қатар, сабақтың тәжірибелік бөлігінде оқушыларға қыш өндірісінің технологиясы түсіндіріліп, саз балшықпен жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі. Музей қызметкерлерінің нұсқауымен оқушылар өз бұйымдарын жасап, дәстүрлі ою-өрнектермен безендіреді.

Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының жобасы қосымшада ұсынылған.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығы базасында мектеп бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптар бойынша музейлік сабақтар өткізуге болады.

5–6 сыныптар

Тақырыбы: *«Ортағасырлық қала сәулеті»*

Орта ғасырларда қазақ жеріндегі қалалар қарқынды дамып, әлеуметтік және инженерлік тұрғыдан жетілді. Археологиялық зерттеулер барысында тұрғын үйлердің еден астынан жылытылатын жылу жүйелері, су тартуға арналған қыш құбырлар, бекініс қабырғалары, күзет мұнаралары мен су бөгеттері табылған.

Түркістан қаласы осы кезеңнің сәулеттік мәдениетінің айрықша үлгісі болып табылады. Мұнда ортағасырлық қаланың негізгі элементтері – қамал қорған, цитадель қақпасы, төрт тарихи қақпа, Хан ордасы мен **мешіті** сақталып, қалпына келтірілген.

Музейлік сабақ барысында оқушылар «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығының аумағында орналасқан осы нысандарды аралап, ортағасырлық қала құрылысының құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерімен танысады. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

Тақырыбы: *«Ортағасырлық сәулет ескерткіштері»*

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығының қорғау аймағында барлығы 46 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Солардың ішінде ортағасырлық сәулет өнерінің ең озық үлгісі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сондай-ақ, бұл кезеңге жататын Қылуат жер асты мешіті, Әулие Құмшық ата қылуаті, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, Шығыс моншасы, Есім хан мен Тәуке хан кесенелері, сондай-ақ қайта қалпына келтірілген Хан ордасы, Хан мешіті және Түркістанның төрт тарихи қақпасы ерекше орын алады.

Музейлік сабақ барысында оқушылар аталған сәулет нысандарын көріп, олардың тарихи кезеңін, құрылыс техникасын және көркемдік ерекшеліктерін саралай алады. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

Тақырыбы: *«Қазақ жеріндегі ортағасырлық ғылымның дамуы: Қожа Ахмет Ясауи»*

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығы құрамындағы Қожа Ахмет Ясауи музейі – XII ғасырда өмір сүрген ұлы сопы, ойшыл және ислам дінінің таратушысы Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен мұрасын танытатын ғылыми-ағартушылық орталық.

Экспозиция заманауи мультимедиялық технологиялармен жабдықталған: инсталляциялар, голографиялық бейнелер, виртуалды

экрандар арқылы Ясауи ілімінің мәнін, оның түркі руханиятындағы орнын танытуға мүмкіндік бар.

Сабақ соңында оқушылар «Қожа Ахмет Ясауи ізімен» атты танымдық квестке қатысып, алған білімдерін тәжірибе жүзінде бекітеді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

Тақырыбы: *«XIII–XV ғасырлардағы көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктері»*

XIV–XV ғасырлардағы ислам сәулет өнерінің өркендеуін дәлелдейтін нысандардың қатарында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі және Шығыс моншасы бар. Бұл ескерткіштер дәуірдің инженерлік ойының, эстетикалық талғамының және рухани мәдениетінің дамуын айқын көрсетеді.

Музейлік сабақ барысында оқушылар осы нысандарды аралап, олардың қызметтік, құрылымдық және көркемдік ерекшеліктерін зерделейді, сондай-ақ кесенелердің ішкі кеңістігіндегі қолданбалы өнер туындыларымен танысады. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

Тақырыбы: *«Байырғы қазақ қоғамының саяси өміріндегі билік жүйесі»*

Байырғы қазақ қоғамында билік жүйесі хандар, сұлтандар, билер, тархандар мен батырлар арқылы жүзеге асқан. Бұл құрылым ел басқарудың дәстүрлі институттарын қалыптастырған.

Музей-қорықтың қорында Қазақ хандығының саяси жүйесін бейнелейтін бірқатар жәдігерлер сақталған. Олардың қатарында – мөр жүзіктердің реконструкциялары, қазақ хандарының көрші ел билеушілеріне жолдаған хаттарының муляждары, батырлардың әскери киімі мен қару-жарақтарының үлгілері бар.

Сабақ барысында оқушылар экспонаттармен танысып қана қоймай, қазақ батырының киімін киіп көруге және «бес қару» түрлерін ұстауға мүмкіндік алады. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

6–7 сыныптар

Тақырыбы: *«Қолөнер – дәстүрлі материалдық мәдениет мұрасы»*

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығында Түркістан өңірінде жүргізілген археологиялық және этнографиялық зерттеулердің нәтижесінде жиналған бай коллекциялар сақталған. Олардың ішінде нумизматикалық материалдар, этнографиялық бұйымдар, қолжазбалар мен сирек кітаптар бар.

Музейлік сабақта оқушылар қазақ халқының ұсталық, зергерлік және тоқымашылық өнерінің дәстүрлерімен танысып, материалдық мәдениеттің қалыптасу кезеңдерін заттай айғақтар арқылы зерделейді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

8-сынып

Тақырыбы: *«Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүр ерекшеліктері»*

Қазақ халқының рухани және отбасылық мәдениеті – ұлттық дүниетанымның өзегі. Отбасындағы тәрбиенің негізі қонақжайлықтан, ата-

ананы құрметтеуден, бала мен келін тәрбиесінен, абысын арасындағы татулық пен ағайындық қатынастардан көрініс табады.

Музейлік сабақ барысында оқушылар экспозиция материалдары мен этнографиялық жәдігерлер негізінде «құдайы қонақ», «бата беру», «ас қайыру», «бесікке салу», «бесік жыры» сияқты дәстүрлермен танысып, олардың мәнін тәжірибелік түрде ұғынады.

Практикалық бөлімде оқушылар дәстүр элементтерін сахналау арқылы рухани мәдениеттің жандануын сезініп, ұлттық тәрбие құндылықтарын меңгереді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары қосымшада берілген.

«Қазақ халқының ұлттық ойындары» тақырыбындағы музейлік сабақ.

Қазақ халқының ұлттық ойындары – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ойын – ұлттың тәрбиелік дәстүрлерінің бастауы, жас ұрпақты дағдыға, ептілікке және жетістікке бағыттаушы құрал. Сондықтан да ұлттық ойындар тек қана мәдени мұра емес, сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбиелік тетік болып табылады.

Музейлік сабақ барысында оқушылар «Алтыбақан», «Арқан тарту», «Асық ату», «Бес тас» сынды ұлттық ойындарға қатысып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәнін тәжірибе жүзінде ұғынады. Бұл үрдіс оқушыларды материалдық емес мәдени мұраның элементтерімен таныстырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, ұжымдық рух пен әділ бәсекеге баулиды. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының жобасы қосымшада берілген.

Музейдің білім беру қызметінің өзектілігі

Қазіргі уақытта музейдің білім беру қызметі ерекше маңызға ие болып отыр. Ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мен жас ұрпақтың рухани дамуына бағытталған музей педагогикасының әдіс-тәсілдері үнемі жаңарып, түрленіп келеді.

«Музейдің білім беру қызметінің ерекшелігі неде?» деген сауалға төмендегі жауаптарды ұсынуға болады:

- музей кеңістігінде жиі айтылмайтын және қайталанбайтын материалдық мәдениеттің беймәлім үлгілерін көру мүмкіндігі;
- экспонат пен ескерткіш ұғымдарының мәнін тәжірибе арқылы ұғыну;
- дәстүрлі білім беру мекемелерінде сирек қолданылатын диалог, интерпретация, сезіну және қиялдау тәсілдері арқылы тарихи және мәдени кеңістікті тану.

Музей тек білім берудің қосымша алаңы ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлау мен тарихи сана қалыптастырудың маңызды ортасы болып табылады.

Қазіргі қазақстандық музейлердің рөлі мен маңызы

Бүгінгі таңда елімізде тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау саласындағы мемлекеттік саясаттың белсенді таратушыларының

бірі – музейлер. Олардың қызметі қоғамның мәдени әлеуетін көтеріп, азаматтардың тарихи жадысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2024 жылы Қазақстан музейлерін 6,6 миллионнан астам адам тамашалаған [*Культура в Республике Казахстан*, 2025]. Бұл көрсеткіш музей ісінің қоғамдағы сұранысы мен маңыздылығын айқын дәлелдейді.

Егемен Қазақстан жағдайында музейлердің қызметі жаңа мазмұнға ие болды. Қайта жасақталған музейлерге кең мүмкіндіктер ашылып, олардың материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетін дамытуға нақты жағдайлар жасалуда.

Осыған байланысты, қазіргі музейлер қоғамның рухани орталығы, халықтың құнды материалдық және рухани мұрасын жинақтаушы әрі насихаттаушы, сондай-ақ қазақстандықтардың бойында патриоттық сезім мен тарихи жауапкершілікті қалыптастырушы ғылыми-ағартушылық мекеме ретінде қызмет атқаруда.

Бөлімнің мазмұнын бекіту үшін қойылатын сұрақтар:

1. «Музейдегі тарих сабағы» жобасының мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.
2. Музейде білім беру түрлерін атаңыз.
3. Музейлік сабақ ұғымына анықтама беріңіз.
4. Музейлік сабақтың ерекшелігін талдаңыз.
5. Музейдің білім беру қызметінің ерекшелігі қандай?

ӘДЕБИЕТ:

1. Greene, J.P., Kisida, B., and Bowen, D.H. (2014). The Educational Value of Field Trips: Taking students to an art museum improves critical thinking skills, and more. *Education Next*, 14(1), 78-86.
2. Музей тарихы / [Электронды ресурс] / URL: <https://azretsultan.kz/muzej-tarihy/>.
3. Шляхтина Л.М. Музейная педагогика: учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург: СПбГИК, 2021. – 60 с.
4. Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб. пособие. – М.: Высш. шк., 2004 – 216 с.
5. Юхневич М.Ю. Я поведу тебя в музей: Учеб. пособие по музейной педагогике. – М., 2001. – 224 с.
6. Культура в Республике Казахстан (2024г.) / [Электронды ресурс] / URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-culture/publications/341121/>.
7. Өсеров Т. Түркістан маңындағы қола дәуірінің археологиялық ескерткіштері [Электронды ресурс] / URL: <https://azretsultan.kz/t-rkistan-ma-ynda-y-ola-d-uirini-arheologiyaly-eskertkishteri/>.

8. Егеубаева Ә. Музей қорындағы балбал тастар [Электронды ресурс] / URL: <https://azretsultan.kz/muzej-orynda-y-balbal-tastar/>.

9. Қазақстан тарихы (Орта ғасырлар). Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева. – Алматы: Мектеп, 2018. – 184 б.

10. Бакина Н.С., Жанақова Н.Т. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 240 б.

11. Қазақстан тарихы (XVIII-XIX ғғ.). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / Т. Омарбеков, Г. Хабижанова, Т. Қартаева, М. Ноғайбаева. – Алматы: Мектеп, 2018. – 192 б.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 5		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қола дәуірінің кезеңделуі мен мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау 5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттау 5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау		
Сабақтың мақсаты:		- Түркістан өңірінде табылған қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерімен таныстыру; - қола дәуірі адамдарының тұрмыс-тіршілігін зерттеуде археологиялық ескерткіштердің маңызын түсіндіру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- оқушы археологиялық ескерткіштердің маңызын түсінеді; - қола дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне сапаттама береді; - «қола», «археологиялық ескерткіш», «қорым», «қыш ыдыстар», «қола бұйымдар» сынды анықтамаларды дұрыс қолдана біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Кіріспе. «Ассоциация» әдісін қолдану. Оқушыларға археологиялық экспонаттарды көрсету. Оқушылардың алдын ала білімдерін анықтау және сабаққа қызығушылығын туғызу үшін сұрақтар қою. Сұрақ: «Бұл заттың атауы қандай?», «Бұл заттардан қандай мәлімет алуға болады?». Бүгінгі сабақта: - қола дәуірінің кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білеміз; - қола дәуірінің қоныстарымен танысамыз; - қола дәуірінің ескерткіштерін білеміз.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут).	Оқушылар мұғалімді тыңдап,	Мұғалім оқушылар	Тақырыптық суреттер.

	Тапсырма. Мұғалімді мұқият тыңдап сұраққа жауап беріңіз. Сұрақ. Қола дәуірінің ерекшеліктерін атаңыз. Тапсырма. 1) Берілген ақпараттарды сәйкестендір. <table><tr><td>1. Ерте қола кезеңі</td><td></td></tr><tr><td>2. Орта қола кезеңі</td><td></td></tr><tr><td>3. Кейінгі қола кезеңі</td><td></td></tr></table> а) Алакөл кезеңі; ә) Замараев кезеңі; б) Федоров кезеңі. 2) Қола дәуірі қонысының сызбасын толтыр. 3) Артық затты анықта. Тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топқа археологиялық жәдігер мен сұрақтар беріледі. 1. Бұл не зат? 2. Қандай материалдан жасалған? 3. Не үшін қолданылған? 4. Адамдардың тұрмыс-тіршілігі туралы қандай ақпарат береді?	1. Ерте қола кезеңі		2. Орта қола кезеңі		3. Кейінгі қола кезеңі		берілген тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - қола дәуірінің кезеңдері мен ерекшеліктері туралы біледі; - қола дәуірінің қоныстарын атайды; - қола дәуірінің тұрмыстық бұйымдарын атайды; - қола дәуірі адамдарының тұрмысын сипаттай алады.	жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
1. Ерте қола кезеңі										
2. Орта қола кезеңі										
3. Кейінгі қола кезеңі										
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1. Қола дәуірінің ерекшелігін анықтадық; 2. Археологиялық жәдігерлерге сүйеніп қола дәуірі адамдарының тұрмыс-тіршілігімен таныстық.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау							
Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды							

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Х ғасыр – ХІІІ ғасырдың басындағы Қазақстан		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Түркілік тас қашау, бейнелеу және көзешілік өнері Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау.		
Сабақтың мақсаты:		- Түркістан өңірінде табылған түркі дәуірінің археологиялық ескерткіштерімен таныстыру; - түркі дәуірі адамдарының тұрмыс-тіршілігін зерттеуде археологиялық ескерткіштердің маңызын түсіндіру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- оқушы археологиялық ескерткіштердің маңызын түсінеді; - түркі дәуіріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне сапаттама береді; - «балбал», «петроглиф», «бәдіз», «көзеші», «құлпытас», «асадал» сынды анықтамаларды дұрыс қолдана біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Кіріспе. Бүгінгі сабақта: - тас қашау және бейнелеу өнерлерінің ескерткіштерімен танысамыз; - «петроглиф» және «балбал» ұғымдарына анықтама береміз; - көзешілік өнермен танысамыз. Оқушыларды сабаққа қызығушылығын туғызу үшін сұрақтар қою. Сұрақ: «Ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін білу үшін олар бізге қандай деректер қалдырып кетті?».	Оқушылар өз ойларын ортаға салады.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
Жаңа білім	Мұғалім тас қашай және бейнелеу өнері туралы түсіндіреді. (15 минут).	Оқушылар мұғалімді тыңдап, берілген	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият	Тақырыптық суреттер. Музей

	Тапсырма. Назарларыңызға ұсынылған балбал тастар мен петроглифтердің Сіз үшін ерекше белгілерін атап өтіңіз. Неге ол белгілер Сіз үшін ерекше? Мұғалім көзешілік өнер және тұрмыстық бұйымдар жасау туралы түсіндіреді. (15 минут). Тапсырма. Түркілік кезеңнің ою-өрнектерін қолдана отырып тұрмыстық заттардың суретін салыңыз. Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - тас қашау және бейнелеу өнерлерінің ескерткіштері туралы біледі; - «петроглиф» және «балбал» ұғымдарына анықтама бере алады; - түркі дәуірінің көзешілік өнері мен тұрмыстық бұйымдарының үлгілерін сипаттай алады.	тындап кері байланыс беріп отырады.	жәдігерлері.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) тас қашау және бейнелеу өнерлерінің ескерткіштерімен таныстық; 2) «петроглиф» және «балбал» ұғымдарына анықтама бердік; 3) көзешілік өнермен таныстық.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері байланыс	- Мен барлығын түсіндім, тапсырмаларды орындадым; - Мен орташа түсіндім, тапсырмаларды орындауда қиналдым; - Ешнәрсе түсінбедім, тапсырмаларды орындауда ... қиналдым.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ортағасырлық қала сәулеті Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау.		
Сабақтың мақсаты:		- Ескі Түркістан қаласының мысалында ортағасырлық қала құрылымымен таныстыру; - ортағасырлық қала құрылыстарымен таныстыру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- оқушы сәулет өнері және археологиялық ескерткіштердің маңызын түсінеді; - ортағасырлық қала құрылымына сапаттама береді; - «рабад», «цитадель», «қарахан дәуірі», «шахристан» сынды анықтамаларды дұрыс қолдана біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушыларға сабақтың Ескі Түркістан қаласы кешенінде өтетінін хабарлап, қызығушылығын туғызу үшін сұрақтар қою. Сұрақ: «Сіз көріп тұрған ескерткішті атаңыз».	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тарихи-мәдени ескерткіштер.
Жаңа білім	Мұғалім Ескі Түркістан қаласының мысалында ортағасырлық қала құрлымын таныстырады. (15-20 минут). Тапсырма. «Рабад», «цитадель», «қарахан дәуірі», «шахристан» анықтамаларын қолдана отырып, ортағасырлық қала туралы әңгімелеңіз. Тапсырма. «Қазынаны тап» квестінің тапсырмаларын орындаңыз.	Оқушылар мұғалімді тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - «рабад», «цитадель», «қарахан дәуірі», «шахристан» анықтамаларын біледі; - ортағасырлық қала құрылымын сипаттай алады.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тақырыптық суреттер. Тарихи-мәдени ескерткіштер.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) ортағасырлық қалалармен	Сабақтың тақырыбын	Өзін-өзі бағалау	

	таныстық; 2) ортағасырлық қала құрылымдарына анықтама бердік; 3) ортағасырлық Түркістан қаласының тарихымен таныстық.	қорытындылау		
Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		XIII-XV ғғ. көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктері Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау.		
Сабақтың мақсаты:		- ортағасырлық сәулет ескерткіштерімен таныстыру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- оқушы сәулет өнері және археологиялық ескерткіштердің маңызын түсінеді; - ортағасырлық сәулет өнері құрылыстарын ажырата біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушыларға сабақтың экскурсия түрінде өтетінін хабарлап, қызығушылығын туғызу үшін сұрақтар қою. Сұрақ: «Сіз көріп тұрған ескерткішті атаңыз».	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тарихи-мәдени ескерткіштер.
Жаңа білім	Мұғалім Қожа Ахмет Ясауи, Қылуат жер асты мешіті, Шығыс моншасы, Рабия Сұлтан бегім кесенелерімен таныстырады. Тапсырма. «Қазынаны тап» квестінің тапсырмаларын орындаңыз.	Оқушылар мұғалімді тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - ортағасырлық сәулет ескерткіштерін біледі; - ортағасырлық сәулет ескерткіштерін сипаттай алады.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тарихи-мәдени ескерткіштер.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) ортағасырлық сәулет ескерткіштерімен таныстық; 2) ортағасырлық сәулет ескерткіштердің түрлеріне анықтама бердік.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі.	Тақырып	Оқушылар	

байланыс	Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	
----------	---	--	--	--

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Х ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қазақ жеріндегі ортағасырлық ғылымның дамуы: Қожа Ахмет Ясауи Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру.		
Сабақтың мақсаты:		- Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи еңбектерімен таныстыру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- оқушы Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи еңбектерін біледі; - Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен мұрасын біледі; - оқушы Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи мұраларының тарихи құндылығын түсінеді.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушыларға сабақтың Қожа Ахмет Ясауи музейінде экскурсия түрінде өтетінін хабарлау.			Қожа Ахмет Ясауи музейі.
Жаңа білім	Мұғалім Қожа Ахмет Ясауи музейінің экспозициясында сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Оқушылар «Қожа Ахмет Ясауи ізімен» танымдық квестінің тапсырмаларын орындайды.	Оқушылар квест тапсырмаларын орындайды. Дескриптор: - Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи еңбектерін біледі; - Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен мұрасын біледі; - оқушы Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи мұраларының тарихи құндылығын түсінеді.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Қожа Ахмет Ясауи музейі.

Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи еңбектерін білеміз; 2) Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен мұрасын таныдық; 3) Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Ясауи мұраларының тарихи құндылығын таныдық.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері байланыс	Не білдім? Не көрдім? Не түсіндім? Нені жетілдіруім керек?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Х ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ортағасырлық сәулет ескерткіштері Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түркі мәдениеті қандай үлес қосты? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау.		
Сабақтың мақсаты:		- ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің үлгілерімен көрсету; - ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің үлгілерімен таныстыру; - музей жәдігерлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийлері		- ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің үлгілерін біледі; - ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің түрлерін сипаттай алады; - «мұнара», «кесене», «мешіт», «мазар» сынды тірек сөздерді дұрыс қолдана біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. «Миға шабуыл» әдісін қолдану. Оқушыларға Сауранның тербелмелі мұнараларының макетін көрсету. Оқушылардың алдын ала білімдерін анықтау және сабаққа қызығушылығын туғызу үшін сұрақтар қою. Сұрақ: «Алдарыңызда тұрған мұнаралардың қызметі жөнінде пікір білдіріңіз».	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тарихи-мәдени ескерткіштің макеті.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Нақты мысал келтіре отырып «қарахан дәуірі» ескерткіштеріне сипиттама беріңіз. Тапсырма. «Басқатырғы» кроссвордты орындаңыз. Кроссвордты орындап, онда көк бояумен боялған торкөздерден жұмбақталған екі сөзді	Оқушылар мұғалімді тыңдап, берілген тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - ортағасырлық сәулет ескерткіштерін біледі; - «мұнара», «кесене», «мешіт», «мазар»	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Тақырыптық суреттер. Тарихи-мәдени ескерткіштің макеті.

	анықтап, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі XII ғ. салынған бөлмелерді атаңыз. Оларға қызметіне сипаттама беріңіз.	сөздеріне анықтама бере алады.		
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің үлгілерін біледі; 2) ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің түрлерін сипаттай алады; 3) «мұнара», «кесене», «мешіт», «мазар» сынды тірек сөздерді дұрыс қолдана біледі.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырлардағы дамуы		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Байырғы қазақ қоғамының саяси өміріндегі билік жүйесі Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды? 1-сабақ		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау.		
Сабақтың мақсаты:		- Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың қызметін түсіндіру; - хан, сұлтан, би, батыр қызметтерін сипаттау.		
Бағалау критерийлері		- оқушы Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың қызметін түсіндіре алады; - оқушы хан, сұлтан, би, батыр қызметтеріне анықтама береді.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушыларға Қ. Сейтбековтың «Хан көтеру» картинасын көрсетіп, сұрақ қою. Сұрақ. «Картинада орындалып жатқан дәстүрдің тарихи маңыздылығын ашыңыз».	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Қ. Сейтбековтың «Хан көтеру» картинасы.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топқа жәдігер мен сұрақтар беріледі. 1. Бұл не зат? 2. Қандай материалдан жасалған? 3. Не үшін қолданылған? 4. Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтар жөнінде қандай ақпарат береді?	Оқушылар тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың қызметін түсіндіре алады; - хан, сұлтан, би, батыр қызметтеріне анықтама береді.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Қасым ханның қайта қалпына келтірілген тағы, қазақ хандарының қайта қалпына келтірілген мөр жүзіктері, батыр киімі мен қаруының үлгілері.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтармен таныстық; 2) хан, сұлтан, би, батыр қызметтерінің ерекшеліктерін	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	

	білдік.			
Кері байланыс	Не білдім? Не көрдім? Не түсіндім? Негіз жетілдіруім керек?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		XVI-XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 6-7		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Қолөнер – дәстүрлі материалдық мәдениет мұрасы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау		
Сабақтың мақсаты:		- ұсталық өнер үлгілерімен таныстыру; - зергерлік өнер үлгілерімен таныстыру; - тоқымашылық өнер үлгілерімен таныстыру.		
Бағалау критерийлері		- оқушы қазақтың дәстүрлі материалдық мәдениетінің түрлерін біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушыларға қазақтың материалдық мәдениетінің үлгілерін көрсетіп, сұрақ қою. Сұрақ. «Назарларыңызға ұсынылған жәдігерлерді атаңыз».	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Топтық жұмыс. Әр топқа жәдігер мен сұрақтар беріледі. 1. Бұл не зат? 2. Қандай материалдан жасалған? 3. Не үшін қолданылған? Тапсырма. Берілген суретке қарап киіз үйдің құрылымдық бөліктерін атаңыз.	Оқушылар тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - қазақтың материалдық мәдениетінің түрлерін біледі; - киіз үйдің құрылымын сипаттай алады.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музейдің этнографиялық жәдігерлері.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) қазақтың материалдық мәдениетінің түрлерімен таныстық; 2) киіз үйдің құрылымын білеміз.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	

		өтеді.		
--	--	--------	--	--

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Қазақстан тарихы		
Бөлім:		XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 8		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Рухани мәдениет және отбасылық салт-дәстүр ерекшеліктері		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау.		
Сабақтың мақсаты:		- қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерінің ерекшелігімен таныстыру; - бесікке салу, бата беру, ат қою, құдайы қонақ дәстүрлерінің маңызын білу.		
Бағалау критерийлері		- оқушы қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерінің ерекшелігін біледі; - бесікке салу, бата беру, ат қою, құдайы қонақ дәстүрлерінің маңызын біледі.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушылардан есімдерін кім қойғанын және оның қандай мағына беретінін сұрау.	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Музей жәдігерлерін пайдалана отырып, «бесікке салу» дәстүрін көрсетіңіз. Тапсырма. «Үздік бата» сайысын өткізу.	Оқушылар тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерінің ерекшелігін біледі; - бесікке салу, бата беру, ат қою, құдайы қонақ дәстүрлерін біледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Музей жәдігерлері.
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлерінің ерекшелігімен таныстық; - бесікке салу, бата беру, ат қою, құдайы қонақ дәстүрлерімен таныстық.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	

Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	
---------------	--	--	---	--

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:				
Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 8				
Сабақтың тақырыбы:				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:				
Сабақтың мақсаты:				
Бағалау критерийлері				
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Оқушылардан ұлттық ойын түрлерін сұрау.	Оқушылардың берген жауаптары беріледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	«Этноауыл» кешені, асық, арқан, бес тас.
Жаңа білім	Мұғалім жаңа сабақты түсіндіреді. (15-20 минут). Тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар арасында асық ату ойынының «омпы» түрі өткізіледі. Омпы ойынына 2-10 балаға дейін қатыса алады. Арақашықтығы 10-20 адым (қалаулары бойынша) жерге екі көмбе сызылады. Әр бала көмбенің тең ортасына белгіленген сызық бойындағы көнге екі асықтан тігеді. Ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар көмбедегі сызық бойына кезекке тұрып, қолдарындағы сақаларымен көнге тігілген асықтарды атып түсірулері керек. Атып алған асықтары өздерінде қалады. Егер омпыға тигізсе, көндегі барлық асықтарды алады. Неғұрлым көп асық ұтып алған бала жеңіске жетеді. Тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар екі топқа бөлініп	Оқушылар тапсырмаларды орындайды. Дескриптор: - қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін біледі.	Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	«Этноауыл» кешені, асық, арқан, бес тас.

	«Арқан тартысады». Тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар өзара «Бес тас» ойнайды.			
Бекіту	Сабақты қорытындылау. 1) қазақ халқының ұлттық ойын түрлерімен таныстық.	Сабақтың тақырыбын қорытындылау	Өзін-өзі бағалау	
Кері байланыс	Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі. Қызыл түс – қиын болды. Сары түс – кей нәрселерді түсіндім. Жасыл түс – бәрі түсінікті.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтып өтеді.	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	



Сур. 1. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.



Сур. 2. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.



Сур. 3. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.



Сур. 4. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.



Сур. 5. «Жас экскурсовод» үйірмесінің мүшелері.



Сур. 6. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.